



АЛА ЖІПТІ АТТАМА

(кісі ақысы жайында)



Құдайберді Бағашар



УДК 28
ББК 86.38
Б 13

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған*

Құдайберді Бағашар, *дінтанушы*

Б 13 Ала жіпті аттама (кісі ақысы жайында) – Алматы;

“Көкжиек-Б” баспасы, 2012. – 216 бет.

ISBN 978-601-7271-49-7

Қазақ халқы ежелден-ақ ұрпағының сүйегіне таңба түсірмеуді ойлап, артынан ерген қарасын адалдыққа, ізгілікке баулып, «біреудің ала жібін аттама», «жетімді жылатпа», «біреудің ақысын жеме», «аманатқа қиянат жасама» деп құлағына құйып, «ардың ісіне» жауапкершілікпен қарауға бұйырған. Тұманы қалың жаһандану дәуірінде «Алтын әзәзіл – аздырар, адал еңбек – бойынды жаздырар» деген қағида ұмыт қалып, адамның табан ақы, маңдай терінің өтелмеуі, құқықтардың тапталуы, жемқорлықтың жібі үзілмеуі, қолдан келсе қоныштан басудың белең алуы кім-кімді болмасын толғандырары анық.

Ендеше, қолдарыңыздағы кітап елдің нанын емес, жұрттың қамын жеуге, Аллаһ алдындағы аманатымызды адал атқаруға үндейтін бірден-бір еңбек.

УДК 28
ББК 86.38

Аңдатпа

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзаттың ең бірінші байлығы өзінің жеке құқы болған. Қоғамның бір мүшесі ретінде барлық адам баласы өзінің осы дүниеде бегілі бір құқыққа ие, өмірден алатын өлшемді ақысы бар. Адам құқының қорғалуы бүгінгі күннің басты мәселесі десек қателеспеген болар едік.

Ислам дінін ұстанған еліміздің Конституциясы да «Қазақстан Республикасы өзін – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бас-талып, алдыменен адам құқының қорғалуына мән береді. Ендеше, қасиетті Құран жолын өмірінің негізі етіп, Ата заңына бағынатын иманды азаматтар қоғамымызда кісі ақысының аяққа тапталуына жол бермеуі тиіс. Бүгінгі таңда елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлық пен қалтаны қалыңдатар парақорлыққа қарсы мемлекеттік дәрежеде күрес жүргізіліп жатқаны баршамызға аян. Бұл өз кезегінде мұсылманмын деген адамға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Адам құқығын қорғауда бұрын-соңды Ислам дініндегідей кешенді жүйе өмірге келген емес. Осы орайда қоғамда әділдіктің орнауына Ислам дінінің қосар үлесі орасан зор.

Бұл еңбекті шығарудағы мақсат – жұрт арасындағы кісі ақысының қорғалуына назар аудартып, Исламның бұл тақырыпқа қатысты әмірлерінен халықты хабардар ету. Жаһандануға қадам басқан жалпақ жұрттың тамырын дөп басатын бұл кітаптың маңыздылығы жоғары десек, артық айтпағандығымыз болар. Өйткені адам баласы Ислам діні негізінде тура жолға түседі. Небір қоғам індетін тек Құран ақиқаты ғана түп-тамырымен жоя алады. Адам баласы жаратушы Иемізден имене отырып қана ақыретке кісі ақысын арқалап барудың алдын алады.

Шыны керек, бүгінгі таңда елімізде мұндай еңбектер жоқтың қасы. Кітаптың маңыздылығы да сонда шығар. Еңбекті жазу барысында негізінен араб, түрік әдебиеттері пайдаланылған. Себебі жоғарыда айтқанымыздай бүгінге дейін дәл осы тақырыптар төңірегінде ана тілімізде ислами еңбектер жарыққа шыға қойған жоқ. Сол себепті мұсылман ғұламаларының бірнеше жылдар бұрын жазған еңбектерін қажетімізге жаратуды жөн көрдік. Кісі ақысы туралы кітапта жан-жақты талқыланатындықтан, «құқық» ұғымын Құран мен Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә салләм) нұсқауы бойынша белгіленген заңдар жүйесі негізінде адам баласына ортақ қарым-қатынаста, іс-әрекетінде сақталуға тиіс ортақ адамгершілік өлшемдер деп айтсақ қателеспейміз.

Діннің қоғамдағы бір қызметі – құндылықтарды жеткізуі. Дін тек қана Аллаға ғибадат ету мен мына дүниеде сауап жинау ғана емес. Діннің осы дүниелік пайдалары елдің кемел жарастығының сақталуы мен жаратылыстың парасатындай болған әділеттің орнауы. Адамдар арасын жарастыру, байлардың кедейлерге қарайласуы, ата-анаға қарсы шықпау, басшыға бағыну дегендер соның көрінісі. Кісі ақысына қатысты Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің бір шоғырының өзі байыбына бара білген кісі үшін заң ғылымы мен мораль, пәлсапа мен әлеуметтанудың том-том кітабына негіз боларлық құндылықтар.

Бүгінгі мұсылмандардың бет-бейнесі қандай болуы керек? Кітап осы сұраққа аят пен хадисті ұштастыра отырып дәлме-дәл жауап беруді мақсат тұтады. Кітаптың негізгі тұшымды ойы «мұсылман өзгелерге қолымен де, аузымен де зиян келтірмеген адам» деген хадиске саяды.

Баласын «ешкімнің ала жібін аттама» деп тәрбиелеген атам қазақ қай уақытта болмасын кісі ақысына үлкен мән берген. Қабан жыраудан бастап Құлтумаға дейін, Бұқар жыраудан

бастап кешегі Мәшһүр Жүсіп, Әбубәкір Кердеріұлы, Дулат Бабағайұлы мен Шортанбай Қанайұлына дейінгі қазақтың маңдайына біткен даналардың сөзінен имандылық пен адамгершіліктің нұры саулай ағып тұрғанын байқайсыз. Бұл да кітаптың тақырып аясын аша түскендей. Онымен қоса кітаптың тағы бір ерекшелігі, оқырманға ой салу үшін және аят пен хадисте айтылған ойдың өміршеңдігін ұқтыру мақсатында арасында шағын діни әңгімелердің көрініс табуы. Гибраты мол қиссалар кітаптың тұздығы іспетті.

Кітап кісі ақысы деп аталғанымен қамтылатын тақырыптары төмендегіше болып келеді. Тақырыпқа кірместен бұрын құқық деген ұғымға жан-жақты түсінік беріліп, Ислам тұрғысынан мәні айшықталады. Бұл тұста автор жалпы айтып кетпей Аллаһ тағаланың алдындағы міндеттер, мұсылман үмбетінің ақысы, аға-ана ақысы, шәкірт-ұстаз, жұмыскер-жұмыс беруші, дос-жаран, туған-туыс, көрші-көлем, ерлі-зайыптылардың ақылары, кедейлердің байлардағы ақылары, жетімнің ақысы деп бөліп-бөліп көрсеткен. Кітапты оқып отырған адам бейне бір мына өмірді тұнып тұрған жауапкершілік ретінде көреді. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) да әрқайсыларың қарамағындағылардан сұраласындар демеді ме? Автор осы хадиске сүйеніп құқық ұғымын тағы тарқата түседі. Мұсылманның мұсылмандағы ақысы деп қаламын жай ғана сүйкей салмай, мемлекет ақысының үлкендігін, парақорлықтың күнә екенін, халықтың көз жасына қалған адамның екі дүниеде де бақытты болмайтынын тағы да баяндай түседі. Дәл осы тақырыпшалар қазіргі қоғам үшін өте қажетті сабақ дер едік. Өйткені белгілі бір ұжымды басқару мен мемлекет тарапынан іс жүргізу біле-білген адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Тақырыптарды оқып отырған оқырман мансаптың жетістік емес, жауапкершілік, артықшылық емес, ауыртпалық екенін көреді. Алда-жалда шарифатқа томпақтау тиетін қадамға барса, тұтас халықтың ақысын арқалайтынын бағамдай түседі.

Кісі ақысының көп сақтала бермейтін бір жері сауда ісі. Автор бұл жерді де назардан тыс қалдырмаған. Саудадағы алдап-сулаудан бастап, пайыз, ұрлық, құмар ойын сынды мәселелерге қатысты аят-хадисті алдыңызға табақтай тартады. Кісі ақысы осылайша талданып келіп, жанама түрі де келтіріледі. Уәдеде тұру, қоршаған ортаға зиян келтірмеу, тіпті ысырап етпеу керек екені сөз болады.

Нағыз мұсылман қолындағы бар байлығы мен мүмкіндігін Аллаһтың бергені деп түсініп, оның ақысын береді. Оның ақысын беру дегеніміз – Аллаһтың разы болар ісіне қолданып, мұсылмандардың игілігіне ұсыну. Мұндай мысалдарды білімнің ақысы, жүрген жол мен тұрған жердің ақысы, уақыттың ақысы деп көрсетеді.

Кітапта адамзат ақысына қатысты тек тыйымдар ғана айтылып қоймай, кісі құқын бұзып алған жағдайда не істеу керек екені де аят-хадистерден алынып алдыңызға тартылған. Алдыменен кешірім сұрап, ол кісінің разылығын алу керек екені, тек онымен шектемей Аллаһқа тәубе ету керектігі сөз болады. Бұл жерде өзгеге ақысы кеткен адамның ақысын алуға құқылы болғанымен, шама келгенше кешіре білгені жөн дейді. Аллаһ тек кешірімді құлдарына кешірім етпек. Оның үстіне Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) мұсылман мұсылманға үш күннен артық кек сақтамайды дегені бар. Біреудің кемшін тұсын бетіне салық қылмай, шама келгенше көз жұма қараудың абзал екені айтылады.

Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы қарсаңында жарыққа шығып отырған бұл кітап тек руханиятымыздың ғана емес, ой еркіндігі салтанат құрған демократиялы қоғамымыздың да жетістігі деуге толық негіз бар.

Лайым дініміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

*Айтқан сөзге түспеген,
Жаман емей немене?
Сұрағанда бермеген
Сараң емей немене?
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене?
Іштегі сыр Аллаға мағлұм
Сыртындағы құлығы
Амал емей немене?!*

Бұқар жырау (1668-1781)

Кіріспе

Адамзат баласы жаралғалы бері пайда болған барлық дінде мына бес нәрсе қымбат саналған: әуелгісі – дін, екінші – ақыл, үшінші – ұрпақ, төртінші – жан, бесінші – мүлік. Адам баласының табиғатымен біте қайнасқан бұл құндылықтарды иләһи діндердің қай-қайсысы болмасын қорғауды басты міндет деп білген. Ендеше, ғасыр табалдырығында ел болып бесігімізді түзеп, етек-жеңімізді жинасақ деген жұрттың дариядай діннің суына шөліркегенде шөлін басып, бұйрат-бұйрат дөңдердей болған иләһи қағидаларды айналып өтуі мүмкін емес.

Діни сенім және ар-ождан бостандығы – адамдардың рухани қажеттілігін өтеуіне, өз сенімін таңдауына, оқып-үйрену мен ғұрыптық шараларды атқару құқықтарын іске асыру кепілдігіне ие. Жөні мен арнасын таба алмаған, сөз бостандығы тимеген, не мемлекеттік мүдде, не дін тұрғысынан діңгекті сенім ұстанбаған жұрттың ендігі жай-күйінен өзгеше үдеріс, ерекше толқыныс күту оғаш көрінетін сықылды. Сондықтан да, ақыл-ой, сөз еркіндігі адами құндылықтарды сақтауға, өз көзқарасын ашып айту құқықын қамтамасыз етуге бағытталған. Мұнымен не айтқымыз келеді? Дүрбелеңге толы дүниеде имандылыққа үйіріп, адамгершілік құндылықтарға жүгіндіретін, жанды жылытып, көкірек көзін ашатын ақиқаттың қайнар бұлағы Ислам әлеміне күллі жұртшылықтың аңсары ауа бастағаны анық көрінді. Себебі, азғындықтың арбауына түскен адамзат баласының иләһи ақиқатқа деген қажеттілігі күн санап біліне бастады. Сондықтан да, мына дүниеде хақ жолдан айнымас үшін неден арылып, неден қорынбақ жөн, нені ұстанып, нені мақсат тұтқан ләзім? Көкейде көксеген осы сұрақтардың жауабын қолыңыздағы кітаптан таба аласыз. Бұл еңбектің негізгі мазмұны кісі ақысы төңірегінде өрбиді. Бүгінгі таңда елімізде діни әдебиеттің қарасы молайып, азды-көпті еңбектер жарыққа шыққанымен, кісі ақысы турасында келелі еңбек жазыла қойған жоқ.

Алты бөлімнен тұратын бұл кітап құқық түрлері, кісі ақысының ислам дініндегі орны, қоғамдық ортадағы кісі ақысы, мұсылманның бір-біріндегі ақысы, сауда ісіндегі кісі ақысы турасындағы мағлұматтарды кеңінен қамтуда. Кітаптың мәлімет көзі араб, түрік әдебиеттерінен бастау алғанын, әсіресе кәдемізге жараған осы саладағы бірден-бір жүйелі еңбектердің Мұхаммед ибн Абдуссәламның «әл-Хуқуқ фил-Ислам» (Дарул-мәшайық, Талибия, 2008) еңбегі мен Ахмет Керем Севердің «Кул хаккы» (Ышық йайынлары, 2009) кітаптары болғанын тарапымыздан ескертіп өтпекпіз.

Исламның көкжиегінен шапағат күтетін көзі қарақты оқырмандардың Исламның мұрасына, Құранның құнарына ұмтылуы да осы орайда түсінікті талпыныс. Имандылыққа, кісі ақысын жемеуге, адам құқықтарын табан астында таптамауға шақыратын ақыл толғамы Исламмен астасқан бұл еңбек «мен мұсылманмын» деген әр жанның қолында жүрмегі ләзім.

Сонымен кітаптың әлқиссасы кісі ақысымен басталады дедік. Кісі ақысы дегеніміз –

адамзатқа ортақ, заңсыз қол сұғуға болмайтын мүліктік және мүліктік емес құндылықтар мен игіліктер және жеке тұлғаның басқа адамдар алдындағы міндеттерін белгілеуші өлшемі болып табылады.

Қалыптасқан қоғамда өмір сүретін әрбір жеке тұлғаның (индивидтердің) мүддесі, көзқарасына тән сұраныстары әр алуан өрбігендіктен, адамдар арасында пікір қайшылығының туындауы заңды. Осы орайда жеке тұлға қалыпты өмір сүру үшін өз мүддесін басқалардың көзқарасына орайластыруға мәжбүр. Міне, содан барып қоғам мүшелерінің ортақ өмір сүру ережесіне сәйкес құқықтары мен жауапкершілігі пайда болады.

«Бір-біріңнің малыңды нақақтан-нақақ жемендер. Сондай-ақ, адамдардың малының бір бөлігін негізсіз жейтіндеріңді біле тұра, билерге пара беруге ұмтылмаңдар» («Бақара» сүресі, 188-аят).

«Шынында адамдарға әділетсіздік қылып, жер жүзінде кесірлігімен шектен шыққандар жауапқа тартылуы лайық. Міне, солар үшін жантүршігерлік азап бар» («Шура» сүресі, 42-аят).

Тәйірі тоғышар пенде Жаббар Иенің осыншама бұйрықтарын біле тұра қасақана әрекеттерге баруы мүмкін. Алайда тіршіліктің ащысы мен тұщысын білетін, даналығын көзге тосып, маңдайына басып тұрған Ислам қағидаларын шынайы көңілге тоқыған мұсылман баласы кісі ақысына қырағы қарайтыны анық.

Жақсылыққа болысу («Мәида», 2-аят), Аллаһқа иман келтіру және ғибадат ету («Бақара», 21-аят), Аллаһқа, пайғамбарларға және басшыларға бағыну («Ниса», 59-аят), Аллаһқа берген сертті орындау («Нахл», 91-аят), жетімнің малын жемеу, әділдіктен айнымау, кісіге шамасы келетін істі ғана жүктеу, жақындарының емес, шындықтың сөзін сөйлеу («Әнғам», 152-аят) сынды қасиеттер адамзаттың еркіне берілгенмен, бұлар Аллаһтың адам баласынан күтетіні. Және де бұл адамзаттың мойнындағы Аллаһ тағаланың құқы болып табылады.

Хазірет Алидің (р.а.) айтуынша, діндес бауырларымызбен, сондай-ақ өзімізбен терезесі тең мұсылман еместермен де тату-тәтті өмір сүру, адамзатқа тән ортақ құқықтарға адал қарау кісі ақысына деген құрмет болып табылады. Кісінің Аллаһ алдындағы құқын орындауы мүліктік және жақсы амал мен ғибадат арқылы іске асады. Демек, мұсылманның ғибадаты мен іс-әрекеттері адамзаттың ортақ ақысы және Аллаһ алдында атқарылуы тиіс міндеті. Сондықтан кез келген пенде өмір сүру дағдысында аталған екі құқықты тіршіліктің басты қағидасы деп тануы шарт. Мұндайда:

Айтқан сөзге түспеген,

Жаман емей немене?

Сұрағанда бермеген,

Сараң емей немене?

Кісі ақысын көп жеген,

Арам емей немене?

Іштегі сыр Аллаһқа мағлұм,

Сыртындағы құлығы

Амал емей немене?! – деп үлкен жолдың үлкен сөзіндей болған Бұқар бабамыздың ғақлия жырлары ойға оралары сөзсіз. Әл-ауқат, байлық, тоқшылық жақсы шығар, дегенмен, жан бағу емес, ішіндегі «жанды» сақтау, рухани тұрғыдан жұтаңдыққа түспеу одан да қайырлы екенін ұмытпаған жөн. Бұрынғы заман қандай, қазіргі заман қандай? Жаһанданудың біз зерделеп үлгермеген заңдылықтары мен ережелері қаншама?! Сондықтан осындай күрделі кезеңде өзгенің арына қол сұғып, қол сұққанда да мол сұғып, жаһанды жалпағынан басым жүрсем

дейтін пасық пейілдің парқына жетпей, діни шарттарға келгенде табанымыздың жиі таятыны жасырын емес. Ендеше, осындай келеңсіздіктерден аулақ жүруге үндейтін, ұлттық нақышы айқын, дәйекті еңбектердің кешенді түрде кеңінен насихатталуы Ислам дінінің өркендеуіне қосылған үлес деп білеміз.

Бұл еңбек тікелей Аллаһ тағала мен пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тарапынан жеткізілген тыйымдар мен әмірлерден құралған. Аллаһ пен елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айқындаған заңдар жүйесі кісі ақысының ауқымын құрайды. Мүминге тән жауапкершілік пен өмір сүргісі келетін әркімнің бұл құқықтарға мұқияттылық танытқаны абзал.

Қысқасы, қазынасын ішіне бүккен Құран қағидаларымен басталып, ізгіліктің, мейірімділіктің, ибалықтың туын желбіретуді көксеген бұл еңбек қалың оқырман қауымның көңілінен шығады деген үміттеміз.

*Ұяттың иман қабы дер,
Имандыда ұят бар.
Көпшілікке жаққан жан,
Басына жаққан шырақ бар.
Фәни тұрмақ бақида,
Міне-тұғын пырақ бар.
Ешкімнің хақын жемеңдер,
Артында оның сұрақ бар.*

Қабан жырау (1733-1824)

I БӨЛІМ ҚҰҚЫҚ ТҮРЛЕРІ

Кісі ақысының Ислам дініндегі орны

Исламда адам құқықтарына баса мән берілген және адам құқықтарының сақталуына барынша жағдай жасалған. Аллаһ тағала Құран кәрімде былай дейді: **«Бір-біріңнің малыңды нақақтан-нақақ жемеңдер. Сондай-ақ, адамдардың малының бір бөлігін негізсіз жейтіндеріңді біле тұра, билерге пара беруге тырыспаңдар»** («Бақара» сүресі, 188-аят).

Келесі бір аятта: **«Уа, мүминдер, күмәнның көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәнның кейбірі күнә. Бір-біріңнің жасырғаныңды жария етпеңдер, біреуді біреу гайбаттамасын. Өлген туыстарыңның етін жегенді қалайсыңдар ма? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді»**, – делінген («Хужурат» сүресі, 12-аят).

Қалай болғанда да адамдардың құқығын аяқ асты етіп, оларды жәбірлегендер қиянатшылдар санатына жатқызылған. Құран кәрімнің көптеген аяттарында мұндай кесапаттардан сақтандырып, оларды жан түршігерлік азап күтетінін жеткізген: **«Шынында адамдарға әділетсіздік қылып жер жүзінде кесірілігімен шектен шыққандарға жауапқа тартылуы лайық. Міне, солар үшін жан түршігерлік азап бар»** («Шура» сүресі, 42-аят), **«Қиянатшылдардың орны қандай нашар!»** («Әли Имран» сүресі; 151-аят), **«Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ»** («Мәида» сүресі, 72-аят), **«Естеріңде болсын! Аллаһтың қарғысы залымдарға төнеді»** («Худ» сүресі, 18-аят).

Пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) те бұл туралы: **«Бір-біріңді күндемеңдер,**

алушыларды дауластырмаңдар, бір-біріңді жеккөріп алакөзденіп сырт айналмаңдар. Біреудің саудасының үстіне сауда жасап бұзбаңдар. Дін жолында тату-тәтті бауыр болыңдар. Мұсылман мұсылманға бауыр. Кісі бауырына қиянат жасамайды, жек көрмейді, қажет болған жағдайда қол ұшын береді және оны кемсітіп қорламайды», – дей отырып, үш қайтара жүрегін нұсқап: «Тақуалық міне, мұнда. Кісіге мұсылман бауырын кемсіткені күнә ретінде жеткілікті. Мұсылман үшін әрбір мұсылманның қаны, малы және ары харам және қасиетті аманат іспетті»[1], – деген еді..

«Мұсылманның мұсылман бауырына жасар бес түрлі ізет-міндеті бар. Олар: амандасқанда сәлемін алу, түшкіргенде Аллаһ тағаланың рақымын тілеу, шақырғанда бару, науқастанғанда көңіл-күйін сұрау және жаназасына қатысу»[2].

Әбу Хұрайрадан жеткен риуаятта Аллаһ елшісі (саллаллауу алейһи уә сәлләм): «Мұфлистің кім екенін білесіңдер ме?» – деп сұраған екен. Сахабалар: «Уа, Аллаһтың елшісі, ол бар дүние-мүлкінен айрылған пенде ғой», – деген кезде, Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): «Үмбетімнің арасындағы ең пақырының кім екенін айтайын, ол қиямет күні намазы, оразасы және зекетімен қоса ананы тілдегені, мынаған жала жапқаны, біреудің малын жегені, біреудің қанын мойнына жүктегені, біреуді ұрып-соққаны тағы бар, көп-көп күнә арқалап келген адам. Сонда ол істегенін мойнымен көтереді, сауаптары зардап шеккендерге таратылады. Ал сауабы жетпесе, әлгілердің күнәларын арқалап тозаққа лақтырылатын болады»[3], – деген.

Тағы бірде: «Қиямет күні кісі ақысы өз иелеріне қайтарылады. Керек десең, сүзеген қойдан мүйізі жоқ тоқал қойдың есесі алынады»[4], – деп ескертті.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) дүниеден озарының алдында мешітке келіп сахабаларын жинап, бұйымтайын айтты: «Уа, ағайын! Мен енді орталарыңда көп жүрмеймін. Мінекей, кімге қолым тиген болса, арқам дайын, келсін де мені қамшымен ұрсын. Кімнің мал-мүлкін жеген болсам, келсін де менен қарымтасын алсын. Кімнің арына, абыройына тіл тигізсем, келсін де мені тілдеп өшін алсын. Мен дұшпандық қылады-ау деп тартынбасын. Әсілі, мен үшін осы күндердегі құрметті адам менен ақысын талап еткен, не болмаса, мені кешірген кісі болмақ. Сонда көңілім тыныш, алаңсыз Раббымның құзырына баратын боламын».

Тындап тұрғандардың біреуі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Сенде үш дирхам алашағым бар еді», – дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) оған не үшін қарыз болғанын сұрайды. Әлгі кісі: «Есіңде жоқ па, бір қайыршыға сен «бер» деген соң үш дирхам беріп едім ғой», – деді. Аллаһ елшісі немере інісі Фазылдан әлгі адамға үш дирхамды қайтаруын сұрады. Фазыл ақшаны төледі[5]. Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) кісі ақысына деген ұқыптылығын осылай көрсеткен.

Үмбетіне әрдайым тура жолды сілтеген Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): «Әсілі, мен үшін құрметті кісі мендегі ақысын талап еткен, не болмаса кешірген адам болмақ», – дей отырып, бізге сүйіспеншіліктің сарабдал сырын ашады. Олай болса, ешкім де жақсы көрген адамнан ақы даулағаным жарамас деп ойламауға тиіс. Ана дүниеде кісі ақысына еш бей-жай қалмайтын Құдірет иесінің барын ұмытпай, нақ жаны ашыса жақсы көрген адамынан ақысын тіршілікте сұрағаны абзал. Әйтпесе, ақырет күні сол жақсы көрген адамын өзіне кіріптар қылары анық.

Ақысын сұрағанның еш айыбы жоқ, ақысын даулағандарды айыптаудың да жөні жоқ. Азын-аулақ өткенін сұрағанды «Қарашы, болмашы тиын-тебенді ұмытпайды екен» деп кемсітпеу керек. Өйткені, кісі ақысы қашан да ақы болып қала береді, оның азы-көбі, үлкені-кішісі болмайды.

Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бірде жейдесінен күлімсі иіс шыққан Сәуад есімді біреуді таяғымен түртіп, үстіндегіні шешуді сұрағаны бар еді. Ол бұған шамданып есе қайтармақ

болады. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) да сөзге келмей оған жонын тосқан. Мінекей, болмашы жайттың өзінде үлгі-өнеге көрсетуден жалықпаған Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) іс-әрекеті біз үшін қараңғы түнде адастырмай жол бастар темірқазық секілді.

Көріп отырғанымыздай, Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) кісі ақысына асқан ыждағаттылықпен қараған. Көпшіліктің мазасын алатын болмашы нәрсеге мән беріп, үмбетін әбігерлікке салатын жайттардың алдын алған. Ол тіпті көпшілік ортасына сарымсақ, пияз жеп шықпауды да талап етіп, жамағатқа қолайсыздық тудыруға тыйым салған.

Бір хадисте: *«Аллаһ ақысы ретінде махшар алаңында әуелі намаз сұралатын болады. Кісі ақысы ретінде әуелгі сұрақ қан төккен адамға қойылады»*, – делінген. Бұл хадистен кісі ақысын бұзушылықтың ең үлкені адам өлтіру, мұның Аллаһтың назарында аса ауыр қылмыс екенін аңғарамыз.

Әбу Қатаданың (р.а.) риуаятында Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) сахабаларға ең игі жақсылықтың Аллаһ жолында күресу мен иман ету екенін айтады. Сонда біреу тұрып: *«Уа, Расулаллаһ, Аллаһ жолында соғысып жүріп өлсем, күнәларым кешіріле ме?»* – деп сұрайды. Расулаллаһ (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Майдан даласынан қаушпай, сауабын бір Аллаһтан күтіп, қолың дұшпанның жағасында жүріп өлсең, Аллаһ кісі ақысы мен қарыздарыңнан басқа бүкіл күнәларыңды кешіреді. Мұны маған Жәбірейіл айтты»* [6], – деп жауап қатады.

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) қажылық жасаушылар үшін *«Кімде-кім Аллаһ үшін қажылық жасап, бейәдеп сөз бен оспадар қылықтан, Аллаһқа асылық етуден сақтанса, құдды анасынан туғандай пәк болып қажылықтан оралады»* деген [7]. Ғалымдарымыз бұл хадиске «кісі ақысынан басқа» деген сілтемені қосуды ұмытпаған. Қажылықтың бір әдебі ретінде «сапарға шықпас бұрын кісі ақысынан арылып, кешірім алу» саналған. Қажылыққа аттанардан бұрын адамдардың ағайын-туыс, көрші-қолаңмен бақұлдасып жататыны содан болса керек.

Ислам ғалымдары жасалған күнәнің Аллаһқа асылық болып, кісі ақысына қатысы жоқ болса, мұндай күнәдан тәубеге келудің үш шарты барын айтқан. Олар:

- 1) Күнәнің зардабын жою;
- 2) Күнәні жасағанына пұшайман болу;
- 3) Күнәға қайта беттемеуге бекіну.

Ал жасалған күнә кісі ақысына қатысы болса, оны жоюдың шарты төртеу болмақ. Бұлардың үшеуі жоғарыда келтірілгендер болса, төртіншісі – кісі ақысынан арылу. Бұл күнә дүние-мүлікке қатысты өрбісе, тәубе еткен кісі келтірілген материалдық зиянның орнын толтырады. Адамға зина жасады деп жала жапқан болса, кесімді жазасын өтейді. Әлдекімді ғайбаттаған болса, ол кісіден кешірім сұрайды.

Құқық түрлері

Адамның жеке құқықтарына – өмір сүру құқығы, өз дүниесіне иелік ету құқығы және қадір-қасиеті мен ар-намысының қорғалуы жатады. Құран кәрімнің көптеген аяттарында адамның қадір-қасиеті мен абыройын құрметтеу керектігі айтылған. Мәселен, «Хужурат» сүресінде:

«Шын мәнінде мүминдер туыс. Сондықтан араздасқан бауырларыңның арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Мүмкін, игілікке бөленерсіңдер. Уа, мүминдер, бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді қараламаңдар, бір-біріңе жаман ат тақпаңдар. Иман келтіргеннен кейін пасық атану нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар. Уа, мүминдер, тым күмәншіл болудан сақтаныңдар. Кейбір орынсыз күмән нағыз күнә саналады. Бір-біріңнің кем-кетіктеріңді

тексермеңдер, біреуді біреу зайбаттамасын. Қайсың өлген туысыңның етін жегенді қалайсың? Әрине, оны жек көресіңдер. Олай болса, Аллаһтан қорқыңдар! Шынымен де Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді. Уа, адамдар, шүбәсіз сендерді бір еркек пен әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңді тану үшін сендерді ұлтқа, руға бөлдік. Аллаһтың алдында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз, Аллаһ бәрін толық білуші, әр нәрседен хабар алушы», – делінген (10-13 аяттар).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) да адамдардың жеке құқықтарын сақтауды бұйырған. Бұған қайшы келетін іс-әрекеттерді қатаң сынға алған, кісі ақысын аяқ асты еткен адамның жәбір көрушіден кешірім алмайынша жағдайы қиын болатынын айтқан. Мәселен, қоштасу құтпасында былай дейді: *«Уа, адамдар, сендердің өмірлерің, малдарың, ар-намыстарың Раббыларыңа қауышқанша бір-біріңе харам»*[\[8\]](#). Тағы бірде адамның абсолютті үш құқығы: өмір сүру, мүлікке меншік және кісілік келбетін сақтау құқықтары туралы айтқан[\[9\]](#).

Исламның дүние мен ақыретте адамды бақытты қылуды мұрат еткен әмірі, қоғам өмірінің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген. Құран бізге адамдардың бір-біріне құрмет көрсетуін, адал еңбекпен өмір сүруін уағыздайды. Ары таза адамға зина жасады деп орынсыз жала жабу, қадір-қасиетін мансұқ ететін басқа да жағымсыз нәрселерді кітабымыз қатаң сөгеді, оған тыйым салады.

Қазіргі коммуникацияның барынша дамыған шағында адамның жеке басын қаралау, беделін түсіру және басқа да диффамациялар үйреншікті әдетке айналып кеткендей. Бұл дегеніңіз – күнәнің үлкені. Мұны істеген адам неше жерден БАҚ арқылы кешірім сұрап, моральдық шығынды өтесе де, кісінің құқығына тиген нұқсанның орнын толтыра алмайды. Өйткені мейлі абайсызда, мейлі қасақана айтылған немесе жазылған жалған мәліметтер көпшілік қауымға сол адам жайында жағымсыз пікір қалыптастырады. «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халқымыз ғайбат сөздің соңында бықсыған бір шаланың сөнбей қалатыны анық екенін білген.

1. Өмір сүру құқығы

Адам үшін ең басты құндылық оның өмірі. Адам өміріне қол сұғу дінімізде үлкен күнә саналады. Құран кәрім: *«Кім бір мүминді әдейі өлтірсе, оның жазасы мәңгілік тозақ. Сондай-ақ, оған Аллаһтың ашуы тиіп, зор азап әзірленген»*, – дейді («Ниса» сүресі, 93-аят). Демек, адамның адамды өлтіруге қақысы жоқ. Және адам өзін-өзі өлімге қиюға да қақылы емес. Жанды берген Аллаһ тағала жанды қашан алуды да Өзі біледі. Осы туралы тағы бір аят былай дейді: *«Кімде-кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бұзақылық жасамаған жазықсыз адамды өлтірсе, күллі адамзаттың қанын төккендей болады. Сондай-ақ кім бір адамды өлім аузынан аман алып қалса, бүкіл адамзатты өлімнен құтқарғандай болады»* («Мәида» сүресі, 32-аят). Адам өлтірудің айуандық, тағылық екенін осыдан білеміз. Ал, күнделікті өмірімізде көріп жүрген бейкүнә сәбиді құрсағында тұншықтырудың, яғни жасанды түсік жасатудың зауалын бағамдауды өздеріңізге қалдырдық.

Тек кісі өлтіруді ғана емес, Ислам діні адамға қару кезеуді де дұрыс деп таппайды. Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген: *«Сендердің біреуің суық қаруын дін бауырына кеземесін. Өйткені, ол шайтанның қаруды қолынан шығарып жіберейін деп, аңдып тұрғанын білмейді. Сол себепті, жаһаннамның шұңқырына бір-ақ түседі»*[\[10\]](#).

Хадистің басқа бір нұсқасында былай делінген: *«Кімде-кім бауырына, ол бірге туған бауыры болса да қарулық темір кезесе, қолынан оны түсіргенше періштелер лағынет айтады»*[\[11\]](#).

Мұсылманның мұсылмандағы ақыларының бірі соғыс кезінде оған жақтасып жауына тойтарыс беру[12]. Мүминді ойнап болса да қорқытуға тыйым салынған. Ойынның арты неге апарып соғарын жоғарыда хадистен көрдік. Сондықтан, ойнап болса да адамға қару кезеуге болмайды. Жазым деген нәрсе барын ұмытпаған жөн.

Мұсылмандармен бейбіт күн кешкен басқа дін өкілдерінің өміріне де қол сұғуға болмайды[13]. Ал, соғыс өрті тұтанған кезде әйелдер мен балаларды, діни қызметкерлерді, бейбіт тұрғындарды, тіпті жаудың майдан даласын тастап қашқан сарбазы мен жаралылардың өміріне қауіп туындатуға болмайтыны да кей жерлерде жазылған[14]. Сондай-ақ, адамның өз өміріне де құрметпен қарауға тиіс екені, өз-өзіне қол жұмсауға тыйым салынғаны да көпшілік білетін дүние. Арнайы тапсырылған кісі өлтіруді кәсіп қылу, қарақшылық топ ұйымдастырудың харам екені айтпаса да түсінікті.

2. Адамның қадір-қасиеті мен ар-намысының қорғалуы

Адамның қадір-қасиеті мен ар-намысының қорғалуы оның негізгі абсолютті құқықтарына жатады. Дініміз адамдарға бір-бірінің ар-намысын, қадір-қасиетін, абырой-беделін құрметтеуді әмір еткен. Тілдеу, келемеждеу, балағаттау, ғайбаттау, әлдекімге жазықсыз жала жабу – дініміздің ахлақ ұғымына, яғни мұсылманның жүріп тұру дағдысына жат, қайшы қылықтар. Бұлардың тыйым салынған іс-әрекеттер екеніне көптеген аят және хадистер дәлел.

Адамның табиғатында өзін жоғары ұстау, жұртты өзінен төмен санауға алып келетін тәкаппарлық сезімі бар. Осы қасиет басқаның абыройын түсіруге, мазақ қылуға, мысқылдауға алып келеді. Ал бұл кісі ақысын аяқ асты ету деген сөз. Мұндай жағдайда қорланған адамның жан дүниесінде не болып жатқаны Аллаһқа аян. Психологтардың айтуынша, мұндайда адам психикасында кері ауытқушылық орын алады, жаны күйзеледі, сары уайымға салынады. Сондықтан, кісі кемшілігін көрсек, кекетуге дайын тұрғанымыз жақсылық емес. Байқаусызда мұндай шалыс қадам жасасақ, тез арада әлгі адамнан көпшіліктің көзінше кешірім сұрауымыз керек. Тек осылай еткенде ғана, кісі ақысы өтелетінін ұмытпаған абзал.

3. Жеке өмірдің құпиялылығы

Адамдардың бір-бірінен күмәнданудан, кем-кетігін іздеп, айыбын ақтаруға дайын тұратын сұғанақ мінездерден тыятын[15], үйге тек рұқсат алып, сәлем бере кіруді әмір ететін аяттар[16] мен хадистер[17] адамның жеке өміріне қол сұғуға болмайтынын көрсетеді. Сөзі сыпайы, мінезі биязы Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) адамдарды сыртынан өсектеп, жеке өмірін жария етуді қатты сынға алған және Аллаһ тағаланың ондай адамдарды қиямет күні қор қылатынын ескерткен[18].

Біреудің алдына бару үшін әрі кеткенде үш мәрте рұқсат сұрау керектігін айтқан Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) мұсылманның мұсылмандағы маңызды ақыларының бірі қарсы тараптың мақұлдауынан тыс оның жеке өміріне килікпеу екенін үмбетіне шегелеп тапсырған[19].

Қазіргі таңда адамдардың жеке өмірінен хабар беретін мәліметтерге еркін қол жеткізуге болады. Теледидар, ғаламтор және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шімірікпей жеке бас құқығына нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату көптеп кездеседі. Мұны жариялылық деп қабылдаудың жөні жоқ. Өйткені, бұл жоғарыда айтылған оңбаған қылықтың нақ өзі. Жай қызығушылық пен мұндай деректерге көз жүгірту де ол адам туралы жаман ойдың қалыптасуына, ол туралы дақпырттың қаулауына себепші болары анық. Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм): «Ғайбат айтылған жерде тұрмаңдар, ғайбатты тыйыңдар» деуі бекер болмаса керек.

4. Дін мен ар-ұждан бостандығы

Сенім мен иман адам баласының басты байлығы. Адам дінге сенсе де, сенбесе де өз еркінде. Бұл тұрғыда ешбір шек қойылмаған. Біз бұл жолдарда дін және ар-ұждан бостандығы деп, Құдайға құлшылық ету, діни жоралғыларды орындау бостандығын сөз етіп отырмыз.

Ислам тарихына көз жүгіртсек, мүминдердің ар-ұждан бостандығы жолында арпалысқан күрестің өте көп екенін көреміз. Алысқа бармай-ақ қояйық, күні кеше Кеңестің құдайсыз саясаты күшіне мініп тұрғанда, ата-әжелеріміздің тығылып намаз оқығанын бәріміз білеміз. Дінді апиын деп түсіндіріп, момын елдің құлшылық қылу құқығын шектеген коммунистік идеология Аллаһтың хақ жолын ұстанған алаш арыстарын ескіліктің қалдығы, халықтың жауы деп абақтыға тоғытты.

Исламның алғашқы кезіндегі мұсылмандарға жасалған зорлық-зомбылықтың адам төзгісіз болғаны соншалық, олар ел-жұртын тастап, әуелі екі мәрте құрлық асып Эфиопияға көшсе, одан кейін Мәдина қаласына қоныс аударды. Исламға қарсы осындай нәрселер туралы айтылған аяттардың бірінде мұсылмандарға қысым көрсетушілердің: **«Бұл Құранға құлақ асқандар (Құран оқығанда) шуылдасып кедергі жасаңдар. Бәлкім сонда (Мұхаммедке қарсы күресте) жеңіске жетерсіңдер»** деп нұсқау бергені айтылады («Фуссиләт» сүресі, 26-аят), **9 («Хаж» сүресі, 72-аят).**

Адамдардың ар-ұждан бостандығын шектеп, олардың көңілі қалаған діндерін ұстатпай жапа шектіргендерді Құран кәрімнің жүздеген аяттары сынға алған[20]. Құран кітабымызда діни ұстанымға қарсы тұру туралы айта келе, әлсіз адамдар өздеріне әлімжеттік жасағандарға, ар-ұждан бостандығын шектеп, шындықты қабылдауына кедергі келтіргендер мен ақыретте ұшырасқанда **«Сендер болмасаңдар, иман келтіретін едік»** дейтінін айтады («Сәбә» сүресі, 31-аят).

Исламға қарсы күрес жүргізгендерді шенеген дініміз өз кезегінде адамдарды иман келтіруге шақырғанда күштеуге, қысым көрсетуге тыйым салған. Құранда Аллаһ тағала **«дінде зорлық жоқ»** деп анық айтқан («Бақара» сүресі, 256-аят). Көптеген аяттарда Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) міндеті тек дінді тәблиғ ету[21] екені, оның адамзатты сүйіншілеуші және ескертуші екені және ешкімді күштеп мәжбүрлеуге өкілетінің жоқтығы баяндалған[22].

Ислам қылыштың күшімен тарады деу үлкен қателік. Өйткені, Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): **«Насихат ет, негізінен сен насихатшысың, оларды мәжбүрлеуші емессің»**, – деп бұйырған («Ғашия» сүресі, 21-22 аяттар) Құран тағы бірде: **«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз Раббың тура жол тапқандарды да жақсы біледі»**, – деген («Нахл» сүресі, 125-аят). Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм), қала берді сахабалардың, игі жақсы мұсылмандардың бұл қағиданы берік ұстанғандары анық.

Адамдардың ар-ұждан бостандығын шектеу Исламдық моральға жат қылық. Құранның **«Уа, иман еткендер! Аллаһ үшін қолдарыңнан келгенше туралықты ұстаныңдар, куәгерлік еткенде қара қылды қақ жарғандай әділ болыңдар. Қандай да бір қауымға деген өшпенділіктерің (немесе олардың сендерге деген өшпенділігі) сендерді әділетсіздік жасауға итермелемесін. Әркез әділ болыңдар, тақуалыққа ең жақыны сол»** деген аяты Исламның басқа құқықтармен қоса сенім, ар-ұждан бостандығына қысым көрсетуді құп көрмейтінін көрсетеді («Мәида» сүресі, 8-аят).

Адамның жеке құқықтары жоғарыда айтылғандармен шектелмейді. Ел ішінде еркін жүріп-тұру, өз қалауына сай мекен-жай таңдау, басқа елге қоныс аудару және өз еліне қайтып оралу, өзін-өзі қорғау құқықтары және сөз бостандығы, сайлау, заң алдындағы теңдік секілді саяси

құқықтары, меншік құқығы, еңбек, денсаулық сақтау және дәрігерлік көмек алу, білім алу секілді әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктерді де кісі құқығының қатарына кіреді.

Дәстүрлі ислами еңбектерде адам құқығы бірнеше түрге жіктелген.

1. Толығымен Аллаһ ақысына жататын нәрселер.

Бұған намаз, ораза, зекет, садақа, бітімге келу (бітімге келу Ислам мемлекетінің мұсылман емес азаматтарымен мүліктік және басқа да қатынастарынан тұрады) және соғыс жағдайларын қоса алғанда жихад және қажылық жоралғысы енеді.

2. Толығымен кісі ақысы саналатын нәрселер.

Кісі ақысының өзі төртке бөлінеді:

а) Некеге тұру және некені бұзу;

ә) Азаматтық және сауда қатынастары;

б) Түрлі дәрежедегі қылмыстар;

в) Мұрагерлік;

3. Үшір секілді Аллаһ алдында да, адамдар арасында да жауапты нәрселер^[23].

Осы арада Ислам құқықтанушысы Абдулкерим Зейданның құқық анықтамасы мен жалпы кісі ақысын жіктеуге қатысты зерттеуін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз. Бұлар:

а) Хұққуллаһ

Сөзбе-сөз мағынасы Аллаһ тағаланың құқығы болып табылады. Аллаһ құқын құрайтын элементтердің басында оған түбегейлі иман келтіру және ширктен сақтану тұрады.

Бұл құқықтардың Аллаһ құқы деліну себебі, Жаратушы тәңірдің осы құқықтарды иемденіп адамзатты жаратқаны, не болмаса игілігін жүзеге асырғаны үшін емес, бұл амал тек Аллаһ тағала үшін орындалатын ізет болғандықтан. Өйткені, иман тек Аллаһқа арналады, намаз да тек Аллаһтың разылығына жету үшін оқылады, қажылыққа да сол үшін сапар шегеміз.

Ораза, зекет секілді бірқатар Аллаһ алдындағы ғибадаттардың кісі ақысына қатысты тұсы бар болса да, оларды бұл топта қарастыра алмаймыз. Бұл ғибадаттар Аллаһ тағала үшін атқарылғандықтан, құлшылық барысында жіберген қателіктері адамға кісі ақысын емес, күнә арқалатады.

Аллаһ ақысына атүсті қарағанымыздың есесін тек шынайы тәубе арқылы ғана қайтара аламыз. Аят пен хадистерде баяндалғандай, мұндай адам тәубеге келмей өлсе де, Аллаһ тағала оны өз қалауымен рақымына бөлеуі мүмкін. Алайда, кісі ақысына байланысты болмашы қателікке бой алдырған адам көңілін қалдырған кісінің ризашылығын алмайынша кешірілмейді.

Аллаһ құқын құрайтын міндеттерді жүзеге асыру тек белгілі бір адамдарға ғана емес, бүкіл адамзатқа, қала берді күллі жаратылысқа пайда әкеледі. Аллаһ ақысы болып табылатын ғибадат атаулы адамды рухани кемелденуге жетелейді. Кісі құлшылығын мүлтіксіз атқарса, тақуалығы артады, мінез-құлқы жақсарады. Ал мұндай адамның адамзат пен тіршілік атаулыға берері мол.

Аллаһ құқығына мұқият қараған адам Аллаһтың мұратын білетін адам десек қателеспейміз. Жаратушыдан қорыққан жан жаратылыстың ақысын аяқ асты етпейді. Бүкіл ғаламды жаратып, адамзатты олардың ең ардақтысы қылған Жаратушы иеміз адам баласына кітаптар мен пайғамбарлар жіберген. Кітабында кісі ақысына мұқият қарауды тапсырған. Аллаһ құқына ден қойған адамның ниеті түзу, көңілі риясыз болса, қоғам өмірінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін Аллаһ бекіткен тәртіпке бағынады. Әйтпесе, сырт көзге Аллаһ құқына ыждағатты бола тұра, кісі ақысына немкетті қараған адамның ықыласының шынайылығына күмәндануға толық негіз бар.

ә) Хұққул-ибад (кісі ақысы)

Бұл категорияда белгілі бір адамның немесе топтың құқын қорғайтын: құн төлеу, қарыз

қайтару, қолды болған мүлікті иесіне тапсыру секілді істерді қарастырамыз.

Бұлар мүліктік сипаттағы кісі ақысына қатысты жіктеулер. Бұлардан басқа кісі ақысына жататын мүліктік емес сипаттағы құқықтар да бар. Ата-ананың, ерлі-зайыптылардың, перзентінің ата-анасы алдындағы қамқорлығы, тәрбиесі секілді сан алуан құқықтар, сондай-ақ, көршілер арасындағы, байдың кедей алдындағы, жұмыс беруші мен жұмысшының арасы, билік пен халық арасындағы қатынастар мүминдердің өзара құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Мүліктік сипаттағы құқық бұзылғанда, жәбір көрген адам құзіретті органдарға жүгініп, өз құқығын қорғай алады және ақысын талап етіп, төлеттіре алады. Әділет механизмі дұрыс жолға қойылған ортада мұндай олықылыққа жол берілмейді де. Құқық бұзушылық орын алған жағдайда арызданушы жауапкер тұлғадан шыққан шығынды өндіріп алады, сондай-ақ жауапкер теріс қылығы үшін қоғам алдында бақ-беделден жұрдай болуы да мүмкін.

Ал мүліктік емес сипаттағы құқықтарды сақтау бұдан гөрі күрделірек. Кісінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе беделін түсіретін өсек-аяң, жала жабу, қорлау секілді әдепсіз қылықтардан адамзат бойын аулақ ұстағаны абзал. Өйткені, мұндай құқық бұзушылықты жасау тіптен оңай, бар болғаны буынсыз тілдің тізгінін ағыту жеткілікті. Сондықтан, мүліктік емес, яғни моральдық зиянның орнын толтыру қиынның қиыны. Ақылға салып бағамдасаңыз, ар-намыс пен қадір-қасиеттің ақшалай баламасы болуы мүмкін бе? Мұндай қылыққа барған адамның ақырет күні құдайдың құзырында салы суға кетері күмәнсіз.

Мүліктік, яки мүліктік емес сипаттағы құқық бұзушылық орын алған жағдайда жасалатын екі амал бар. Алғашқысы – құқық иесінің құқығын қалпына келтіре отырып одан ғапу өтіну, ризашылығын алу, екінші – Аллаһ тағалаға тәубе ету. Аллаһ тағала қалаған құлының ширктен басқа кез келген күнәсін жарылқайтынын айтса да («Ниса», 116-аят), адам мен адам арасындағы кісі ақысын шешуді өздеріне қалдырды.

б) Аллаһ құқы мен кісі ақысы қатар келген жағдайдағы әділ шешім.

Мұндай жағдай көбіне ақиқат пен жалғандықтың ара-жігі ашылмаған кезде орын алады. Айталық, кінәсіз адамға «зина жасады» деп жала жапқанға жаза тағайындау құқы. Бұл бір тұрғыдан алғанда жазықсызды көпе-көрнеу қаралау, ел ішінде бұзақылық пен бейбастақтықтың етек алуына себеп болғандықтан, Аллаһ құқы ретінде танылады, екінші жақтан жекелеген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін мансұқ ету болғандықтан, кісі ақысына жатады. Бірақ та, Аллаһ құқы кісі ақысынан басым түсіп жатқандықтан, жәбірленушінің жауапты адамды жазадан босатуға өкілеттігі жоқ.

в) Екі құқық қатар келгенде кісі ақысы басым түсетін жағдай.

Әлем елдерінің түкпір-түкпірінде қасақана кісі өлтірген адамға өлім жазасын кесу заңы бар. Бұл бір жақтан ең жоғарғы құндылық деңгейіндегі адам өмірін сақтауға және қоғамда тәртіп пен тыныштық орнатуға бағытталғаны үшін Аллаһ құқы болып табылса, екінші жақтан көз жұмған адамның туыстарының ашу-ызасы мен өштестік сезімін тудырғаны үшін жеке кісі ақысы деп те есептеледі. Дәм-тұзы таусылған кісінің отбасы мен туған-туыстарының мүддесіне басымдық берілгендіктен, бұл қоғамдық тұрғыдағы есе қайтару кісі ақысы саналған. Осыған орай, құқықты жүзеге асыру немесе асырмау еркі, яғни кісі өлтіргенді жазалау, не болмаса кешіру еркі өлген кісінің туыстарының шешіміне қалдырылған[24].

Жоғарыдағыларға қоса Аллаһ тағаланың, елшісі Мұхаммедтің (саллаллау алейһи уә сәлләм) және басқа барлық тараптардың құқығын қамтитын да құқықтар бар. Мәселен, азанда Аллаһ тағаланың құқы тәкбір айту және оның бір екеніне куәлік білдірумен, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллау алейһи уә сәлләм) ақысы оның пайғамбарлығына куәлік білдірумен айқындалады. Басқа құлдардың міндеті оларға намаз уақытының кіргенін хабар беру және жамағатқа қосылуға шақыру болса

керек.

г) Аллаһтың құлдарындағы ақылары

Аллаһтың құлдарындағы ақылары мыналар:

- Аллаһқа иман келтіру. Бұл Аллаһтың бар екеніне, тұтас ғаламды жаратушы бір ғана өзі екеніне сену;
- Күнә жасағанда тәубеге келу;
- Намаз, зекет, ораза және қажылық секілді парыздарды орындау;
- Жақсылық жасауға ұмтылу, игілікті істер жасауда жарысу. Аллаһтың разылығына бөлену үшін еңбек ету, талмай іздену;
- Таршылыққа төзіммен қарап, барға да, жоққа да сабыр ету;
- Бізді барлық сәтте Аллаһ тағаланың көріп тұрғанын және Оның үнемі жанымызда екенін жүрекпен сезіне білу;
- Тақуалық жолында іздену;
- Тәуекел ету, Аллаһ тағалаға сүйену, Оған сенім арту;
- Дінде дұрыс бағыт-бағдар ұстану;
- Аллаһты құлай сүю және бұл үшін қажеттінің бәрін орындау. Ол үшін пайғамбарымыз Мұхаммедтен (саллаллау алейһи уә сәлләм) үлгі-өнеге алу;
- Хауф пен ража, не болмаса Аллаһтан қорқу мен үміттену. Бұл Аллаһтың азабына ұшырамайтынына нық сенімде болмау және оның разылығына бөлену үшін үнемі талаптану болып табылады[25].

ғ) Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллау алейһи уә сәлләм) үмбетіндегі ақылары

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллау алейһи уә сәлләм) үмбетіндегі ақылары мыналар:

- Аллаһ елшісіне иман келтіру;
- Оны құлай сүю;
- Пайғамбарлығын мойындап, әмірлеріне құлақ асу;
- Аллаһ елшісіне салауат және сәлем айту;
- Аллаһ елшісі айтпағанды айтты деп жалған мәлімет бермеу;
- Аллаһ елшісін тілдемеу, оның жеке басын және хадистерін келемеждемеу;
- Діни білім іздену;
- Сахабаларын жақсы көру;
- Жанұясын және жақын туыстарын жақсы көру;
- Дін насихатын төрткүл дүниеге жеткізу[26].

Әңгіме!

Әділ би

Бір кісі далада жол жағалап келе жатып, жайылып жүрген бір топ түйеге ұшырайды. Өзіне жол ашпақ үшін қолындағы таяғын түйелерге таман лақтырып жібергені сол екен, таяғы құрғыр ұшып барып, бір түйенің көзін шығарады. Түйеші жолаушыдан түйенің көз құнын даулайды. Бұл бәледен құтылайын деп түйенің көзін ұрып шығарған адам тұра қашып, биік бір жардың кемеріне секіріп түседі. Сол уақытта жар астында көлеңкеде бір қарт кісі ұйықтап жатқан екен. Қашқын секіріп түскен салмағымен бейшара қартты басып өлтіреді. Мұны сол маңда жүрген қарттың баласы көріп қалады.

Жолаушы қашады. Мұны түйеші мен қарттың баласы қуып келеді. Сорлы қашқын бір дарияның жиегіне келіп жетсе, қайықшы тұр екен. Сасқанынан қайықшыға «мені дарияның ар

жағына шығарып сал, бір ширек ет берейін» дейді. Қайықшы қашқынды құрғаққа өткізеді. Бірақ қашқында қайықшыға беретін ет жоқ еді. Не қыларын білмей дағдарады. Қайықшы болса қашқынды жағасынан алып жібермейді. Сөйтіп тұрғанда кейінгі екі даугер келіп жетеді. Даугер енді үшеу болады: біреуі түйенің көзін, екіншісі атасының құнын, үшіншісі қайық пұлын сұрайды. Қашқын не қыларын білмей қатты сасады.

Қайықшы қашқынға:

– Егер төлеуге етің болмаса, аяғыңның балтыр етін кесіп бересің! – деп дікендейді.

Бұлар қанша дауласса да келісе алмайды. Ақырында сол маңдағы бір данышпан биге барып жүгінуге тура келеді.

Би алдымен түйешіге айтады:

– Әй, балам! Бір түйені мен анадай жерге тұрғызайын, сен қолыңа таяқ алып, сол түйенің көзіне дәл тигізсең, түйенің көзі түгіл, бүтін түйенің өзін үкім қылайын. Тигізе алмасаң, өзін жазалы боласың.

Бұл сөздерді естіген соң, түйеші ойға қалып дауынан бас тартып кетіп қалады.

Би енді қарттың баласына айтады:

– Шырағым, мен осы адамды (қашқынды) жардың астына жатқызып қояйын. Сен жарға шығып, үстіне секіріп түс. Егер бар салмағыңмен қашқынды өлтірсең, өзім-ақ саған әкеңнің құнын төлейін. Бірақ өлтіре алмасаң, өзің өлесің.

Бұл сөздерді естігенде қарттың ұлының зәресі ұшып, құн даулаудан қашады.

Ал енді жалғыз-ақ қайықшы қалды. Данышпан қайықшыға айтады:

– Мынау адамның балтырынан бір ширек ет кесіп ал. Бірақ, бір ширектен бір мысқал артық та, кем де болмасын. Егер артық не кем болса, өз обалың өзіңе, басыңды аламын.

Мұны естіп қайықшы да қашады.

Билер пара жемеңдер,

Жалғанды жолдас демендер.

Ақырет қамын іздеңдер,

Жалған бетті кезбеңдер.

Кісі ақысын алмаңдар,

Ауызға харам салмаңдар.

Дүние жиып өткен жоқ,

Бізден бұрынғы өткен пайғамбар.

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)

II БӨЛІМ

КІСІ АҚЫСЫНЫҢ КӨП ҚЫРЛЫЛЫҒЫ

Кісі ақысының көп қырлылығы

Бұл тарауда барша адамзатқа ортақ міндеттерді сөз қыламыз. Бұл құқықтар ата-ана мен бала, жұмыс беруші мен жұмыскер, сатушы мен сатып алушы секілді тараптардың өзара қарым-қатынас нормасы сөз болады. Мәселен, жол ережесін сақтау – көлік жүргізушінің міндеті. Жүргізуші бұл нормаларды сақтамаса, көпшілікке белгілі бір мөлшерде зиян тигізеді. Оны естен шығарып, өз дегенін жасаса, адам өміріне, денсаулығына қауіп төндіреді. Ал, бұл өз кезегінде кісі ақысын бұзу болып табылады.

Сондай-ақ, осы тарауда баланы бағып-қағу, тәрбиелеу жолындағы ата-ана міндеттері,

перзентінің ата-анасы алдындағы парызы кеңінен қарастырылады. Ерлі-зайыптылардың отбасындағы өзара жауапкершілігі, сауда ісінде адалдықтың сақталуы және жалпы еңбек саласында сақталуы тиіс кісі ақысы тарқатылып айтылатын болады.

1. Ата-ана мен баланың ақысы

а) Ата-ананың ақысы

Ата-ананың ақысы өз алдына үлкен тақырып. Перзенттің ата-анасы алдындағы жауапкершілігі Аллаһтың парыз еткен ғибадаттарынан кейін тұратыны баршамызға белгілі. Бұған жүрдім-бардым қараған адамдардың дүние мен ақыретте тыныштық таппайтыны Құран аяттары мен хадистерден белгілі.

Қартайып қайғы ойлаған, бала-шағасының тілеуін тілегеннен басқа ойы жоқ ақсақал-кейуаналарымызды қарттар үйіне апарып тоғыта салу, қазіргі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Көнелердің көзінде болған керегі қарттар үйінің жайлы төсегі мен жылы-жұмсақ асы емес, бала-шағасының арасында отырып, солардың қызығын көру болса керек.

Бойындағы жастық қуаты түгесіліп, өмір базарынан өз еншісін тауысқан әрбір қарияның арманы бейнетінің зейнетін көріп, ұл-қызының ортасында кәрілік жасын құрметпен өткізу. Қарттар үйінің терезесінен тысқа телміріп, немерелерімнің дауысын қашан естимін деп елең-алаң күй кешуі қай қарттың болмасын жанына түскен жазылмас жарасы. Осындай қауқарсыз шағында баласының өзін өмірге әкелген екеуге кезінде өзіне өбектегендей етіп қарау, оларға пана болу Аллаһ тағаланың мұсылмандарға берген әмірі. Кезінде өзін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірген, мейірлене бауырына басқан ата-анасының белі бүгілген күнінде керексіз тастап, қарақан басының қамымен алысып, әке мен шешені бағуды ауырсыну адамгершілікке жатпайды.

Тақырыпқа қатысты аят пен хадистерден ұққанымыз Аллаһ тағалаға серік қоспай, ата-ана, ағайын-туған, жетімдерге қарайласа білу, адамзаттың асылына бұйырылған абыройлы іс. Раббымыз ата-анаға жақсылық жасауды, шашы ағарып, жанары солғанда аялап қарауды, оларға ешқандай кейіс білдірмеуді әмір етеді. Уақытында оқылған намаздан кейінгі қайырлы амал ата-ананың қолын жылы суға малып күту. Қартайған ата-анасының қарғысына қалған жан жаннаттың есігінен сығалай да алмайтынын, қарайласатын ешкімі жоқ қарттарды бағып қағудың жиһадтан анағұрлым берекелі екенін, мүшрік болса да ата-анаға бағыну керек екенін, үйленіп тұрмыс құрғанда ата-ананың сөзін тыңдау керек екенін хадистерден оқып білген едік.

Ата-ананың ақысын, яғни перзенттің ата-анасы алдындағы міндеттерін қысқаша төмендегідей санамалауға болады:

- Баласы ата-анасының нәпақасын, керек-жарағын тауып беру;
- Ата-анасын сыйлап, олардың атын атамай, бірге жүргенде алдына шықпай, артынан ілесіп жүру[27];
- Ата-ананың рұқсатынсыз сапарға шықпау;
- Ата-анаға дауыс көтермеу, қабақ шытпау[28];
- Жасаған жақсылығын бұлдамау;
- Қайтыс болса дұға ету, олар үшін Аллаһтан кешірім сұрау, солардың атынан садақа беру. Өсиетін орындап жиі-жиі қабірлерін зиярат ету[29];
- Перзент әке малының бақташысы. Әкемнің дүниесі деп қолда барды шашып-төуге құқысы жоқ. Олай еткен болса, Аллаһқа есебін береді.

Перзенттің ата-ана алдындағы жауапкершілігі мен міндеттерін сөз қылатын аяттар легі мынадай:

«Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Оған серік қоспаңдар. Және әке-шешеге, туыстарға,

жетімдерге, міскіндерге, алыс-жақын көршіге, жолда серік болғанға, жолда қалғандарға және қол астындағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен Аллаһ тәкаппарды, мақтанишақты жақсы көрмейді» («Ниса» сүресі, 36-аят).

«Адам баласына әке-шешесіне жақсылық қылуды нұсқадық...» («Әнкабут» сүресі, 8-ят)

«Раббың тек қана өзіне ғана ғибадат етуді, әке-шешеге жақсылық қылуды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де қолдарыңда қартайса, оларға «тұһ» деп те айтпа (кейіс білдірме.) Сондай-ақ, ол екеуіне зекіме, әрдайым оларға сыпайы сөз сөйле. Екеуіне кішірейіп мейірім құшағын жайып: «Раббым, ол екеуі мені кішкентайымда мәпелеп тәрбиелегеніндей, Сен де оларды мейіріміңе бөлей гөр!» – де» («Исра» сүресі, 23-24 аяттар).

«Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Анасы оған әлсіздік үстіне әлсіздікпен жүкті болады, екі жылда баласын ақ сүтімен нәрлендіреді. Маған және әке-шешеге шүкір ет. Қайтар орның мен жақ» («Лұқман» сүресі, 14-аят).

«Адам баласына әке-шешесіне жақсылық істеуді нұсқадық. Өйткені, шешесі оны қиындықпен көтеріп, жарық дүниеге мехнатпен әкеледі. Оған жүкті болу, омыраудан айыру отыз ай...» («Ахқаф» сүресі, 15-аят).

Перзенттің ата-ана алдындағы міндеттері туралы біршама хадистер келтіре кетейік. Абдуллаһ ибн Мәсғуд (р.а.) айтады:

«Бірде Аллаһ елшісін (саллаллау алейһи уә сәлләм) әңгімеге тартып:

- Аллаһтың ең ұнатқан амалы қайсы? – дедім.
- Уақытыңда оқылған намаз, – деп жауап берді.
- Сосын қайсы ғибадат бағалы? – деп сұрадым.
- Анаға және әкеге жақсылық жасау және бағыну, – деді.
- Содан кейінгі ең құнды құлшылық не? – дедім.
- Аллаһ жолындағы жиһад, – деді ол»[\[30\]](#).

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай дейді: *«Ешқандай перзент әкесінің ақысын ақтай алмайды. Тек, әкесі біреудің есігіндегі құлы болса, оның басына азаттық әперген жағдайда ғана біршама өтелгендей болады»*[\[31\]](#).

Тағы бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Әке – жаннаттың ортаңғы қақпасы. Қаласаң оны тәрк ет, қаласаң сақта»*, – деген[\[32\]](#).

Анаға құрмет жайлы айтылған мына хадис те көпшілікке мәлім. Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта бір кісі келіп:

– Уа, Аллаһтың елшісі, кімге жақсылық жасайын? – деп сұрады. Аллаһтың елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм):

- Анаға, – деді.
- Содан соң кімге? – деп сұрады.
- Анаға, – деген жауап алды.
- Содан соң кімге? – деп және қайталағанда:
- Анаға, – деді.
- Содан соң кімге? – деп сұрады. Бұл жолы Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) оған:
- Әкеге, – деп жауап қатты[\[33\]](#).

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен тағы бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Әке-шешесі бола тұра оларды күтіп, сауапқа кенеле алмаған немесе олардың біреуі қолында қартайғанда разылығына ие болмай жаннаттан құр қалған жанның жағдайы қандай өкінішті»*, – деген[\[34\]](#).

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (р.а.) былай дейді: *«Бір кісі Пайғамбарымызға (саллаллау алейһи уә сәлләм)*

келіп:

– Хижратпен өзге аймаққа қоныс аударуға және жиһад жасауға келісе отырып, саған сеніммен ант етемін. Бұлардың сауабын Аллаһтан күтемін, – деді. Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм):

– Әке-шешенің көзі тірі ме? – деп сұрады.

– Екеуінің де көзі тірі, – деді.

– Аллаһтан сауап алуды тілейсің ғой, солай емес пе?

– Иә, – дегенде Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм):

– Әке-шешенің қасына бар. Оларға жақсылап қара, – деді»[35].

Бес уақыт намазыңды жинамасаң, Ораза ұстап жаныңды қинамасаң. Алланың кешірмейтін бір күнәсі – Ата менен анаңды сыйламасаң, – деген Орманбай ақын да хадистерде айтылған ойды шегелеп, ата-ананы сыйлауға шақырған.

б) Перзенттің ақылары

Ата-ананың перзенті алдындағы жауапкершілігі мен міндетіне келсек, олар мыналар:

– Жаңа туған нәрестеге шүкіршілік ретінде ақиқа құрбанын шалу;

– Мағыналы жақсы есім қою;

– Адал сүт емізу және сүндетке отырғызу да ата-ананың мойынындағы парыздары;

– Сәбидің тілі шыққанда тәухид кәлимасын үйрету шарт. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм):

«*Баланың ең әуелі үйренетін сөзі «лә иләһә иллаллаһ» болсын»* деген еді;

– Балаға Аллаһ пен елшісін (саллаллау алейһи уә сәлләм) танытып, Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) өмірбаянын және дінін үйрету[36];

– Балиғатқа толғанда намаз оқыту, ораза ұстату, жасы жеткенде төсегін бөлек салып беру.

– Құран кәрімді үйрету;

– Баланы көркем мінез-құлықпен тәрбиелеу;

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «*Ешбір ата-ана баласына аса жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеуден асқан мирас қалдыра алмайды»*, – деген.

– Жақсы-жақсы сөздер айтып тәрбиелеу. Тәбә-и табиғин дәуірінің бетке ұстар ғалымы Абдуллаһ ибн Мүбәракқа біреу келіп, балаларының бірінен қатты көңілі қалғанын айтады. Сонда Абдуллаһ ибн Мүбәрак одан: «Балаларыңды қарғап-сілеп пе едің?» – деп сұрайды. «Иә» дейді әлгі кісі. Сонда ғалым: «Ендеше, ешкімге кінә артатын жөнің жоқ. Балаларды бұзған өзің екенсің», – дейді.

– Әлдене үлестіргенде, не болмаса сыйлағанда алаламау. Нұғман ибн Баширдің (р.а.) айтуынша, әкесі оны Аллаһ елшісінің (саллаллау алейһи уә сәлләм) құзырына апарып:

– Мен иелігімдегі құлымды осы балама ұсындым, – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм):

– Бұған атағаныңдай басқа балаларыңды сый-сияпаттан құр қалдырмаған шығарсың? – деп сұрайды.

– Жок, олай етпедім, – деді Башир (р.а.).

– Онда мына мұранды қайтып ал! – дейді Пайғамбарымыз.

Хадистің басқа бір нұсқасында «Расулаллаһ (саллаллау алейһи уә сәлләм): «*Аллаһтан қорқыңдар, балалардың арасында әділетті болыңдар»* деген еді. Содан соң әкем сөзінен бас тартып маған арнаған күтушіні қайтып алды» дейді Нұғман[37].

Шынымен де, бөліп-жару балалар арасында бақталастық пен қызғаныш сезімдерін оятады. Ата-анаға деген көңілдері де суи бастайды. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бір шаңырақ астындағы барлық балаға теңдей қарауды, оларды барлық жағдайда да алаламауды талап еткен.

– Баланың ойнауына жағдай жасау; Ересектер әдетте баланың ойынына мән бермейді.

Жыламаса болды, аш құлақтан тыныш құлақ дейді. Өз аяғымен жүріп-тұра алатын балаға ойынның маңызы зор. Бала ойын арқылы физикалық және рухани тұрғыдан жетіледі.

– Баланың қолынан келмейтін істі талап етпеу;

– Балаға мейіріммен қарау, ұсақ-түйек кемшіліктерін кешіру; Абдуллаһ ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шөл даланы мекендейтін бір топ бәдәуи келіп: «Сендер балаларыңды еркелетіп, сүйесіңдер ме?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «иә» деді. «Аллаһқа ант етейік, біз балаларымызды мейірлене бауырымызға баспадық», – деді бәдәуилер. Сонда Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Аллаһ тағала жүректеріңді мейірім сезімінен құр қалдырса, менің қолымнан не келеді?» – деп жауап берді [38].

– Уақыты келгенде тәрбиелі, діндар жанмен үйлендіру; Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбетіне болашақ жардың сұлулығына, тегіне, байлығына және діндарлығына қарау дұрыстығын, ал бұлардың ішінде ең абзалы діндарлығына қарап үйлену екенін айтқан.

Кісі ақыларының ішінде жауапкершілігі ең көбі балалардың құқығы, ата-ананың бала алдындағы міндеті. Оның ішінде бала тәрбиесі. Баланы тәрбиелеу үшін көйлегінің көктігі, тамағының тоқтығы, уайымының жоқтығы жетеді десеніз, қателесесіз. Етегінен өргізген балаларының алдындағы ата-ананың жауапкершілігі мұнымен шектелмейді. Баланы адамгершілікпен қанағаттандырып, имандылыққа баулу, жақсы тәрбие беру басты ұстаным. Ұрпақ өнегесіне жеткілікті көңіл бөлмеген, не болмаса селқос қараған ересектер өздерін ғана емес, отбасыларын да зиянға ұшырататынын Құранда Аллаһ тағала ашық айтады: **«Сендер Аллаһтан өзге қалағандарыңа табыныңдар. Расында зиянға ұшырап зардап шеккендер қиямет күні өздерін де, отбасыларын да зиянға ұшырататындар (яғни өздері адасып, жақындарын да адастырғандар). Міне, осы анық кесәпатқа ұшырағандық»** («Зүмәр» сүресі, 15-аят).

Осы арада отбасы мүшелеріне тікелей қатысты мұрагерлік құқығының маңызды мәселелерімен кейбір ережелеріне тоқталғанды жөн көрдік. Исламның заңдарына сәйкес мұрагерлік өлшемдерінде көрер жарығы түгесіліп, жиған-тергені артында қалған кісінің мұрасының берілу тәртібі мейлінше әділ жүргізіледі. Солай бола тұра, қазіргі зайырлы мемлекеттілік қоғамда ашықтан-ашық орын алған әділетсіз заң нормалары, мирасты қарпып қалу, бірге туған бауырлары мен жақын туыстарының ақысын жеу секілді оқиғалардың күннен-күнге көбейіп, жайыла беруі бүйірімізден сүңгі сұққандай қынжылтып қоятыны жасырын емес.

Дінімізде әйел мен бала, мүмкіндігі шектеулі жұмысшы секілді қоғамның қорғансыз мүшелерінің құқықтары заңмен барынша қорғалғанымен, оларға зорлық-зомбылық жасау, ақысын аяқ асты ету фактілері айылын жимай отыр. Ер кісілердің жұмысты сылтауратып ата-анасын бағып, күтуден жалтаруы, соған қарамастан өз жолын әлдеқашан тапқан ұл балалар мұрадан артық үлес алуға ұмтылуы жиілегенін көрген сайын, жағамызды ұстаймыз. Бұл Ислам бекіткен әділеттіліктің негіздеріне қайшы келеді. Сондықтан, Исламның мүлікті мұраға қалдыру не болмаса мұраға ие болу тәртібі сынды т.б. мәселелерді жалпы көпшілікке түсіндіру жұмыстарының жүргізілгені абзал. Зайырлы мемлекет жағдайында мұрагерлік мәселесінде Ислам талаптарының сақталуы екіталай болса да, өресі озық, саналы мұсылманның мұны ескере жүретініне сенгіміз келеді.

2. Көрші ақысы

Дінімізде көршілік қарым-қатынас адамға туыстық ақы секілді, тіпті одан да артық міндеттер жүктейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген: **«Көршінің ақысы олардың ынтымағы мен байланысының дәрежесіне орай үш сатыдан тұрады. Үш ақысы да түгел**

көршілер – әрі мұсылман, әрі тегі жақын (туыс) саналатындар. Бұлардың көршілік, Ислам және туыстық ақылары әрдайым өз күшінде. Екі ақысы бар көрші – мұсылман көрші. Оның көршілік және мұсылмандық ақысын орындау шарт. Бір ғана ақысы бар көрші – діні жат көрші»[\[39\]](#).

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бірде: «Көрші ақысының не екенін білесіңдер ме? Көмек сұрағанда жәрдем жасауға тиіссің, демеуіңе мұқтаж болғанда аянбауың шарт. Қарыз сұраса бер, әл-ауқаты төмендесе, оның мойнындағы алашағыңды кешіргенің дұрыс. Ауырғанда халін біліп, отбасы қара жамылғанда жаназасына бар. Қуанышына ортақтасып бірге қуанып, тағдырдың тауқыметін тартып, өмірдің меңнатын кешіп жүрсе жұбату парызың. Көршінің рұқсатынсыз үйінді оның үйінен биік етіп салма. Ешқашан зорлық көрсетпе. Аздаған нәпақа тапсаң да, көршіні құр қалдырмай ауыз тигізгейсің, қолыңдағың үй ішіне жетер-жетпес болса, тапқаныңды көршіңе көрсетпе, бала-шағаң аулаға алып шықпасын. Себебі, көршінің баласы оны көріп қызығады. Ас дайындарда тамақтың иісін аңқытып көршінің аш құрсақ балаларына сездірме. Әйтпесе, көршіге де дәм татыратын бол.

Сендер көрші ақысының не екенін білесіңдер ме? Шыбын жанымды құдіретті уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, көрші ақысын тек Аллаһтың мейіріміне бөленген адамдар ғана толық орындай алады», – деген[\[40\]](#).

Шынайы өмірде біз туыс-тумаларды оқта-текте бір көрсек, көрші-қолаңмен күнде жүздесеміз. Сондықтан, іргемізге қатар қонғанның ақысына барынша ыждағатты болуымыз қажет.

Аллаһ тағала Құран кәрімде былай дейді: **«Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Оған серік қосушы болмаңдар. Және әке-шешеге, туыстарға, жетімдерге, пақыр-міскіндерге, алыс-жақын көршіге жол серік болғанға, жолда қалғандарға және қол астыңдағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен, Аллаһ тәкаппар, мақтанишақты жақсы көрмейді»** («Ниса» сүресі, 36-аят). Аятта бөгде көрші деп үйі шалғайдағы, не болмаса туыс емес және діні бөлек көрші айтылса, жақын көрші деп үйі жақын, не болмаса қаны мен діні бір туыс айтылған.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): **«Жәбірейіл маған көршіге жақсылық жасау туралы көп айтқаны соншалық, көршіні көршіге мұрагер қылады-ау деген ойлап қалдым»**, – деген еді[\[41\]](#). Бірде Әбу Зарға (р.а.): «Әбу Зар, ас қатығың болмаса, көже пісіргенде суын көбірек қылсаң да көршілеріңе дәм татыр», – деген болатын[\[42\]](#). Бір табақ көжеден көршінің қамын күйттеген Ислам жүйесінің әділ жолын ұғына білсек, қоғамымыз айтарлықтай гүлденер еді.

Өздеріңіз білетіндей, күні бүгін де қалалы жердегі көп қабатты үйлер бірінің үстіне бірі мінгесе соғылғандықтан, адамдар бір-біріне етене жақын өмір сүреді. Десек те, кірпіш пен тас қабырғалар адамды жұтып қойған тәрізді, біреуді біреу біліп болмайды. Мұндайда көршінің қамын ойлап, уайымын жейтіндер некен-саяқ. Ислам нұсқағандай көрші мен көршінің арасындағы ізгілік пен ынтымақтың тамырына әлдеқашан балта шабылғандай. Бір сөзбен айтқанда, біз осы жағдайды түзеп, тек Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм), Құранның нұсқауына орай көршілерді ойлап, оларға көмектесуіміз керек.

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бірде үш қайтара: «Уаллаһи, иман келтірген болмайды», – дейді. Сахабалар: «Кім иман келтірген болмайды? – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: «Зияны тимесе екен деп көршісінен сескенетін адам», – дейді[\[43\]](#). Басқа бір риуаятта «Көршісінен қауіптенетін адам жаннатқа кіре алмайды» деп айтылған[\[44\]](#).

Әбу Хұрайра (р.а.) риуаят еткен тағы бір хадисте Аллаһ елшісі (саллаллауу алейһи уә сәлләм) былай деген: **«Уа, мұсылман әйелдер, көрші тұрған ақ жаулықтылар бір-біріне сый-сияпат жасауды**

ескерсін. Бір-біріне қойдың сирағын ұсынып болса да, жоқшылықты сылтауратып, байланысты үзбесін»[45].

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) көршімен көршінің арасындағы татулықтың туын тұғырынан құлатпауды шаңырақтың отанасына тапсырған. Мұның себебі, әдетте қазан-ошақтың билігі әйел затының қолында болғандықтан болар.

Көршіңіз не берсе де қомсынбай ризалықпен ала біліңіз. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) Аллаһ үшін ұсынылған нәрсенің көлемі болмайтынын айтқан. Сондықтан, көршінің ақ ниетпен әкелген базарлығын риясыз көңіл хошымен қабыл алып, алғыс айту қажет.

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) «Үйінің өз ауласы жағындағы қабырғасына шеге қаққысы келген көршісінің қолын байламасын» деп өсиеттегенін айтады. Әбу Хұрайра (р.а.) хадисті жеткізген соң жанында отырғандарға: «Неге осы сүннетті орындауға күш салмайсындар? Уаллаһи, сендер жалғастырып әкеткенше өзім осы сүннетті орындауға тырысып бағамын», – деген екен[46].

Тағы да Әбу Хұрайра (р.а.) жеткізген бір хадисте: *«Аллаһ пен ақырет күніне сенген кісі көршісінің мазасын алмасын және қонағын разы қылсын. Аллаһ пен ақырет күнінің кәрінен қорыққан адам тым болмаса пайдалы кеңес берсін, не болмаса үндемесін»*, – делінген[47].

Бірде Айша анамыз (р.а.) «Екі қоңсымның қайсысына сый-сияпат берейін?» деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Есігі жақын тұрғанына бер», – деп жауап қатқан[48].

Абдуллаһ ибн Омардың мына бір сөзі тақырыпқа талғажау боларлық: «Қиямет күні қаншама көршілер шағым жасап: «Уа, Раббым, ол маған білгенін үйретуден қашты, есігін тарс жапты», – деп кейістік білдіреді». Бұл аталы сөз мүминнің басты тәблиғ (дінді баян ету. Автор.) міндетін еске салады. Дінді насихаттаудың талаптары Ислам құндылықтарын әркез әркімнің санасына құя білу, жүректерге иман нұрын ұялату секілді қасиетті де сауапты іске құрылған. Мүмин көрші-қолаң, құрбы-құрдас, әріптестеріне дін-иман тақырыбында білгендерін баяндап, оларға сөзімен де, өнегелі ісімен де үлгі болуға талпынуы тиіс. Әйтпесе, мақшар таңында өз көкейіне түйгенін өзгелерге үйретуге сараңдық танытқан білгірдің кебін киеді.

Абдуллаһ ибн Омардан (р.а.) жеткен хадис былай дейді: *«Аллаһ тағала жолдастың жақсысын жолдасына пайдасы тигені деп біледі. Сондай-ақ, Аллаһ тағала көршінің жақсысын көршісіне пайдасы тигені деп біледі»*[49].

Әлдекімнің тасы өрге домалап, басына бақыт құсы қонса, Аллаһтың берген бұл нығметіне көршінің де ортақ екенін төмендегі хадистен білеміз: «Бір кісі Пайғамбарымызға (саллаллау алейһи уә сәлләм) келіп өзінің киерге киім таппаған кедей екенін, жыртығына жамау сұрайтын ешкімі жоғын айтып мұңын шақты. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) одан көршісінің бар-жоғын сұрады. Ол көршісі бар екенін және оның қос жамылғысы барын айтады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Сенің жалаңаш жүргенінді біле тұра көйлегінің біреуін бермеді ме?» – деп сұрады. Әлгі адам: «Берген жоқ», – деп жауап қатты. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Ол сенің бауырың емес», – деп кесіп айтты»[50].

Абдуллаһ ибн Мәсғудқа (р.а.) біреу келіп: «Менің бір көршім бар. Үнемі мазамды алып балағаттайды, жолымнан қалдырады», – деп шағымданды. Сонда Абдуллаһ ибн Мәсғуд (р.а.) оған: «Бара ғой, ол сенің құқыңды бұзып, Аллаһқа асылық қылған болса, сен оның ақысына орай Аллаһқа тағат қылып, ақырын күт», – деп жауап берген екен. Демек, көршінің ақысы олармен тату-тәтті өмір сүру ғана емес, көрсеткен оғаш қылығына да төзе білу екен. Төзіп қана қоймай, жамандығына жақсылық жасау тіпті оңды амал.

Бір кісі Пайғамбарымызға (саллаллау алейһи уә сәлләм) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі, істеген ісімнің жақсылық немесе жамандық екенін қалай білемін?» – деген сұрақ қояды. Бұған Пайғамбарымыз

(саллаллау алейһи уә сәлләм): «Көршілерің саған жақсылық жасадың десе жақсылық, жамандық жасадың десе істегенің жамандық болады», – деп жауап берген екен[51].

Ибн Мукаффа анда-санда көрші үйдің көлеңкесінде саялап демалатын. Бірде сол көршісі қарыздарын өтеуге қаражат таппай, үйін сатпақ болады. Мұны естіген ибн Мукаффа: «Көршім жоқтық қысып үйін сатуға мәжбүр болса, көлеңкесінің қадірін білмегенім ғой» деп, көршісіне үйдің құнын беріп сатқызбай қойған екен.

Әбу Жәмре хазірет Хасанға (р.а.) таразыдан жейтін, ішімдік ішетін, әйелдермен жөн-жосықсыз көп сөйлесетін бейпіл ауыз көршісінің дүние салғанын айта келеді. Сонда хазірет Хасан: «Бар, мәйітін жуып, жаназасын шығар, намазын оқы. Себебі, бұл мұсылманның мұсылман алдындағы соңғы ақысы», – деген екен[52].

Баяғыда бір кісінің үйінде тышқанның іні көбейіп әлгі кісі қанша тырысса да тышқандардан құтыла алмай амалы құрыпты. Мысық ұстамайсың ба дегендерге: «Мысықты көрген тышқандар көршінің үйіне қаша ма деп қауіптенемін. Өзіме қаламаған нәрсені көршіме тілеп не қылайын», – дейді екен[53]. Рас, өзімізге тілегенді көршімізге де тілемейінше, кәміл иманға жеттік дей алмаймыз.

«Пәлен деген әйел күн ұзаққа ораза ұстайды, түні бойы құлшылық етеді. Бірақ, көршілеріне жәбір көрсетеді» дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Ол отта жанады», – деп өкініш білдірген екен. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздан (саллаллау алейһи уә сәлләм) тек парыз намаздарын оқып, парыз садақаны ғана берген, бірақ көршіге жұмсақтық танытқан әйелдің жайы сұралғанда, оның жаннатқа баратынын айтқан[54].

Тарих қатпарларына үнілсек, кеңестік сұрқай саясат бүлдіргенге дейін, қазақта ізін суытпай ғасырлар бойы жалғасын тауып келген көршілік дәстүр былайша суреттелген:

«Кезінде халқымыздың терең мәнді, келісті, әдемі салт-дәстүрі бар еді. Көршілер күнде ертемен бір-бірінің тықырын естіп, төбесін көрісімен, дауыстап сәлемдесіп, қол берісіп амандасатын еді. Кешқұрым да күндізгі шаруаларын жайғастырған соң, үлкендер ауыл сыртында бас қосып, жаңалықтарын айтысып, осы күнгіше айтқанда, «ақпарат алмасып», бір-біріне, тұтас ауылға қатысты ертеңгі істерін келісетін еді. Аз уақыттық болса да әңгіме-дүкен, әзіл-қалжыңдарына бір жасап қалатын еді. Кішкентай балалар да үлкендердің осы бір шүйіркелесулерін мерекедей көріп, мәз болып, араларында жүретін еді. Көршіліктің жан марқайтар рухын жүректеріне дарытып, кейін үлкейгенде, соны өздері айнытпай қайталайтын еді.

Алыстан ағайын, құда-жекжат, құрметті қонақ келе қалғанда немесе үй иелерінің бірі сапардан оралғанда, көршісі сәлем беріп шығатын еді. Отағасының өтінішімен қонақтармен бірге отырып, әңгімелесіп, өткен-кеткенді сөз етіп, кейде оны ән-жыр, терме, дастандарға, күйге ұластыратын еді. Осының бәрі балаларға ел өмірі, тіл-өнер туралы сабақ, дәстүр-салт, тарих мектебі, әдеби-инабат тағылымы болып саналады. Олар – зорлаусыз, міндеттеусіз, сұраусыз, бірақ жас баланың жан дүниесін баурап алып, ақыл-ес және көркемдік-сезімдік зердесінде өшпестей болып жазылатын дәрістер болған.

Ауырып-сырқап қалғанда, көңіл сұрау, той-томалақ, өлім-жітімді атқарысу өз алдына, үлкендері жолаушы кеткен көршінің отбасына қарайласып, бас-көз болып, шаруасын, мал-жанын түгендеп, ақыл-кеңес беріп, шамасы жетпей, қолынан келмей жатқан жерлерін жөндеп жіберетін еді. Момын, әлсіз, ауру, жас немесе кәрі көршінің біреуде кеткен есесін іздеп, қуысатын еді. Соғымға сойылған малдың басына шақырысып, әйелдер жағы дәмді, әуес тағамдарын бір-біріне аяқ-табақпен балаларынан беріп жіберетін еді. Ауық-ауық бір-біріне дәм татқызар еді. Мұның бәрі ара дәнекер, ынтымақ, ауызбірлік ұйытқысы, сенім кепілі рөлін

атқаратын, нақты мәнге ие болатын»[55].

3. Ағайындық және қонақта болғанның ақылары

«Жақыннан күдер үзгендер
Жақынын ұрып жат қылар.
Жылқыдан күдер үзгендер
Биесін сатып ат қылар.
Жақсы болса ағайын
Көңіліңді шат қылар.
Жаман болса ағайын

Өзін өзі жат қылар» – деп Майлықожа ақынның жырлағанындай, туыстық қатынастарды берік ұстану, туыстық ақыларға зор ықыластылық таныту о бастан қазаққа сіңісті мінез. Дінімізде ағайындық және қонақтың қақылары қатарына көбіне мына амалдарды жатқызады: сәлем беру, сый-сияпат жасау, амандықтарын сұрап отыру, ағалары мен нағашы ағаларын әкесіндей көру, апалары мен нағашы апаларын шешесіндей сыйлау, үнемі қол ұшын беру, теріс мінездеріне төзе білу секілді қасиеттер ағайын арасындағы ақылардың құрамдас бөліктері. Құран кәрімде Аллаһ тағала: *«Уа, адам баласы, сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер мен әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы Аллаһтан және туыстардан безінуден сақтаныңдар»*, – деген («Ниса» сүресі, 1-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) өсиет ететін жақыны бар мұсылманның екі түн қатарынан өсиетін айтпастан түнеуін кісі ақысын сақтамау деп білген [56]. Өсиет дегеннің өзі ағайын-туысқа қатысты дүние болғандықтан, мұны міндетіміз деп білген жөн. *«Аллаһ пен ақырет күніне сенген адам қонағын күтсін. Аллаһ пен ақырет күніне сенген адам туыстарына қарассын. Аллаһ пен ақырет күніне сенген адам не жақсы сөз айтсын, не болмаса үндемесін»* [57] деген Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) қонақ болудың мерзімі үш күн екенін, одан асқан мерзімде түскен шаңырағына қиындық тудыратынын және үй иесінің қонақты үш күннен кейінгі асырауы нәпіл садақа саналатынын айтқан [58].

Халид ибн Зәйдтен (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) былай деген: *«Қонағын ішкізіп жегізген, зекетін берген және ауыртпалықта қарасқан адам сараңдық сорынан құтылған бақытты»* [59].

Дініміз қайтыс болған туған-туыс пен көрші-қолаңның қарызын тезірек төлеп, жылдамдатып қабірге қою қажет екенін Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) аузымен жеткізген: *«Мүминнің рухы қарызы төленгенше қарызына байланған күйде тұрады»* [60].

Талха ибн Бәра (р.а.) ауырып қайтыс боларда кіріп-шыққан Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) оның туыстарына: *«Талхаға ажалдың жақындағанын көріп тұрмын. Қайтыс болса, маған хабар беріңдер. Денесін жуып, кебіндеуді тездетіңдер. Мұсылманның мәйітін үйде ұзақ ұстауға болмайды»* дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) ағайынға қарасқан жанға Аллаһтың да қарасатынын, ағайыннан безгеннен Аллаһ та қашық тұратынын, өзіне жамандық қылған ағайынға жақсылық қылған адамның Аллаһтың қолдауына ие болатынын айтқан. Сондықтан, араздасқан ағайынмен араға үлкендерді салып жарасқан, қажет болса кешірім сұрап табысқан жақсы. Мұндайда өзімбілемдікке салынып, нәпсінің жетегінде кеткендер көп нәрсе жоғалтады. Есесіне көңіліне ауыр тисе де ағайынмен татуласа білген жан Аллаһ пен елшісінің (саллаллауу алейһи уә сәлләм) айтқанын істеп сауабын алады.

Тағы бір айта кететін жайт, ағайынға жасаған жақсылығын түгендеп, «пәленшеге қиын сәтте жанынан табылдым, түгеншеге мынадай жәрдемім тиді» деп жүрген жерінде жарияға жар салу мұсылмандықтың айнасына түскен дақ болады. Мұсылман жақсылығын бұлдамайды, оның есебін Аллаһ тағала еселеп қайтаратынын жақсы біледі. Сондықтан, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) айтқандай, «келмегенге барған, бермегенге берген» дұрыс.

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) ризығының мол, ғұмырының ұзақ болғанын қалайтын адамның туысқанға қарасу керек екенін, бірінші болып жақын туысқа жақсылық жасап, ат құйрығын шарт түйіп, өкпелі болған ағайынмен татуласып оның тілеуін тілеу қажет екенін айтады. Туыстық туралы айтылған хадистерде ағайынға сый-сияпат жасаудың құлды азат етуден анағұрлым сауапты іс екені, садақаны жақынына бергеннің әрі садақа беру, әрі туысқанға қарасу сауабын алатыны, жаннатқа апаратын амалдардың бірі ағайын-туысқа қарасу екені және басқа да сауапты істер турасында сөз қозғаған.

Аллаһ тағала құдси хадисте: *«Уа, туысқандық қасиет, сені берік ұстағанға қарасамын. Сенен безгенмен байланысты мен де үземін»*, – дейді [61].

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта мынадай әңгіме бар: «Біреу келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі, мен туыстарыма барып тұрамын, бірақ олар маған келмейді. Қанша жақсылық жасаймын, ал олар маған жамандық көрсетеді. Қанша түсіністікпен қараймын, бірақ олар керісінше істейді», – деді. Сонда Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Егер осының барлығына төзіммен қарасаң, олар мұндай әрекеттері арқылы тұмсығын қып-қызыл шоққа сұққандай болады. Сен бұлай істеген сайын Аллаһ сені қолдайды»* [62], – деген еді.

Әнес ибн Мәликтен (р.а.) жеткен мынадай бір хадис бар: «Мәдиналық ансарлар арасында құрма бағының ең көбі Әбу Талхаға тиесілі еді. Әбу Талха нәби мешітінің алдындағы Бәйруха деп аталатын құрма бағын ерекше жақсы көретін. Аллаһ елшісі де (саллаллау алейһи уә сәлләм) сол баққа жиі барып, сондағы тұщы құдықтан шөл қандырушы еді. *«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұмсамайыңша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар»* [63] деген аят түскенде, Әбу Талха Аллаһ елшісінің (саллаллау алейһи уә сәлләм) алдына келіп:

– Хақ тағала *«Сүйген нәрселеріңді Аллаһ жолында жұмсамайыңша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар»* деп аятты уахи етті. Менің жаныма жақын дүнием Бәйруха бағы. Соны Аллаһ разылығы үшін садақа қылдым. Мәуелі бақшамның сауабын Аллаһ ақыретте азық қып қайтарса деймін. Бәйруханы не істеймін десең де еркінде, – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм):

– Бәрекелді. Берекелі мал дегенің тек пәниде емес, баки дүниеде де ырзығын беретін дүние. Аллаһ тағала екі дүниеде де жақсылық берсін саған. Бақты туыстарыңа бергеніңді дұрыс деп білемін, – деді.

– Онда солай істейін, – деді де, Әбу Талха бақшаны бауырлары мен немере аға-інілеріне бөліп берді» [64].

Хазірет Айша анамыздан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) «Туысқандықтың қастерлі бауы Аршқа ілінген күйі адамдарға арнап: «Мені сақтағанды Аллаһ қуаттап қолдасын. Менен безгенді Аллаһ рақымынан кұр қалдырсын» [65], – дегенін жеткізеді.

«Жоқ-жітікке берілген садақа – бір садақа, туысқанға берілген садақа – екі садақа орнына жүреді. Біреуі садақа сауабы болса, екіншісі ағайынға қарайласудың сауабы» [66], – дейді тағы бірде Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) .

Дүниенің бір бақыты туыс-туғанмен көңіл жарастырып, тату-тәтті өмір сүру емес пе? Пәни дүниенің дейміз-ау, ағайынмен ат ізін суытпай араласып отырудың ақыреттік сауабы да ұшан-теңіз.

4. Жұмыс беруші мен жұмысшы, бастық пен бағыныштылардың ақысы жайында

Дінімізде жұмыс беруші мен жұмысшы қатынастары мәмілеге келу, өзара жәрдемдесу, құқық және әділдік негіздеріне құрылған. Жұмыс беруші, жұмысшы, қызметкер, бастық деп, қолындағы билігіне қатысты бөлінбей әркім алдындағы асыл адалынан жеу үшін бір-бірінің ақысына абай болғаны абзал.

Жалданған жұмысшыға төленетін жалақы оның еңбегіне лайық болғаны жөн. Ал жалақы табушы да өзіне төленген тиын-тебенді адал алуға тырысып, қызметтік міндеттерін не болмаса тапсырылған істі барынша тиянақты орындауға тырысса нұр үстіне нұр болары хақ. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Аллаһ ісіне мығым әрі жауапты қараған құлын жақсы көреді»*, – деген. Еңбек шарты мен еңбек тәртібіне сай жұмыс уақытына, қалыпты еңбек жағдайларына сәйкес іс атқару жұмысшының міндеті. Себепсіз жұмыстан қалған, өзінің маңдайалды борышына атүсті қараған жалақы алушы жұмыс берушінің құқығын мансұқ еткені.

Өзіне тапсырылған іс пен қызметтік тапсырманы жұмысшының басқаға жасатуға құқығы жоқ. Алатын жалақысы оның еңбегінің ақшаға шаққандағы құны болып есептелетіндіктен, нәпақасының адалдан болғанын қалайтын жұмысшы мұндай өрескел қимылға бармайды. Жасалған мәміленің талаптарын сақтау турасында Құран кәрім де: *«Уа, мүминдер! Уәделеріңді орындаңдар»*, *«Сертті орындаңдар. Сөз жоқ, уәде сұралады»*, – деген («Ниса» сүресі, 1-аят; «Исра» сүресі, 34-аят). Әйтсе де, өзіне тапсырылған істі төтенше жағдайлардың салдары қолын байлап, бітірмеген немесе қабілетінің шектеулігімен орындай алмаған болса, оған жауапкершілік жүктелмейді.

Сонымен қатар, жұмысшы өзіне сеніп тапсырылған құрал-жабдықтар мен өзге де дүниелерге үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Жұмыс орнының, не болмаса қожайынның мүлкі аманат есебінде болғандықтан, оны ысырап ету, бүлдіру кісі ақысын бұзу болып табылады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Әрқайсың билеушісің және қарамағыңдағыларға жауаптысың. Мемлекет басшысы – жауапкер, ол өз қол астындағылар үшін жауапты. Ер адам отбасына жауапкер және отбасы мүшелерінің жағдайына бірінші алаңдаушы. Әйел күйеуінің үйіне жауапкер. Қызметші (жұмысшы) қожайынның сеніп тапсырған мүлкіне жауапкер және сол үшін жауапты»*, – деген[67]. Қарапайым ғана мысал, жұмыс орнының рұқсатынсыз қызметтік көлікті жеке басының шаруасы үшін мінуге, кеңседегі телефонды қызмет бабынан тыс мақсаттарға пайдалануға болмайды. Өйткені, сұраусыз дүние жоқ.

Ең алдымен қожалықтың басшысы жалдаған жұмыскерінің ар-намысына құрметпен қарауы керек. Жіберген кішігірім олқылықтары болса, кешіріммен қарағаны жөн. Ал, ауыр сөздер айтып балағаттауға мүлде қақысы жоқ. Және де қалыпты еңбек жағдайларын жасау, шамадан тыс жұмыс жүктемеу, намаз, ораза секілді ғибадаттарын орындауына кедергі келтірмеу де жұмыс берушінің міндеті. Әйтпесе, ол кісі ақысын елемеуі секілді өрескелдікке ұрынып, дініміз үшін харам саналған жайтқа бой ұрған болып саналады. Сондай-ақ, жұмыс берушінің тағы бір міндеті жалақыны уақытылы және толықтай төлеу екені айтпаса да түсінікті. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың *«Мен қияметте мына үшеудің: менің атыммен ант етіп, антынан тайған адамның, азат адамды құл деп сатып ақшасын жеген адамның, жұмысшы жалдап еңбекақысын бермеген адамның дұшпанымын»*[68] дегенін айта келе, *«Жұмысшының ақысын маңдай тері құрғамай тұрып беріңдер»* деген[69].

Ислам құқығында жұмысшыны істейтін жұмысының сипатына орай, жеке жұмысшы және мердігер деп екі сыныпқа бөліп қарастырады. Жеке жұмысшы деген өлшемге өзімізге таныс кез келген мекеме немесе кәсіпорында, сондай-ақ жеке кәсіпкердің қарамағындағы жұмысшыны

айтамыз. Тұрақты түрде аптасына 40 сағат жұмыс істеуге келіскен бұл жұмысшы осы уақытты толықтай қызметіне бөлуі тиіс. Берілген тапсырманы уақытынан бұрын орындап қойса да, жұмыс орнынан тапжылмауы керек, не болмаса уақытын ұтымды пайдалану үшін жұмыс берушімен алдын-ала келіскені жөн.

Ал, мердігер дегеніміз әдетте бір жолға ғана қызмет көрсетумен айналысатын шаштараз, тігінші, аяқкиім жөндеуші және ұста, құрылысшы секілді белгілі бір жұмысты атқарған соң қызмет көрсету мерзімі аяқталатын мамандық иелерін атаймыз.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жұмыс берушінің ақысына мұқият қараған жұмысшыға берілетін сауап туралы: *«Аллаһтың және қожайынының ақысын сақтаған құлдың барлығына Аллаһ екі есе сауап береді»*, – деген.

Хишам ибн Хаким ибн Хизам (р.а.) Шам қаласында төбесінен зәйтүн майы құйылып, күннің астында тұру жазасы кесілген шаруаларды көріп:

– Бұл не сұмдық? – деп сұрайды.

– Жер салығын[70] төлемегені үшін, – деген жауап алады. Сонда Хишам (р.а.):

– Ант етейін, мен Аллаһ елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Адамдарды дүниеде қасақана қинағандарға Аллаһ міндетті түрде азап көрсетеді»* дегенін естідім, – дейді. Мұны естіген әмір шаруаларды бұл жазадан босатқан екен[71].

Хадистерде қарамағымыздағы адамдармен бір дастархан басында отырмасақ та, ішкен-жегеніміз бен кигенімізді олармен де бөлісуімізді, шамасы жетпейтін жұмысқа жекпеуімізді міндеттейді. *«Қарамағында бауыры күнелтетін әркім оған өз дастарханынан дәм татырсын, өз кигеніндей киіммен қамтамасыз етсін. Оларды қауқары жетпейтін жұмысқа жекпеңдер. Ауыр тірлікке міндеттесеңдер оларға өздерің де қолғабыс жасаңдар»*[72].

«Қызметшілерің дастархан басында бірге отырмайтын болса, оның үлесін бөлек алып беріңдер. Өйткені, тамақты істеген сол»[73].

Бұл хадистердегі қызметші сөзін үй күтуші, көмекші, жұмыскер деп түсінуге болады. Қарамағында осындай бағыныштылары барлар оларды мейлінше сыйлап, ақыларын аяқ асты қылмай, сыпайы қарым-қатынас ұстанғаны абзал.

Ескере кететін тағы бір жайт, іскерлік қатынастарда ақшалай міндеттемелерді уақытылы қайтармауды қоғамымызда жиі орын алатын келеңсіз оқиғалардың қатарына жатқызамыз. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қаржылық жағдайы келісті бола тұра, қарызын кешіктіруді қиянат жасау деп білген. Құран кәрім: *«Егер біріңе-бірің сенсеңдер, аманатты мойнына алған адам оны орындасын. Сондай-ақ, Раббысынан қорықсын»*, – дейді («Бақара» сүресі, 283-аят). Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) аталмыш аятты түсіндіргенде: *«Дәулетті адамның әлдекімдегі берешегін кешіктіруі кесірліктің бір көрінісі. Араларыңнан біріңді әл-ауқаты жақсы адамнан қарызды қайтаруға жұмсаса, осыны көкейге түйіңдер»*[74] деген. Мұндағы дәулетті адам деп берешегін қайтаруға шамасы жеткілікті адам меңзелген. Ақшасы дайын болса да, қайтаруға қимай жүрген жан кісі ақысын бұзғанын түсінуі қажет. Қарыз келісілген, не болмаса қарыз беруші талап еткен мерзімде қайтарылуы тиіс. Вексель тәрізді төлем құжаттарын қанша адам индоссамент арқылы табыстаған болса, солардың ақылары, сондай-ақ чек және төлем карточкалары арқылы есеп айырысу барысында басқа да адамдардың ақылары қарызын кешіктірген адамға жүктеледі. Борышқор олардың әрқайсымен есеп айырыспаса, Аллаһтың құзырына батпандай кісі ақысын арқалай кетпек[75].

Нарық заманына тән қызмет барысында әркім өз еркіндігін пайдалануға құқылы, бірақ ақшасын банк жүйесі арқылы тек белгілі бір топтың қолында жинауға, қандай да бір сауда операциясында риба[76] болып табылатын пайыз мөлшерлемесі арқылы табыс табуға Ислам діні

тыйым салғанын естен шығармайық.

Исламдағы жұмысшы ақыларын былайша тұжырымдауға болады:

1. Дініміз еңбекті жоғары бағалаған. Адам баласының табан ақы, маңдай терімен табыс тапқанын құптаған Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) отын сатып күн көрудің өзі жұртқа қол жайғаннан әлдеқайда артық екенін айтқан[77].

2. Еңбек саласында әділетсіздікке жол берілмеген. Сондықтан, егіндік жерді жалға бергенде, өнімнің түсімінен тағы да қосымша үлес қарастыруға тыйым салынған. Өйткені, қуаңшылық және басқа да ауа райының қолайсыздығы салдарынан қырманның аз жиналу мүмкіндігі ескерілген.

3. Жұмысшының жалақысын уақытылы және толық төлеуге үлкен мән берілген. *«Жұмысшының ақысын маңдай тері құрғамай тұрып беріңдер»*, – деген[78] Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) мына бір оқиғаны әңгімелейді: «Бір үңгірге кездейсоқ кіріп, қамалып қалған үш адам жасаған жақсылықтарын айтып, Аллаһқа жалбарынады. Олардың бірі: «Уа, Раббым, мен үш жұмысшы жалдаған едім. Олардың екеуі еңбекақысын алды, бірақ үшіншісі алашағын алуға келмеді. Тиесілі қаражатын өзім пайдаланып кетпей, оның есебінен іс жүргізіп, көп мал-мүлік жинадым. Араға жылдар салып күндердің бір күнінде әлгі қызметшім келіп ақысын сұрады. «Мен сол уақыт аралығында жиналған байлықты көрсетіп, «мынаның бәрі сенің жалақыңа келген» дедім. Ол мал-мүлкінің бірін қалдырмай жинап алып кетті. Раббым, егер мұның бәрін тек сенің разылығың үшін жасаған болсам, бізді құтқара гөр!» – деді. Қалған екі жігіт те өздерінің сауапты амалдарын тілге тиек еткенде, үңгірдің аузындағы тас жылжып, үшеуі аман-есен сыртқа шықты»[79].

4. Жұмысшыға шамадан тыс тапсырма бермеу, мүмкіндігінше оған қолғабыс жасау жағы қарастырылған. Шұғайып (а.с.) пайғамбар Мұса (а.с.) пайғамбарды сегіз жылға жұмысқа жалдамақ болғанда: *«Саған машақат қылуды қаламаймын. Аллаһ қаласа, мені ізгілерден табарсың»* – деген болатын («Қасас» сүресі, 27-аят). Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) жұмысшының ісі қиындап кетсе, қожайыны да қол ұшын беру керектігін айтқан[80].

5. Өмірге, денсаулыққа зиян келтіретін жағдайларда жұмысшыға жұмыс берушімен жасалған мәмілені бір жақты бұзуға рұқсат берілген.

6. Игерілмей құр жатқан мүлік пен жерді әлеуетті адамдарға беріп, жұмыссыздықтың алдын алу мәселесі қарастырылған.

7. Қарауындағы құрал-жабдықты, мүлікті қасақана бүлдірмесе, келтірілген материалдық зиянның құнын жұмысшыдан өндіруге болмайды. Егер басында мәміле солай жасалса, жарамсыз болып табылады делінген.

8. Мына жағдайларда жұмыс берушімен мәмілені бұзуға рұқсат етілген: еңбекке жарамсыздық, кәметке толмаған жаспен мәмілеге жасасу, жұмыс берушінің мәміле талаптарын сақтамауы, жұмысшының кіріптарлық жағдайында арзан пұлға жалдануы.

9. Еңбек қабілеттілігі азайған жағдайда мүгедек жұмысшыға өтемақы төлеу жұмыс берушіге жүктелген.

10. Жасы ұлғайған жұмысшыға жеңіл жұмыс беру жағы да қарастырылған.

11. Ислам құқығында жұмыс беруші жұмысшылардың діни ұстанымын да ескеріп иудеймен мәміле жасасқанда сенбі, христианмен мәміле жасасқанда жексенбі күндерін демалыс деп жариялауы керек. Соған қарап мұсылман үшін жұма күнін апталық демалыс тәулігі деп белгілесе, құба-құп болар еді.

12. Зейнеткерлікке келсек, дінімізде барлық адам үшін кедейлік, кәрілік, банкроттық және төтенше жағдайларда мемлекеттің арнайы қамқорлығы қарастырылған. Ал, бүгінгі таңда

қарттардың күнкөрісін мойындарына алған зейнетақы жинақтаушы қорлары құрылған.

Жоғарыдағы ақыларды иеленген жұмысшы да мына міндеттерді сақтауы тиіс:

1. Жұмыс істегенде ниетінің адал болуы;
2. Жұмыс берушінің табысына көз сүзбеу;
3. Қызметтік міндеттерін аманат ретінде қабылдап, аманатқа қиянат етпеу;
4. Жұмыс берушінің құрал-жабдығын өз дүниесіндей ұқыпты қолдану;
5. Жұмысты жақсартатын, еңбек өнімділігін арттыратын ұсыныстар жасау, жұмыс барысында белсенділік таныту және т.б.

Басшылық міндетке ие болғандар қарамағындағылардың ақысына мейлінше абай болғаны жөн. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Барлығың жауаптысыңдар және қарамағыңдағылар үшін жауапты боласыңдар»*, – деген[81]. Биліктің тізгінін ұстау дегеніміз жайлы таққа жайғасып, мол дүниені оңды-солды шашу емес, шын мәнінде аса қиын іс. Көпшіліктің қызметіне жарғақ құлағың жастыққа тимей жүгіру. Жұрттың мұңын мұндап, жоғын жоқтау. Бастық болуды лауазым емес, жауапкершілік деп қараған жөн. Әманда ел билеу, басшы болудың ауыр аманаты ердің еріне ғана жүктелген. *«Маған парыздарды орындау әмірімен қоса адамдарды басқару әмірі де берілді»* деген Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) басқару ісін қабілет-қарымы, төтеп берерлік шыдамы жететін адамдарға тапсыруды аманат еткен. Ел басқарудың үдесінен кез келген кісінің шыға қоймасы анық. Ол үшін ақыл-парасат, біліктілік, көшбасшылық қажет. *«Ханда қырық кісінің ақылы болады»* деп бекер айтылмаған. Бір орынға бастық боп қонжиганнан кейін мойнындағы мекеме жұмыстарын ұмытып, қызмет бабын жеке мүддеге пайдалану қаншама адамның, бәлкім, тұтас бір мемлекеттің ақысына қол сұғу болып табылады. Мұның жазасы дүниеде де, ақыретте де ауыр болатыны айтпаса да түсінікті.

5. Ерлі-зайыптылардың ақылары

Отбасы дегеніміз – қоғамның ең маңызды бір бөлігі. Адамның жан-жақты қалыптасуында да отбасының рөлі ерекше. Өйткені, балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілмек.

Отбасы, ошақ қасында ерлі-зайыптылардың өзіндік орны, атқаратын қызметі мен жауапкершілігі бар. Ер адамды үйдің тірегі десек, шаңырақ иесі ретінде оның міндеті де аз емес. Тіккен отауының жарастығы үшін зайыбының ақыларына баса мән беруі керек. Жұбайының артық тұстары болса, кешіріммен қарап, қайын жұртымен жақсы араласуы қажет. Отбасын асырау өзіне жүктелгендіктен, табысын есепсіз шашып-төгуге, харамға жұмсауға құқы жоқ.

Аллаһ пен ақырет күніне сенген еркек пен әйел отбасындағы өз жауапкершіліктерін сезініп, бір-бірінің ақыларын көздерінің қарашығындай қорғаулары керек.

а) Ер адамның әйелі алдындағы міндеттері

Әйелін асырауға жеткілікті адал табыс табу[82]. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) садақаның абзалы отбасына жұмсалғаны екенін айтқан.

Отбасында кездескен қиындықтарды жарымен бірге бөлісіп, *«Сендердің жақсыларың – әйелдеріңе жайлы болғандарың»* деген хадиске сай дәрекілікке бармай оларды дұрыс басқаруға тырысу керек.

Ер адамға байсалды мінез жарасады. Бұл отбасы тыныштығы үшін де маңызды. Шаңырақ астында оқта-текте орнайтын келіспеушіліктерде қызбалыққа салынбай, салқынқандылық танытуы шарт.

Қайын жұртқа қолдан келген көмекті аямай, құрмет көрсете білу керек.

Қолы қалт еткенде әйеліне қолғабыс жасаудың да ешқандай әбестігі жоқ. Сахабалар Айша (р.а.) анамыздан Аллаһ елшісі үйде немен шұғылданатынын сұрағанда, Айша анамыз ол кісінің қарапайым отағасы ретінде аяқкиім жөндеу, киім жамау, қой сауу, торсық жамау секілді үй

шаруасымен айналысқанын айтқан.

Ер адам бөтен адамдардың алдында өз әйелін кемсіте сөйлеп, ыңғайсыз жағдайға қалдырмайды.

Балағаттауға, қол жұмсауға болмайды.

Екеуара ренжіскенде сабыр сақтап, қателікті өзінен деп білу қажет. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) «*Ер адам әйелінің жаман қылығы мен сөзіне ашуланбасын, басқа жақсы қылығын ескеріп разы болсын*» деген.

Болмашы қателіктерді қаузап, отбасының құтын қашырмаған жөн.

Әйелі діни сауатты болуы үшін оған білгенін үйретсе нұр үстіне нұр.

Әйелімен үнемі кеңесіп, маңызды шаруаларда оның да пікіріне жүгінгені дұрыс.

Ерлі-зайыптылар бір-бірінің көңіл көтеру және тынығу құқықтарына көңіл бөлгені жөн. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) жиын-тойларда, айт күндері және басқа да атаулы күндерде көңіл көтеруге, ойын-сауық құруға рұқсат берген. Ислам ғалымдары ғибадат жасауда артық кетудің өзі адамды зеріктіретінін айтып, шарифат шеңберінде көңіл көтеріп демалғанды жөн деп білген.

Реті келгенде әйелінің көңілін көтеріп, әзілдескені жөн. Пайғамбарымызға (саллаллау алейһи уә сәлләм) жастай тұрмысқа шыққан Айша (р.а.) анамыз үйінде қуыршақтарының болғанын, құрбылары келгенде бірге ойнағандарын айтады. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бұған тыйым салмай[83], өзі де осыны айтып әзілдейді екен[84]. Сондай-ақ, айт күні Айша анамызды эфиопиялықтардың ойындарын тамашалауға алып барған[85]. Тағы бірде осы Айша анамызбен жарысқаны да бар[86].

Үй ішіндегілердің бақыты да отағасының мойнында. Адамның бақытты болуы көбіне діни танымына байланысты. Өйткені, дін қос дүниенің бақытына бастайтын жалғыз жол. Сол себепті отағасы отбасы мүшелерін діни біліммен қамтамасыз етіп, олардың ғибадатын қапы жібермеуіне, ахлағын жетілдіруіне жағдай жасауы керек.

Әйелінен бастап, бүкіл отбасы мүшелерін жақсы көріп, өзін де жақсы көргізе білуі керек.

ә) Әйелдің ері алдындағы міндеттері

Құқық саласында бір адамның міндетінің орындалмауы, екінші бір адамның құқығының бұзылуы болып табылады. Бір адам өз жауапкершілігін орындамай отырып, басқа бір адамның ақысын аяқ асты етеді. Сондықтан, міндетіне жауапты қарамаған адамның ақыретте жағдайы мүшкіл болады. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» демекші, расында Құдайдың құдіретінен титтей де сескенбейтін адам – қиянаттың кез келгеніне бара алады. Ал, біреудің ала жібін аттамай, адал өмір сүру ең алдымен тақуалықты қажет етеді.

Біз алдыңғы бөлімде үй иесі отағасының міндеттерін айтып өттік. Ал, бұл бөлімде отбасы ұйытқысы әйел затының міндеттерін сөз етпекпіз. Төменде келтірілген тұжырымдарды кейбіреулер анахронизм, ескінің қалдығы деуі де мүмкін. Бірақ, не десек те мұның өмірдің өзінен алынғаны шындық.

Сонымен, әйелдің күйеуі алдындағы міндеттері мынадай:

Әйел адамның жүзі жылы болмақ керек. Отағасын таңертең күлімсіреп шығарып салып, кешкісін дәл солай қарсы алғаны жөн;

Үй шаруасына епті, жұмысына тындырымды, тиянақты болуы тиіс;

Күйеуімен кеңеспей, не болмаса ескертпей ештеңе істеуіне болмайды. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «*Кез келген әйел күйеуінің рұқсатынсыз үйінен тысқары шықса, күйеуі бұған разы болмайынша, не болмаса үйіне қайтып келмейінше, Аллаһтың наразылығында болады*», – деген;

Тұрмысты, күйбең тіршілікті ғана ойламай, ақырет азығын да ескеріп, ғибадатын мүлтіксіз орындауы керек. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) осыны меңзеп: «Бес уақыт намазын оқыған, Рамазан оразасын ұстаған, арын сақтаған және күйеуіне бағынған әйел жаннатқа қалаған есігінен кірсін» деген;

Қонақжай болуы;

Күйеуі жақтырмайтын адамдарды үйіне кіргізбеуі, қонақ қылмауы;

Қажет болғанда күйеуінің шаруаларына қолғабыс жасауы;

Екеуара сүйіспеншілікті арттыратын мәселелерге мән беріп, күйеуі басқаға көз салмас үшін күтінуі керек;

Бөтен ер адамдармен сөйлескенде әдептен аттамағаны жөн. Бұл туралы Құран кәрімнің «Нұр» сүресінде айтылған. Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) да: «Ұяттың болғаны жақсы, әйелдерде болса тіпті жақсы» дегені бар;

Үнемдей білу де үлкен өнер. Ысыраптың барлық түрі харам. Әйелдердің осыған мән беруі;

Ерлі-зайыптылардың бір-біріне жиі дұға етуі;

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Күйеуі төсекке шақырғанда әйелі бармай, күйеуі ашуланса, күйеуінің төсегіне қайтқанға дейін немесе таңға дейін періштелер әйелге лағынет айтады», – деген [87]. Әйел затына мұны да қаперде ұстау;

Әйел адам үй ішінің жиһазын жарасымды реттеп, отауын барынша сәнді ұстағаны абзал. Әйелдің аса маңызды міндеттерінің бірі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.

Бұндай ізгі қасиеттерді өзіне үлгі етуі әйелдің имандылығына байланысты екені даусыз. Сондықтан о баста қалыңдықты дұрыс таңдау керектігі турасында Баласағұн бабамыздың мына кеңесін жастар уақытында ескергені жөн:

Әйел алмақ болсаң егер қарарсың,

Жіті бағып, таңдаулысын аларсың.

Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,

Пәк, ұятты болсын жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,

Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.

Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,

Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.

Көркін емес ізгі құлқын аларсың,

Жақсы болса ерірсің де жанарсың.

Көркін қуып алма құлқы кемісті,

Құлық жақсы болса кемел келісті.

Сұлу құмар, сұлуды аңсап сор қума,

Қызық жүзді сарғайтпа ьәм қор қылма.

Жібек мінез – қыз-келіншек шырыны,

Біле білсең, әйел көркі - қылығы!

Ақылды, пәк болса, асылға баларсың,

Үш сипаттың бәрін содан табарсың [88].

6. Ұстаз бен шәкірт ақысы

Инемен құдық қазғандай білім жолында талмай іздену адам баласының табиғатына тән. Қай заманда болмасын адамзат өркениет шыңдарына ақыл-парасаттың, білімнің күшімен жеткен. Сол биікке жету жолында адам табиғатындағы беймәлім дүниені танысам деген түйсік

қозғаушы күш болған.

Ұстаз ұғымы кісі өмірінде үлкен мәнге ие. Әсіресе, қазіргі заманда ұстаз алдын көрмеген адам кемде-кем. Білім мен ғылым заманы жиырма бірінші ғасырда кез келген адам ұстаз бен шәкірт қатынасын өз деңгейінде түсініп, екеуінің бір-біріне деген міндеттерін біле жүруі керек. Әйтпесе, біз мән бере бермейтін болмашы жерден мүлт кетіп, нәтижесінде кісі ақысын мойынымызға жүктеп алуымыз мүмкін.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» (Абай) демекші, тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым сондай бір ізетпен еске алған. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылай хан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқожаны, Жамбыл – Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын: «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым», – деп еске алатын болған.

а) Расында, ұстаз ақысына құрмет – шәкіртке сын.

Ежелгі Үндістанның әдептілік кодексі – «Ману баптарында»: «Шәкірт өзінің ұстазына төсекте жатып, тамақ ішіп отырып немесе одан алыста тұрып яки жүзін басқа жаққа бұрып жауап бермеуі, әңгімелеспеуі тиіс. Егер ұстаз түрегеліп тұрса, ол да тік тұрып, иба білдіруге тиіс»[\[89\]](#), – деуі ой саларлық.

Ертеректе мұсылман әлемінде ғалымдарға, ұстазға деген сый-құрмет жоғары болған. Ұзақ жыл білім жинаудың, білгенін басқаларға үйретудің, кітап жазу секілді оқу-ағарту ісімен айналысудың беделі биік тұрған. Өйткені ұстаздар бұл іске сауап тұрғысынан көбірек мән беріп, қоғам тәрбиесіне өздерінің жауапты екенін терең сезінген. Пәнді үйретумен ғана шектелмей, шәкірттеріне өмірлік дұрыс ақыл-кеңес беріп, адамгершілік пен имандылыққа қатар баулыған, жүріс-тұрыс, мінезімен жақсы үлгі-өнеге көрсеткен. Қажет кезінде шәкіртінің дәрістен тыс жағдайларына да алаңдаушылық таныту арқылы шын жанашырлық танытқан. Оқу, білім, ғылым, мәдениет, адамгершілік, әдеп, тәрбие – бәрін ұстаздан үйренген шәкірт ұстазды өз ата-анасынан кем қадірлемеген. Ұстазының алғысын алмаса, алған ілімінің берекесін көре алмайтындығына сенген. Тіпті ұстазды қатты құрметтегені сонша – есігін қағудың өзін әдепсіздікке балап, сыртта тұрып, шыққанын күткен. Шәкірт ұстазына ғана емес, оның жақындарына да құрметпен қараған. Ұстазының үй жағына аяқ созып жатудың өзін тәрбиесіздік деп білген. Ұстазы өмірден озған жағдайда, ата-анасына дұға еткеніндей, оны да қайырлы, игі дұғасына қосқан[\[90\]](#).

Білгенімен амал қылмаған мұғалім шәкіртін де елітіп әкете алмайды. Сыңаржақ, қате білім берген адам үлкен қиянат жасаған болып саналады. Мұғалімнің оқушы өресіне, қарым-қабілетіне шақтап білім беруі оның біліктілігінің көрінісі. Сондай-ақ, ұстаз шәкіртіне мейірбан, кешірімді, байсалды болуы тиіс. Әсілі, оқушысының жеке басының кемшіліктеріне кешірімшіл болғаны дұрыс.

Ұстаз білімге құлықсыз шәкіртке ақыл айтып, оқуға ынталандыруы керек. Сауалдарына орынды жауап беріп, жөнсіз ұрсып, жазғырмауы керек. Оқушыны зиянды мәліметтерден үзілді-кесілді тыйып, жақсы жолға бағыттауы шарт. Кей кезде өз қателігін де мойындай білгені абзал. Қажет болғанда өзін шәкіртінің деңгейінде ұстағаны жөн. Оқушыны өзіне кіріптар қылу мүлде жаман қасиет. Дәрісті ақылы жүргізсе, соңғы минутына дейін тиімді пайдалануы қажет.

Сынықтан сылтау іздеп оқушының тиісті бағасын бермеуі – ақысын аяқ асты етуі. Оқушы – ұстазға тапсырылған аманат. Оларға тиісті білім беру ұстаздың міндеті. Аманатқа

қиянат жасау – ауыр күнә. Ешкім бауыр еті баласын сенбейтін адамына тапсырмайды. Олай болса, мұғалім ата-ананың үмітін алдамауы керек.

Мұғалім оқушы алдында салмақты болып, сол арқылы білімнің маңызын көрсетеді. Оқушымен әсіре жақын болу, белгілі бір шекараны сақтамау жақсылыққа апармайды.

Ал, шәкірт ұстазға мұқтаж болғандықтан, оның алдында әдептен аспауы керек. Шәкірт үшін ұстаз білімнің кені. Екі дүние бақытына бастар жолды көрсетуші.

Ғалымдар пайғамбарлардың мирасқорлары. Сондықтан, шәкірт «Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла» деген халық даналығын ұмытпағаны жөн. Ұстаз алдына барған шәкірт артық сөйлемей, онымен қызыл кеңірдек болып айтыспауы керек.

7. Жетімнің ақысы

Дініміз жетімнің көз жасына қалған адамның о дүниеде отпен жазаланатынын, жетімнің малы мен шаруасын оның өз қолы өз аузына жеткенше қараудың адамгершілік екенін [91] ескертіп, жетім ақысының аяққа тапталмауына үлкен мән берген.

Құран кәрім бұл тақырыпта былай дейді:

«Жетімдердің малдарын беріңдер, жаманды жақсымен алмастырмаңдар. Олардың малдарын өз малдарыңа қосып жемендер. Өйткені, ол – күнә» («Ниса» сүресі, 2-аят).

«Жетімнің малын әділетсіздікпен жегендер қарындарын отпен толтырады. Олар сөзсіз жалындаған тозаққа кіреді» («Ниса» сүресі, 10-аят).

«Жетімнің мал-мүлкіне балиғат шағына толғанға дейін (сақтау немесе көбейту сияқты) жақсы жолмен (түзу ниетпен) болмаса, жоламаңдар» («Әнғам» сүресі, 152-аят).

Жетімдерді жеткізу, тәрбиелеп өсіру, қамқор болу турасында Құран кәрім былай деген: **«Олар сенен жетімдер (яғни, олардың өздеріне және мал-мүліктеріне қатысты ұстанымымыз қандай болу керек деп) сұрайды. Оларға: «Жетімдердің жағдайын жасап, оларды жақсылап жетілдіру және мал-мүліктерін көбейту әлбетте қайырлы іс. Егер олар қарайласу мақсатында етене араласып, бірге жүріп-тұратын болсаңдар, әлбетте олар сендердің (діндес) бауырларың. Аллаһ тағала кімнің бүлдіру ниетінде және кімнің оңалтып, түзету ниетінде болғанын жақсы біледі» - деп айт»** («Бақара» сүресі, 220-аят).

Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) бірде сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын біріктіріп: **«Жетімді өз қолына алған адаммен жаннатта мына екеуі сияқты жақын боламыз», – дегені бар. Сонымен жетімнің ақысы не екен? Қысқаша тоқтала кетсек:**

Жетімді қор көрмей, оған кеңпейіл, жомарттық танытқандар Аллаһтың разылығына ие. «Фәжр» сүресінде адамның басына қиындық туғызатын себептердің бірі **«жетімге құрмет көрсетпеу, тарту-таралғы жасамау»** екені айтылған. («Фәжр» сүресі, 17-аят)

Жетімді тойындыру мен киіндіру мұсылманға тән қасиет. Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм): **«Жетім-жесірдің ас-суы мен киім-кешегі үшін көмек қолын созған кісі Аллаһ жолында жиһад жасаған, әр түнін намаз оқып, күндізін ораза ұстаумен өткізген адам сияқты», – деген.**

Жетімнің жанына жара салып, жазғыруға болмайды. Мейірім көрсету қажет. «Дұха» сүресінде Аллаһ тағала жетімді қайғыртпа деген («Дұха» сүресі, 9-аят). Абдуллаһ ибн Мәсғудтан (р.а.) риуаят етілген хадисте Расулаллаһ (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай дейді: **«Кімде-кім Аллаһ үшін жетімнің басын сипаса, қолы тиіп өткен әрбір тал шашы үшін сауап алады»** [92].

Өгей әкелер мен өгей шешелер Құранның ашық әмірлеріне, Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) хадистеріне құлақ асып, тіршіліктің сәні бейкүнә бүлдіршіндерді өз балаларынан кем көрмей, бағып-қаққаны ләзім. Кісі ақысын жегеннің жазасы қандай боларын жоғарыда айттық, ал жетімнің құқығын аяқ асты етудің есебі одан да күшті.

«Жетім көрсен, жебей жүр» деген атам қазақ жетімді мүсіркеп, оған қарасуды үлкен сауап көріп, ал оның ақысын жеудің үлкен күнә екенін жақсы ұғынған.

Жетімді жетім деменіз,

Жетімнің ақын жеменіз,

Жетімнің ақын жесеңіз,

Көтеріп көрге салғанда,

Тек жатамын деменіз, – деп, оның сұрағының ауырлығын ел ішінде кең насихаттап отырған.

8. Жолдастық және әңгімелесу құқықтары

а) Жолдастық, достық ақылары

Адамның адамсыз таңы атып, кеші батқан емес. Адам баласы ойлары бір жерден шығып, әңгімелері жарасатын сырлас жан іздейді. Сондықтан болар, достықтың адам өмірінде алатын орны келелі.

«Достық – өз бойына сан алуан жан азығын жинаған алып қуат. Қайда барсаңыз да ол сізге қызмет етеді, кісіні ешқашан мезі қылмайды, ешқашан орынсыз жерге килікпейді, сәттілікке жаңа сәуле береді. Достықтың жанашыр лебі ескен кезде сені торуылдаған сәтсіздіктер өз-өзінен ыдырап келмеске кетеді» деген екен ежелгі Рим ойшылы Цицерон. Кез келген мұсылманның басқа бір мұсылман ақысына үлкен жауапкершілікпен қарайтыны белгілі. Ал, бұлар өзара дос болса, жауапкершілік мүлде ұлғая түспек. Ғалымдар мұны былайша қарастырған:

1. «Жақсы жолдас жанға серік, жаман жолдас малға серік» деген, достықтың негізінде мал-мүлік пен жеке мүдде емес, рухани үндестік жатуы керек. Достық деген қалтқысыз көңілмен тек Аллаһ разылығына бағытталмақ;

2. Дос достың айыбын ақтарып, кемшілігін іздемеуі қажет;

3. Дос достың көңіліне қаяу түсіретін сұмпайы әрекетке бармайды;

4. Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) өсиетіне сай кісі досына өзінің оны жақсы көретінін білдірсін;

5. Қиын-қыстау күндері көңіліне медет болсын;

6. Досын өзінен де артық көріп, оған ешқандай салмақ салмауға, қиындық тудырмауға тырысуы;

7. Адалдықтан айнымауы;

8. Жолдары бір болса, жол бойы бір-біріне қарайласуы; Сахабалардың бірі, Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) бір сапарда: «Басы артық мініс көлігі барлар малын жаяуларға берсін. Тамағы көптер тамақтарын басқалармен бөліссін» дегенін айта келіп: «Біз басы артық ешбір дүниеде ақымыз жоқ-ау, деп ойлап қалдық»^[93], – дейді.

9. Достар ары кетсе үшеу болады. Егер одан көп болса, араларынан біреуін басшы сайлауы тиіс.

Достық туралы ел ішінде мынадай әңгіме тараған. Ертеректе Әйтiмбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бір отырыста Әйтiмбет шешенге замандастары: –Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып: – Достықтың екі түрі болады. Бірі адал достық та, екіншісі-амал достық. –Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге: – Адал достық-өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтiмбет.

Серәлі Еруәліұлы ақын да (1835-1876) өз өлеңінде достарды бір-біріне адал болуға шақырып былай деген:

Нағыз дос бір-біріне тарылмайды,

Жуырда түрткеніне жарылмайды.

Жақсы-жаман айтты деп елемейді,
Бақ-дәулет сол адамнан арылмайды.
Нағыз дос бірін-бірі жамандамас,
Араға көп өкпе сап табандамас.
Көңілі татулықты іздеп тұрар,
Жөніне татулықтың шабандамас...

ә) Әңгімелесу, сұхбат ақысы

«Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс. Оның қадірін жетесіз адам білмес» деп Абай атамыз айтпақшы, сұхбат пен әңгіменің де өз өлшемі мен әдебі барын ескерген жөн. Құранда Аллаһ тағала: **«Шын мәнінде жасырын жиналыс мұминдерді кейіту үшін жасалған шайтан ісі...»** («Мужәдәлә» сүресі, 10-аят) – десе, тақырыпқа қатысты хадисте: *«Үш кісі бас қосқанда екеуі өзара күбірлесіп үшіншісін ыңғайсыз жағдайға қалдырмасын»* делінген[94]. Рас, мұндай жағдайда шетке шығып қалған үшінші адам ыңғайсызданып, әлгі екеуіне реніш білдіруі де мүмкін.

Үш кісі қатар отырғанда, екі адамның өзара үшінші адам білмейтін тілде сөйлесуі де орынды іс емес. Ал, кісі қарасы үштен көп болған жағдайда екеуара сыбырласуға тыйым салынбаған.

Хадистерде Аллаһтың сүйген құлдарымен бірге болу, олармен көбірек әңгімелесу туралы жиі айтылады. *«Бір адам сырқаттың көңілін сұрай барса, не болмаса Аллаһ үшін жақсы көрген адамына кіріп шықса, оған бір періште: «Жарайсың! Жақсы сапар шектің. Өзіңе жұмақтан орын дайындадың», – деп айтады»*[95], – делінген. Хадисте кісімен араласудың астарында Аллаһ разылығы көзделсе, періштелердің мақтауына ие болатыны айтылған.

9. Жарлының дәулетті адамдағы ақысы

Кедейдің бай адамдағы ақысы дегенде ойға көбіне көп материалдық жағынан қарасу жайы оралады. Бірақ, бұл онымен шектеліп қалмайды. Ең әуелі кедей де саналы адам, Құдайдың құлы, олай болса айтылған тыйымдар оған да қатысты. Мәселен, кедей көрші болса байда көршілік қақысы бар, туыс болса – ағайындық қақысы бар, мұмин болса – Исламдық қақысы бар, әкешеше болса – аға-аналық қақысы бар. Әйтсе де тақырып жарлылық туралы болғандықтан, мәселе айналып келіп материалдық көмекке тіреледі.

«Ораза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс» деп Абай атамыз айтпақшы, байдың кедей алдындағы міндеттерінің бірі – зекет және пітір садақасын беру. Құран кәрім: **«Олардың малдарында сұрағанның да, сұрамағанның да үлесі бар»** («Зарият» сүресі, 19-аят) деп, мұны тайға таңба басқандай көрсеткен. Зекет пен садақа адамдардың бір-біріне материалдық көмек көрсетуінің таптырмас жүйесі.

Зекет араб тілінде «тазару», «көбею» сөздерімен мағыналас келеді. Бұл ғибадаттың қасиеті сонда, байдың мал-мүлкіне береке әкеліп, кедейді қос өкпеден алған жоқтықтан құтқарады және басқа да көптеген келелі мәселелердің шешуін табады. Ислам құқық ғалымдары нисап мөлшерінде мал-мүлкі болғандар жыл бітпей зекетін беруі қажет дейді бір ауыздан. Өйткені, бұл жерде де кісі ақысы бар. Зекет өтеуді себепсіз кейінге қалдыруға, кешіктіруге болмайды. Ханафи мәзһабынан басқа қалған үш мәзһаб та осы көзқараста.

Берілген зекет пен пітір кедейлердің қажеттіліктерін өтеуге жетпесе, байлардың тағы да нәпіл садақа бергені жөн. Ақырет азығы ешкімге аздық етпейді. Үйіне дүкеннен бірдеңе алып келе жатқан адам мұндайды алуға әл-ауқаты жетпейтін адамдарды көрсе, оларға дәм татыруы керек. Егер өзгеге ұсынуға жетпестей аз көлемде немесе өз жағдайы да мәз емес кісі болса, дүкеннен алған асын көпшілікке көрсетпей әкелгені дұрыс. Құрбан айтта сойылған малдың еті

әуелі кедей-кепшікке таратылады. Осы орайда:

Көңілді шын ниетпен қойсаң аққа,

Тура жол, түзу бастар оңған жаққа.

Біреуді бай, біреуді жарлы қылған,

Пендесін әр күйменен сынамаққа.

Бай-кедей – бәрі бірдей Құдайға құл,

Біреуді кем қып қойған, біреуді мол.

«Бай кедейге ауыссын, қарассын» деп,

Шеберлікпен жаратқан күдіреті сол! – деген Мәшһүр Жүсіп бабамыздың өлеңінде ақиқат жатқаны анық.

10. Мұсылман еместердің ақылары

Соғыс жағдайы, не болмаса қандай да бір қауіп төнетіндей болмаса, мұсылман еместердің ақысын жеуге, мал-мүлкіне, жеке басына қол сұғуға әсте болмайды. Тек, Исламнан безген мүртәдтардың мейлі еркек болсын, мейлі әйел болсын өмір сүрулеріне құқы жоқ. Бірақ, ол жазаның өзін мемлекет қана белгілей алады.

Мүмин өзінің мүмкіндігімен өзгелерден артық болмайды. Егер мүмин адам басқа діндегі адамға әлімжеттік көрсететін болса, дүние мен ақыретте жазаланады. Сондықтан, мұсылмандар өзге дін өкілдерінің де ақысына құрметпен қарап, діні басқаның әлдебір заты қолына түскен жағдайда, иесіне қайтарады, өзі болмаса жақын туыстарына, мұрагерлеріне тапсырады. Осы арқылы бір жағынан Исламның шын ізгілігін көрсетеді.

Ешкімнің де құқығы аяққа тапталуы тиіс емес. Мұсылманның кісілігі ақиқат пен әділетті жақтағанда көрінеді. Аллаһ тағала шындықты, әділетті жақтауда бізді дәйекті, тұрақты қылсын[96].

Адамдарды діні басқа екен деп алаламай, мәміле талаптарын қатаң сақтап, уәдеде тұру керек. Басқа дін өкілі болса да, соғысып жатқан жауының әйелдерін, бала-шағасын, қарттар мен дін адамдарын өлтіруге болмайды. Оларды азаптауға, жәбірлеуге тағы рұқсат жоқ. Өзге дін өкілдерін мәжбүрлеп діндерінен бас тартқызуға тыйым салынған.

Олардың діни жоралғыларын жасауына кедергі келтірмей, кедей-кепшіктеріне қарасып, науқастарының көңілін сұрап бару қажет. Сондай-ақ, олардың діни сенім-нанымдарын келемеждеу, табынған пұттары мен тәңірлерін тілдеу мен сындыру да ерсі қылық. Құран кәрім: **«Олардың Аллаһтан өзге сиынгандарын балағаттамаңдар. Әйтпесе, олар да білмей Аллаһқа тіл тигізеді»**, – деген («Әнғам» сүресі, 108-аят).

Мұсылман адам ел ішіндегі бөгде дін өкілдеріне тілімен де, қолымен де қиянат жасамайды, дүниесіне қол сұқпайды, оларды балағаттамайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): **«Мен мұсылман елінің шаңырағы астында бейбіт күн кешкен өзге діндегілерге жәбір көрсеткеннің дұшпанымын»**, – деген. Мұсылман діні тек қана бейбітшілікке негізделген. Құранның «Ниса» сүресінің 136-аятын тәпсір жасағанда, Құртуби және басқа да тәпсір ғалымдары аяттағы «бөгде көрші» сөзін діні бөлек көршілер деп түсіндірген[97].

Құрандағы **«Уа, халқым, Аллаһтың шақырушысын қабылдаңдар және Аллаһқа иман келтіріңдер. Сонда күнәларыңды жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды»** («Ахқаф» сүресі, 31-аят) деген аятын түсіндіргенде ғалымдар «күнәларды жарылқап» деген жолдар арқылы тек Аллаһтың ақысы туралы сөз болғанын меңзейді. Өйткені, адамның мойнындағы кісі ақысы тек иман келтірумен кешіріле салмайды. Рас, өзге діндегі адам қан төгіп, қарақшылық жасап, кейін мұсылмандыққа өткен болса, барлық күнәсі жуылады. Дегенмен, ол кезінде

әлдекімен аманат немесе қарыз алған болса, Исламға кіргеннен кейін қарызын қайтармай қоюға құқығы жоқ. Мұсылман еместер өзара мәміле жасағанда мәміле талаптары олардың біреуінің Исламға кіруімен өзгермейді. Әу бастағы келісім сақталады[98].

Кісі ақысының кешірілуі үшін тек Аллаһтан ғана кешірім сұралмайды, ақы иесінің де разылығын алу керек.

*Ей, билер, еш білмейсің өлеріңді,
Харам іске жұмсайсың өнеріңді.
Зар жылатып момынның жейсің малын,
Иманыңнан білмейсің төлеріңді.
Қорықсаң би, кедейден жеме пара,
Ақыретте екеу жоқ, жүрер дара.
Қызығына жалғанның алданам деп,
Қияметте болмаңыз жүзіқара.*

Құлтума Сармұратұлы (1840-1915)

III БӨЛІМ

ҚОҒАМДЫҚ ОРТАДАҒЫ КІСІ АҚЫСЫ

Қоғамдық ортадағы кісі ақысы

Адамдар әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен, бірқатар қоғамдық тәртіп ережелеріне бағынуға тиіс. Айналаны таза ұстау, қоғамдық орындарды ластамау осы міндетке кіреді. Көпшілікке мәлім, тұрғындардың жауапсыздығынан пәтердің қылтимасынан (балкон) көрпешіні қағып сілкіу, кез келген жерге шекілдеуік, сусын қалбырын, темекі тұқылын және басқа да тұрмыстық заттардың қалдықтарын тастау, жаяу жүргінші жолына, жол бойына қақырынып, түкіріну секілді жағымсыз қылықтар барынша белең алған. Мұндай келеңсіз жайттардың нәтижесі халық тығыз қоныстанған ірі қалаларда санитарлық талаптардың сақталмауына, қоғамдық көпшілік орындардың барынша ластануына апарып соғуда.

Дініміз тазалықты иманның жартысы деп, айналаны, үй-жай, қора-қопсыны таза ұстауға, ұқыпты болуға барынша мән берген. Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мешіттің қабырғасындағы түкірікті өз қолымен таспен қырып тазалаған екен. Бұл әрекетінің өзі-ақ оның айналаның тазалығына қаншалықты мән бергенінің көрінісі емес пе? Көне Стамбулда Фатих Сұлтан Мехмет патша заманында қала көшелерін түкіріктен әктас төгіп тазарту үшін арнайы адамдар жұмылдырылған екен.

Жаяу жүргінші көп жүретін жол бойын, демалыс орындарын былғау Исламдық тәртіпке кереғар. Қазіргі кезде сулық, қағаз майлықтың түр-түрі тұрғанда көшеге қақырынып, түкіріну өте жиіркенішті, мәдениеттілікке жатпайтын өрескел қылық. Көп қабатты үйлерде кіреберіс тұрмақ пәтердің тазалығын сақтамауды көрші ақысын бұзғандық деп білген жөн. Қоғамдық ортаның әдебінен аттамай, мұсылман қандай жағдайда да басқа адамдардың ренішін туғызатын іс-әрекеттен іргесін аулақ ұстағаны абзал.

Зауыттарда аспирациялық ауаны тазартуға тиісті қондырғылардың болмауы, егер бола қалған жағдайда ескірген, сүзгісінің қуаты әлсіз болуы да ойландырарлық жайт. Зауыттардан, жылу электр станцияларынан ауа бассейніне тасталатын күкірт тотығы, көміртегі тотығы, бейорганикалық шаң секілді лас заттар өсімдіктер әлемі мен адам организміне қауіпті.

Кәсіпорындардың өндірістік санитария талаптарын сақтамауы кісі ақысын бұзғандықтың айқын белгісі емей немене? Жерасты және жерүсті су көздерін өнеркәсіп қалдықтарымен ластау да кісі қақысын бұзудың бір айғағы.

Адам денсаулығына қауіп төндіретін іс-әрекеттің баршасын кісі ақысын аяқасты еткендік деп санағанмыз жөн. Мәселен, ауруханаларда дер кезінде сапалы медициналық көмек көрсетпеудің нәтижесінде сырқаттың денсаулығының нашарлауы, өмірінің үзілуі құқық бұзушылықтың нақ өзі. Емдік препараттардың адам денсаулығына жанама әсерлерін жасырып, жарнамалау да құқық бұзушылық қатарына жатады.

1. Даңғаза музыка қою

Даңғаза әуендер кісінің мінез-құлқы мен психологиясына, тіпті ағзасына айтарлықтай кері әсер ететіні белгілі. Қалалы жерде көп қабатты үйлерде өмір сүретін адамдар бұған баса мән беріп, әсіресе, жұмыстан шаршап-шалдығып келген тұрғындардың тынығуын қадағалап, түн ауғанша музыканы дабырлатып қоюды доғарғаны дұрыс.

Өндіріс орындарында әртүрлі технологиялық қондырғылардың шуылын азайтуға мүмкіндік болмаудың салдарынан шаңырағына титықтап оралған тұрғынның тынығуға, демалуға арнаған уақытында музыканы құлақ тұнатындай айқайлатып қою қоғамдық тәртіп пен кісі ақысын бұзғандық болып табылады. Әрине, ойын-сауық құрып, көңіл көтеру адамның өз ықтиярындағы нәрсе, оған ешкім тыйым сала алмайды. Бірақ, құқықтар мен бостандықтар жүзеге асырылғанда көпшіліктің мүддесі ескерілетіні, оған ішінара шектеулер қойылатыны әманда есте болғаны жақсы.

2. Темекі

Иләһи діндер мен қолданыстағы құқық жүйесі адамның жеке басына зиянын тигізетін, сондай-ақ қоғам өмірінде келеңсіздік тудыратын кез келген іс-әрекетті айыптайды. Сондай жағымсыз құлықтың бірі адамдардың таза ауа жұтуына, еркін тыныс алуына ерік бермейтін темекі шегу мәселесі.

Темекі шегетіндердің өз денсаулығын бұзып қана қоймай, айналасындағылардың, отбасы мүшелерінің де ағзасын улайтыны ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген. Темекі тек жекелеген адамдардың ғана емес бүкіл халықтың денсаулығына кесірін тигізеді, онымен күресу көп қажыр-қайрат пен еңбекті талап етеді. Қоғамдық көпшілік орындарда темекі шегуге тыйым салынған. Ысырапты дінімізде харам деп түсіндірсе, темекіге жұмсалған ақшаның ысырап екені айдан анық. Темекінің шеккен адамға да, шеккеннің қасында тұрып түтінге қақталған адамға да зиян екенін ескерсек, шылымға үйір болудың Аллаһ ақысына да, кісі ақысына да нұқсан келтіру екенін білеміз.

Қоғамның, әлеуметтің биік мүддесін жеке адамның мүддесіне жыға алмаймыз. Сол секілді қоғамдық көпшілік орындарды, демалыс аймағын, жолдарды толықтай немесе ішінара заңсыз иемденуге тыйым салынған. Мұндайда жер үлесін заңдастыру, жалға беру сервитут секілді шектеулер қойыла отырып жүргізілуі мүмкін. Сервитут – бөтеннің мүлкін белгілі бір шекте пайдалану құқығы, сондай-ақ жер телімін иеленушінің құқығын заң жүзінде шектеу.

Жеке басының қамын күйттеп айналаға бей-берекет қалдықтар тастаған, қилы жолдармен қоршаған ортаны былғаған, қысқаша айтқанда, көпшіліктің ақысын аяққа басқан адамдар үлкен қателікке ұрынуда. Себебі, бірлі-жарым адамның емес, қалың көпшіліктің құқығын таптаудың зауалы оңай болмаса керек.

3. Жол бойының ақысы

Мүминге тән қоғамдық этиканың бірі – жол жүру мен жолай ұшырасқан жүргіншілерге де

катысты өрбиді. Жолай әңгіме-дүкен құрып отырғандарды көрген Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бұдан тыюдың амалын ойлап, жол бойына жайғасып отырып әңгіменің көрігін қыздырғысы келгендерге: «Олай болса, жолдың ақысын беріңдер» деп ескерткен. Жолдың ақысы не екенін сұраған сахабаларға: «*Көзді харамнан сақтау, халыққа жәбір-жапа шектірмеу, сәлем бергенге жауап қату, жақсылыққа шақырып жамандықтан тыю, жөн сұрағанға жол көрсету, жәбір көргенге болысу*» деп жауап берген екен[99].

Көзді харамнан сақтау көңілдің байыптылығын да сақтайды. Жолшыбай өткен-кеткен әйел затына тесіле қарау отбасындағы, ел ішіндегі бүлінушілікті, іріткіні тудырады. Төмен етектінің түр-тұлғасына сұқтана назар салу ойды сан-саққа жүгіртетіндіктен дана халқымыз «Көз сүзген көрінгенге көңіл – арсыз» деп тыйым салады. Жүргіншіге, жолаушыға жәбір көрсетпе деген хадис сөзі оларды жолдан бөгеу, ғайбаттау, тілдеу секілді жағымсыз қылықтардан аулақ болуды меңзеген. Демек, жолшыбай өткен жолаушыларға назар салу дінімізде тыйым салынған құқық бұзушылықтың бір түрі.

Осындай жағымсыз жайттың бірі жол бойында тауарын жайып, заңсыз сауда жасап жүргендер. Көше қапталдарын жайма базарға айналдырғандар жүргіншілер жолын кес-кестеп, оларды автокөлік жолдарымен, тротуар жиегімен жүруге итермелейді. Қара базарды жан бағу, «қара қазан, сары баланың қамы үшін» десек те, ақтап аларлық, құптай қоярлық мәселе емес. Өйткені, бұл саудагерлер салықтан жалтарғандарымен қоймай көпшіліктің жолда жүріп-тұруына да қиындық туғызады.

Жол ақысы туралы сөз қозғалған басқа да хадистерде жол жүруге бөгет болған нәрселерді шетке ысыру, жол бойын, демалатын орындарды ластамау, зәр сындырып былғамау, қоғамдық көпшілік орындарда шамадан тыс отырмау секілді мәселелер айтылады.

Ауаны, суды, жердің топырақ қабатын зиянды қалдықтармен ластаумен қатар жерге түкіру, темекі тұқылы, шекілдеуік қабығы секілді тұрмыстық қалдықтарды тастау да тұрпайы, жағымсыз қылықтар болып табылады.

4. Қоғамдық орындарда жүріп-тұру әдебі

Мұсылмандардың өмірінде мешіттің орны бөлек. Қоғамдық көпшілік орындарға, әсіресе мешітке алба-жұлба ұсқынсыз күйде, иісі қолқаны қабатын кір киіммен кіріп баруға болмайды. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «*Мешіттер зәр сындыратын немесе басқа да өрескел қылық жасайтын орын емес. Бұл жерлер тек Аллаһ тағаланы зікір етуге (еске алуға), намаз және Құран оқуға арналған*», – деп баса айтқан[100].

Тағы бір хадисте мешіт ішіне түкіру күнә, оның өтеуі мешітті тазалау екені айтылған. Мұндайда намаз оқылатын жерге төселген төсенішті (кілем, мәрмәр, топырақ, құм және басқа) кірдің ізі қалмайтындай мұқият тазалау қажет. Көпшілік жиналатын орындарда көзге түскен былғаныштарға бей-жай қарамай, мүмкіндігінше тазалаған жөн екені де бізге хадистерден жеткен.

Қоғамдық көпшілік орында айқай-шу шығарып, халықтың мазасын алу да мүминнің әдебіне жат. Сондай-ақ, мешітте айтысып-тартысуға, дауыс көтеріп сөйлеуге, жоғалтқан нәрсені жар салып сұрастыруға, сауда-саттықпен және басқа да нәрселермен шұғылдануға болмайды. Мешіттегі ғибадат жасаушыларды алаңдатпай тыныштық сақтаған абзал.

Сарымсақ, пияз секілді иісі адам жанын тіксіндіретін нәрселерді жеп мешітке кіруге тыйым салынғаны хадисте айтылған[101]. Бұдан біз аузымыздан, бойымыздан күлімсі иіс шыққан күйде көпшілік жиналған жерге бару әдепсіздік екенін білеміз. Хазірет Омар (р.а.) кезекті жұма құтпасында: «Уа, мұсылмандар, сендер мына екі иісі жағымсыз көкөністі (сарымсақ, пияз)

жейсіңдер. Мен Аллаһ елшісінің (саллаллаһу алейһи уә салләм) мешітте әлдекімнен осылардың исін сезгенде мешіттен Бақи қабірстанына дейін аулаққа жібергенін көргенмін. Сондықтан, кім болса да бұлардың өткір исін басу үшін пісіріп жесін», – деген екен. Ал, бүгінгі таңда көпшіліктің тынышын кетіретін нәрселер қатары тіпті молая түскен, олардың қатарында ұялы телефондар, газ шығаратын оттықтар, темекі, өткір исі бар дәмдеуіштер қосылған шұжық секілді тағамдар бар.

Кісі көп жүретін жолдарға, көлеңкелі жерлерге, ағын суға зәр сындыруға болмайтыны туралы айтылған хадистер бізге қоғамдық көпшілік орындарда тазалық сақтаудың қажеттілігін ескертеді[102].

Көпшіліктің игілігіне ортақ демалыс орындарын, саябақтарды тұрмыстық қалдықтармен ластағандар онда серуендеуге, демалуға келгендердің көңілін қалдырып, құқығын таптайды. Бұлай ету дінімізге, мұсылманның ахлағына қайшы. Ислам діні мұсылманның жеке басының ғана емес, үй-жайы, қора-қопсысы мен айналасының таза болуына да баса мән берген. Олай болса, мүмин ұқыпты, жинақы болуы, айналаны ластамауы, шаң-тозаңға да бей-жай қарамауы тиіс.

Қазіргі кезде табиғаты әсем, орман-тоғайлы, жайылымдық жерлерді, шарасыз қолы қысқа панасыз адамдардың жер телімдерін Аллаһтан да, адамнан да қорықпайтындар әлімжеттік қылып тартып алып, не болмаса қорқытып сатып алып, керегіне жаратып жатыр. Олардың көпшілігі азуын айға білеген алпауыттар болғандықтан, заң жолымен ауыздықтаудың да реті түсе бермейді. Зорлықпен тартып алынған мүлікке Ислам құқығы ешқандай меншік құқығын бермейді, яғни мүлікті жылдар бойы ашық, ұдайы иеленсе де мүліктің меншік иесі болып табылмайтын зорлықшыға мүлікке билік ету құқығы берілмейді. Тіпті, Ислам ғалымдары мұндай жерлерде оқылған намаздың жарамдылығы туралы да екіұдай пікірде.

Табиғи ортаны қорғауда адамның санасы, түсінігі, ар-ұжданы басты рөл атқарады. Істеген іс-әрекетінің Аллаһ құзырында күнә, заң тұрғысынан құқық бұзушылық, адамдар арасында айыпталатын қадам саналып, және мұнысы ерте ме, кеш пе бетіне салық болатынын білген адамның мұндайға әу бастан жоламайтыны анық.

5. Жол-жүру ережелерін сақтау

Елімізде жол қозғалысы ережелерін сақтамаудың салдарынан әр жылы мыңдаған адам қаза табады. Жол-көлік апаттарының тым жиілеп кетуінің объективті себептері ретінде білместікті, алкогольді, есірткі немесе өзге де ақыл-естен айыратын заттардың әсерінен көлікті мас күйде жоғары жылдамдықпен жүргізуді, инфраструктураның жеткіліксіздігін, жауапсыздықты айтуға болады. Жол ережелерін сақтау жүргізушілердің де, жүргіншілердің де міндеті. Ислам құқығы тұрғысынан алсақ, жол ережелерін сақтау да уәжіп саналады.

Жол-көлік апаттарының көбі жүргізушілердің жылдамдықты шамадан тыс асырып жіберуінен туындап жатады. Сондықтан, шағын елді-мекендердің ішінде көлікті белгіленген межеден аспайтын жылдамдықпен жүргізу уәжіп. Жүргізуші жоғары жылдамдықпен көлік жүргізіп келе жатып, соңы кісі өліміне апарып соққан жол-көлік апатына ұшыраса, оның бұл іс-әрекетін қылмыспен пара-пар құқық бұзушылық деп бағалауға әбден болады.

Ислам құқығы бойынша бөгде адамның өміріне, денсаулығына, меншігіндегі мүлкіне зиян келтірудің алдын алуға мүмкіндік бола тұра бұған жол берген адам немкеттілігі үшін жауапқа тартылады. Жол-көлік оқиғаларына осы тұрғыдан көз салсақ, бұған абайсыздықпен болса да жол бергендердің кісі ақысын бұзатындығын аңғарамыз.

Көліктер соқтығысына апарып соғатын себептердің бір парасы ретінде жол қозғалысы

ережелерін бұзғаны үшін тағайындалатын әкімшілік жазалардың жеңілдігін, анау-мынау құқық бұзушылықтарға көз жұмып қарайтын жол полициясы қызметкерлері арасында кең жайылған парақорлықты айтуға болады.

Көпшілік арасында құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің қалыптасуы жол-көлік оқиғалары санын айтарлықтай қысқартуға, оның алдын алуға мүмкіндік береді. Мәселен, дамыған елдерде әділетсіздікке, құқық бұзушылыққа бей-жай қарамайды, олар белсенді түрде мұндай іс-әрекеттерге қарсылық білдіруді азаматтық ұстаным ретінде басшылыққа алған.

6. Қоғамдық орындарда кезек сақтау

Қазіргі таңда қоғамдық орындарда кезек күту үйреншікті жағдай. Мұндайда кезек сақтамау да кезекке орынсыз килігу ісі де жиі орын алады. Бұл – дағы кісі ақысын аяқ асты етудің бір түрі. Көлік жүргізуші үшін алдындағы көлікті орынсыз басып озу құқық бұзушылық болса, автобус, троллейбусқа кезектегі адамдарды қағып, соға міну, орынсыз кимелеу де әдепсіздік.

Төлем төлеу үшін банк, почта кассаларында аурухана бөлімшелерінде, дүкенде кезекке тұрғандардың арасына сыналай кіруге ұмтылу да өзгелердің құқығын сыйламау, көргенсіздіктің бір түрі.

7. Авторлық құқықты қорғау

Әрбір ғалымға, мәдениет және өнер адамына, өнертапқышқа еңбегінің жемісін көруге мүмкіндік беретін өкілеттілікті «авторлық құқық» деп атайды. Авторлық құқық – шығармашылық қызметтің ауқымындағы ғылым, әдебиет және өнер туындыларына беріледі. Жалпы алғанда, авторлық құқық белгілі бір өнер авторын өз туындысының иесі деп тануға, туындыға қол сұғушылыққа қарсы әрекет етуге, туындыны жариялауға немесе жарияламауға мүмкіндік беретін, яғни уақытпен шектелмейтін жеке құқықтар. Автордың өз туындысын өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға және оны пайдалануға бергені үшін сыйақы алуға еркі, яғни мүліктік айрықша құқықтарға ие.

Қазіргі уақытта авторлық құқықты өрескел бұзып, автордың еңбегін, маңдай термен жеткен жетістігін өзгенің пайдалануы, әсіресе, музыка, кино туындылары саласында, кітап шығару ісінде қарақшылықтың кеңінен етек жайғаны жасырын емес.

Авторлық құқық объектілерін, мәселен, аудио-бейне таспаларды заңсыз пайдалануға, табыс табу мақсатында контрафактілік даналарын дайындауға, сондай-ақ, контрафактілік дүниелерді сатып алуға заңмен тыйым салынған, тек заңды түрде сатып алынған туындыны табыс табу мақсатынсыз бірлі-жарым дана етіп көшірмелеуге жол беріледі.

Ислам құқығының азаматтық, сауда айналымының объектісі болып табылатын игіліктер туралы дәстүрлі түсінігі мынаған саяды: тауар көзбен көріп қолмен ұстауға болса мүлік, ал көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дүниеге тауар ретінде қарауға болмайды. Ислам ғалымдарының дәстүрлі көзқарасы бойынша, кісі қолында бар кітапты сатуына, сондай-ақ бұл кітаптың нұсқасын көбейтіп сатуына да жол ашық. Өйткені, бұл оның меншігіндегі дүниесі, оны қалай кәдеге жаратамын десе өз қалауы біледі. Ал, авторлық құқық дегеніміз – абстрактілі дүние болғандықтан, ол сауда-саттықтың құралы бола алмайды. Оның сипаттамасы барлық тауар нысанына сәйкес келмейді.

Дегенмен, заманауи Ислам ғалымдары тауар ұғымының аясын кеңітіп, көзбен көріп қолмен ұстауға келмейтін рухани игіліктерді де тауарға теңестірген. Осылайша, туындыны тарату құқығын, өнертабысқа рұқсатты (патентті) немесе оны қолдануға деген лицензияны басқаларға сатуға рұқсат етілген. Шафиғи мәзһабында пайда әкелерлік тауар санаған. Мұнда пайда деп көзбен көріп, қолмен ұстауға келмесе де тиімділігі бар, иесіне табыс әкелетін мүліктік емес

игіліктер сөз болып отыр. Ислам ынтымақтастығы ұйымына қарасты Ислам фикһ академиясының шешімі бойынша, авторлық және сабақтас құқықтар қорғалуға жатады, зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесіне иесінің авторлық құқығы бар және оны бұзуға тыйым салынады[103].

8. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жеке құқықтарды сақтау

Бұқаралық ақпарат құралдарына көпшілікке жалған мәліметтер тарату, жеке адамның ар-намысын, қадір-қасиетін кемсіту, заңды ұйымдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіру, болған жайттардың өңін айналдырып жеткізуге жиі орын беріледі десек, мұның бәрі кісі ақысын бұзғандық болып табылады. Мұндайда жеке адамға немесе ұйымға орны толмайтын материалдық және моралдық зиян келетіндіктен, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтер теріске шығарылуы тиіс.

Теледидар және радио желісінде біреуді сын садағына іліп ғайбаттап, оның ар-ұжданын, абыройын аяқасты ету, кісі ақысын белден басу екені айтпаса да түсінікті. Айта кететін бір жайт, жекелеген адамдар немесе ұйымдар туралы хабар жүргізу барысында шындықты бұра тартып сыңаржақ пікір айту оңай, бірақ, мұның салдарын, материалдық және моралдық зиянның орнын толтыру қиынның қиыны. Өйткені, аққа қара күйе жағылған хабарды көріп-білген көпшіліктің санасында теріс пікір қалыптасады. Сосын қанша ақтап, сылап-сипағаныңмен көңілдерден кірбінді кетіре алмасың анық.

Осы орайда халық қалаулысына айналған сыйлы азаматтарды қаралап мәлімет таратудың салдары тым ауыр болатынын айта кеткен жөн. Өйткені, бұл жағдай бірлі-жарым адамның ар-ұжданына нұқсан келтіріп қоймайды, көптің мүддесін, қоғамдық пікірді аяқасты еткендік болып табылады. Ал, көп қорқытып, терең батыратынын ескерсек, олардың алдында ақталу тым қиынға соғады.

9. Көпшілік құқығын аяқ асты ету

Көпшілік құқық – билік пен бағыныштылық бастауларымен субординация қатынастарына құралған, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғауға алған, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттігін, олардың азаматтармен және заңды ұйымдармен қатынастарын реттейтін құқықтың бір бөлімі.

Көпшілік құқықты, яғни мемлекеттің, әлеуметтің құқығын аяқ асты ету үлкен күнә. Өйткені, оны қалпына келтіру мүмкін емес. Көпшіліктің мүддесі сөз болған жерде әдетте жекелеген тұлғалардың да құқығы ескеріледі. Көпшіліктің пайдасын көздейтін мәселелер барлық адамдардың пайдасына шешілуі тиіс. Көпшілікке ортақ дүние-мүлікке қол сұғудың обалы тым ауыр. Бұл тұста өзін өзгелермен салыстырып, «өзгелер түйені түгімен жұтып жатқанда мен неге биені бүгімен жұтпаймын» деген сыңаржақ ой жақсылыққа апармайды, өйткені әр кісі ақыретте өзі үшін жауапты. Сондықтан, мүмин адам Аллаһтың құзырында есебі түзу, жүзі ақ болудың амалын жасап бағады.

Көпшілік құқықты аяқ асты етуге мемлекеттік сатып алу-сату мәселесіне қатысты адал бәсекеге кедергі келтіру де жатады. Қазіргі таңда мемлекеттің қаржысын тапсырысты тиісінше тиімді орындайтын ұйымдарға бергізбей, заңсыз сыйақы ала отырып көлденең көк аттыға ұстата салу жиі кездесіп жатады десек, қателеспеген болармыз.

Мемлекеттік, қоғамдық мекеменің мүлкін жеке басының қажетіне жарату да көпшілік құқықтың аяқ асты етілуінің бір мысалы. Біз жұмыс істеген мекеме мемлекеттік болса да, болмаса да оның меншігіндегі мүлікке мұқият болуға тиіспіз. Бізге сеніп тапсырылған қаржыны, басқа да тауар-материалдық құндылықтарды жеке бас пайдамызға жаратпауға, аманатқа қиянат

жасамауға міндеттіміз.

Тақырыпқа қатысты мына бір оқиғаны шынайы, саналы мүминнің ұстанымы ретінде баяндай кеткенді жөн көрдік. Хазірет Омар (р.а.) бірде түнделетіп жұмыс істеп отырғанда бір сахаба сәлем бере келеді. Хазірет Омар (р.а.) оның сәлеміне жауап қатпайды, жүзіне де қарамайды. Жұмысын аяқтаған соң, білте шамды сөндіріп, басқа бір шамды жағады да, сәлемін алады. Әңгіме барысында сахаба: «Уа, Омар, неге сәлемімді дереу алмадың? Неге бір шырақты сөндіріп, екіншісін жаққан соң ғана менімен сөйлесе бастадың?» деп, әлгі әрекетіне таңырқай сұрақ қояды. Сонда Хазірет Омар (р.а.): «Алдыңғы шырақ мемлекеттің қазынасынан алынған. Оның жарығында отырып жеке басымның шаруасымен айналыссам, Аллаһтың құзырында халім не болмақ? Сенімен мемлекеттің шаруасын сөз қылмайтын болғандықтан, қазынаның шырағын сөндіріп, өзімнің ақшама сатып алынған шамды жақтым. Содан соң әңгімелесуге көштім» дегенде, сахаба оның мемлекеттің мүлкіне жанашырлығына тәнті болып: «Уа, Раббым, Хаттабтың ұлы Омарды мың жасат», – деген екен.

Бұл жайт дініміздің талабы бойынша, мемлекеттің дүниесін шашау шығармай тиімді жұмсау қажеттігін айқын аңғартады.

Мемлекет бос орынға жарияланған бәйгеде үміткер сынақтан сүрінсе де, тамыр-таныстықпен жайлы орынға жайғастыру, мансабын жеке бас мүддесіне пайдалану, мемлекеттік, қоғамдық мүлікті, қаржыны иемденіп кету, көпшілікке қызмет көрсеткенде адамдарды алалау, әділетсіздік таныту секілді іс-әрекеттің бәрі мүмин бойын аулақ ұстайтын амалдар.

Мемлекеттік қызметші, азаматтық қызметші өз қызметіне адал болуға, әрдайым этика сақтауға, жаңсақ пікір айтпауға, асығыс қадам жасамауға тиіс. Аллаһқа иман келтірген әрбір басшының, әрбір адамның әманда Аллаһқа асылық жасамауды ойлағаны жөн.

*Қажылар бұл күнде жүр көп сарсаңда,
Екі үйдің бірі қажы бұл қарсаңда.
Өтемей кісі ақысын құтылмайсың,
Меккеге жаяу жылап жүз барсаң да.*

Мәшһүр Жүсіп (1858-1931)

IV БӨЛІМ

МҰСЫЛМАННЫҢ БІР-БІРІНДЕГІ АҚЫСЫ

Мұсылманның бір-біріндегі ақысы

Құқық адамды дінге, нәсілге немесе жынысқа бөліп-жармайды, ол жалпыға ортақ басты құндылық. «» деу арқылы да мұсылмандардың өзара қарым-қатынасында сақтауға тиіс дағдыларды айтып отырмыз.

Нағыз мүмин Аллаһқа иманы, ғибадаты, кісі ақысына мұқият болуы арқылы қара қылды қас жарғандай әділ өмір сүруге тиіс. Тіпті, мүмин бауыры күнә жасағанда өзегі өртенетін, өзінің бас пайдасынан гөрі өзгені ойлайтын кең жүректі жан болуға ұмтылуы қажет. Әр мүмин кісі ақысы мансұқ етілетін жағдайға жол бермеуі тиіс. Мүмин кісі ақысына келгенде екінші тараптағы мүминнің де мүддесіне, пайдасына оң көзбен қарауы керек.

Осы бөлімде қозғалатын мәселелерді Имам Ғазали сынды үлкен Ислам ғалымы «ақы, құқық» мәнінде қарастырған. Аят пен хадистерде баяндалған бұл заңға тән жүйені жалпылама мінез-құлық ұстанымдары ретінде қабылдауға да болады. Бірақ, астарына үңілсек, бұл

жайттардың кісі ақысын мансұқ етуге апаратын факторларға айналу қаупі барын көреміз. Сондықтан, осы бөлімде баяндалған мәселелерді мүмкіндігінше кеңінен саралап қараған жөн.

Көрнекті Ислам ғалымы әрі ойшылы Имам Ғазали мұсылманның мұсылман бауыры алдындағы міндеттерін былай жеткізеді [104]:

1. Сәлем беру

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерінде «жол жүргеннің ақысы» деп аталған міндеттер қатарында сәлем беруді айрықша атайды. Тағы бір хадисінде: *«Тіл қатпай тұрып алдымен сәлем беріңдер»*, – деген [105].

Сәлемдесуді елге жаюдың қандай игі амал екенін мына хадистен білеміз. Біреу Аллаһ елшісінен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Исламның ең қайырлы қасиеті қайсы деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) оған: *«Қонақасы беру, танысқа да, бейтанысқа да сәлем беру»*, – деп жауап берген» [106]. Дастархан басында отырған қонақтың үй иесіне дұға еткені дұрыс. Ризығын табуға себепкер болған жұмыс берушіге де жұмысшы тап солай тілеулес болуы керек.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жеті нәрсені жасауға асық болуымызға әмір еткен хадисінде «сәлемді кеңінен тарату» да ұмыт қалмаған. Мұның жақсы бастама, ізгі амал екенін мына хадистен аңғарамыз: *«Сендер иман келтірмейінше, жаннатқа бара алмайсыңдар. Бір-біріңді жақсы көрмейінше, иман келтірген болмайсыңдар. Біріңді-біріңе деген құрметті арттыратын не екенін айтайын ба? Араларыңда сәлемдесуді жайыңдар»* [107].

Туфәйіл ибн Үбәй ибн Кааб үнемі Абдуллаһ ибн Омармен бірге базар аралауға шығатын. Сондай күндердің бірін былай деп еске алады: «Біз базар аралағанда Абдуллаһ қарсы жолыққанның бәріне, ескі-құсқы сатқанға да, қымбат дүкен ұстағанға да, жарлы-жақыбайға да сәлем беретін. Кезекті бір базарға барарда тағы да мені ерте кетті. Әдеттегідей базар араладық. Абдуллаһ ештеңе сатып алмады. Мен көптен бері көкейімде жүрген сұрақты осы жолы қойдым. «Сен өзің онша сауданың жөнін білмейсің, не бір зат алмайсың. Базарға не үшін келесің?». Менің бұл сұрағыма Абдуллаһ былай деп жауап берді: «Уа, Әбу Батн [108], біз мұнда жұртпен амандасу үшін келеміз. Жолда ұшырасқандардың бәріне де сәлем беру үшін» [109].

Үлкен Ислам ғалымы имам Құртуби сәлемхатқа жауап қату турасында былай деген: «Сәлемхатқа міндетті түрде жауап қату керек. Өйткені, алыстан келген хат жолда кездескен адамнан алған сәлем сияқты. Осы тұрғыда Абдуллаһ ибн Аббас өзіне келген хатқа жауап жазуды уәжіп деп білген. Бұл туралы Исламның құқықтық мектептері саналатын мәзһабтарда нақты бір үкім болмаса да, сәлем жолданған хатқа жауап жазу уәжіп деп бағалануы тиіс. Салыстыра қарасақ, хатқа жауап жазу ауызша сәлемге жауап бергенмен бірдей. Тек, хатты жауапсыз қалдыру оңай, алайда жүзбе-жүз кездескенде айтылған сәлемді алмау қиынға соғады» [110].

Байланыс желісінің технологиясы барынша дамыған мына заманда электронды пошталар мен телефон хабарламаларын осы тұрғыдан қабылдауымыз керек. Сәлем жолданып жазылған хат-хабарламаларға қайтарма жауап жазу мұсылманнан сұралар міндеттің бірі.

2. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу

Аллаһ тағала Құранда мұминдерді *«Аллаһ елшісімен бірге болғандар кәпірлерге тым қатал, өзара өте мейірімді»* деп сипаттаған («Фәтих» сүресі, 29-аят). Шынайы мұмин дініне берік, туған-туысына мейірбан, дұшпанына тастай қатты болады. Үлкенді сыйлап, жасы кішіге, әлсізге, жетім-жесірге қамқор келеді.

Аллаһ тағала мұхажир бауырларынан ештеңелерін аямаған ансарларды мақтап былай деген: *«Мәдинаның байырғы иман еткен тұрғындары көшіп келгендерді жақсы көреді, олармен бөліскен дүниелері үшін өкінбейді. Сондай-ақ, өздерінде таршылық бола тұра, олардың*

қиналғанын қаламайды» («Хашр» сүресі, 9-аят).

Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Үлкенге құрмет көрсетпеген, кішіге қамқор болмаған бізден емес»,* – деген [\[111\]](#). «Бізден болмау», яғни Аллаһтың шарапатынан, оның елшісінің шапағатынан мақұрым қалу мүмин үшін адам төзгісіз жағдай. Аллаһ пен елшісінің жолынан айнымау үшін мүмин әрдайым иләһи әмірлерді бұлжытпай орындауы тиіс.

Аллаһ жолында бірін-бірі жақсы көргендер жайында Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді: *«Жеті адам бар, Аллаһ тағала оларды алақандай да сая табылмаған қиямет күні өз көлеңкесіне алады. Соның бірі бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көріп, Аллаһ үшін кездескен, Аллаһ үшін тарасқан адамдар»* [\[112\]](#).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың қиямет күні былай дейтінін айтады: *«Бір-бірін менің разылығым үшін жақсы көргендер қайда? Көлеңкемен басқа ешқандай пана қалмаған бүгін оларды аршымның саясына паналатамын»* [\[113\]](#).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасу мүминдердің тез тіл табысуына сеп болатынын мына хадисте айтады: *«Жанымды құдіретті уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, сендер иман келтірмей жаннатқа кіре алмайсыңдар. Бір-біріңді жақсы көрмей толық иманға келмейсіңдер. Өзара сүйіспеншіліктеріңді арттыратын нәрсені айтайын ба? Сәлемдесуді араларыңда кеңінен жайыңдар»* [\[114\]](#).

Сәлем – мүминдердің жан сарайын ашатын кілт. Бұл сиқырлы кілтпен мүмин бауырларының көңілін табады, бір жағынан сауапқа да кенеледі. Ал, сәлемге салқын қарау адамдарды тоңторыстыққа алып барады. Сәлемге сараң мұсылман бауырымен қарым-қатынасын суытады, сөйтіп туыстық ақысына сын келтіреді.

Әбу Идрис әл-Хаулани айтады: «Шамдағы мешітке кірген едім. Анадай жерде жүзі шырайлы бір жас жігітті көрдім. Түрлі тақырыпта пікір таластырған жамағат соның сөзіне тоқтап, бас иіп отырды. «Бұл кім?» деп едім, отырғандар: «Муаз ибн Жәбал (р.а.)» деп жауап қатты.

Ертеңіне ертемен тағы мешітке бардым. Әлгі жігіт менен бұрын келіп намазда тұр екен. Намазын бітірген соң қасына барып:

– Аллаһқа ант етейін, сені жақсы көремін, – дедім.

– Аллаһ үшін жақсы көресің бе? – деп сұрады.

– Иә, Аллаһ үшін, – дедім.

– Шынымен де Аллаһ үшін жақсы көресің бе? – деп қайта сұрады.

– Иә, шынымен де Аллаһ үшін жақсы көремін, – дедім. Сол-ақ екен шап беріп киімімнен ұстап, өзіне қарай тартты да:

– Құттықтаймын! Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың былай дегенін айтады: *«Тек мен үшін бір-бірін жақсы көрген, менің разылығым үшін жиналған, менің разылығым үшін бір-бірін зиярат еткен, менің разылығым үшін садақа беріп, игі амал жасаған жан менің сүйіспеншілігіме бөленеді»,* – деді» [\[115\]](#).

Мүмин бауырын жақсы көріп және сол сезімін бүкпей айтатын [\[116\]](#) мұсылмандар арасындағы татулықтың басты кепілі.

Имам Ғазалидің мұсылманның мұсылманда ақысы ретінде осыны талап етуі жоғарыдағы хадистерден бастау алып жатса керек. Сүйіспеншілік болмаған жерде әуелі немкеттілік, сосын өкпе-реніш, кейін өшпенділік орын алады. Мұсылман адам қалай болғанда да, бауырларын жақсы көруге, олардың да жағдайын ойлап, қиын күндері қол ұшын беруі тиіс.

3. Мұсылманмен үш күннен астам уақыт араз болмау

Мұсылман адамның өзіндей мұсылманмен үш күннен астам уақыт араз болуы көрер көзге кісі ақысын бұзуы. Мұсылмандар арасындағы керіс пен тартыс аса қауіпті, ушықса арты дұшпандыққа, ел ішіндегі іріткіге, бүлікке ұласып кетуі мүмкін. Діндес бауырлардың бір-бірімен жауығуы үлкен күнә. Себебі, мұсылмандар туыс, әрі Аллаһ әманда араздасқанды жек көреді. Сондықтан, ақыретке кісі ақысын жүк еткісі келмейтін, Пайғамбар сүннетімен жүріп-тұрғанды қалайтын саналы мүмин мұндайға жол бермейді. Нәпсісіне ауыр тисе де, райынан қайтып ренжіскен адамымен тездетіп тіл табысуға тырысады.

«Шын мәнінде мүминдер өзара туыс. Сондықтан, туыстарыңның арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер» деген («Хужурат» сүресі, 10-аят) әмірі мүминдердің өзара бауыр екенін, басқа бауырларының арасынан қара мысық жүгіріп өткенде ара ағайындық жасау керек екенін білдірсе, **«Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа қол ұшын созбаңдар. Аллаһтан қорқыңдар...»** («Мәида» сүресі, 2-аят) деген аят мұсылмандардың күнәда, дұшпандықта бір-біріне болыспауға тиіс екенін білдіреді.

Пайғамбарымыз (с.а.с) да: *«Бір-біріңмен қарым-қатынасты үзбеңдер, бір-біріңнен теріс айналмаңдар, бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңді күндемеңдер, бір-біріңе бауыр болыңдар. Мұсылманның үш күннен артық мұсылман бауырымен араз болуы халал емес»*[\[117\]](#) деген еді. Қырғи-қабақтықтың емі екі жақтың бір-бірінің кінәсін жуып-шайып, мәмілеге келуі. Мүминге тән ынтымақ пен бауырмалдықтан айнымау.

«Мұсылманның діндес бауырына үш күннен артық кек сақтағаны жақсылық емес. Ренжіскен екеудің қайсысы бірінші болып кездескенде сәлем берсе, сол артық» [\[118\]](#), – деген Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) әр дүйсенбі мен бейсенбіде амалдардың Аллаһқа ұсынылатынын, діні бір бауырымен өштескен адамнан басқа Аллаһқа ширк қоспағандардың барлығының күнәлары кешірілетінін, ал кектенген адамдар жайлы Аллаһ тағала періштелерге: *«Мына екеуінің амалын бір-бірімен табысқанша, кейінге қалдырыңдар»* деген әмір беретінін айтады[\[119\]](#).

Ағайынның араздасқанын құптамайтын Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Мұсылман мұсылман бауырына үш күннен артық ренішті болып, осы өшіккен күйі өліп кетсе, тозаққа барады»* [\[120\]](#), – деген болатын.

Мұсылман бауырына бір жыл бойы кек сақтаған адамның оның қанын төккенмен бірдей күнә арқалайтынын айтқан Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) Тағы бірде: *«Бір мүминнің мүмин бауырына үш күннен артық суық қабақпен қарауы халал емес. Үш күн өткен соң, онымен татулассын, сәлем берсін. Екінші кісі оның сәлемін алса, екеуі де сауапқа кенеледі. Ал, берген сәлемін алмаса, алмағаны үшін күнәға батады. Сәлем берген кісі күнәдан арылады»*[\[121\]](#) деген болатын. Демек, араздасқан адамдар бірінші болып сәлем беріп, татуласуға қадам жасаса, онысы алдымен өзіне қайырлы болады.

4. Мұсылманды қуанту

Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) *«Мұсылманның бауырын қуантқаны Аллаһты қуантқаны іспетті»*[\[122\]](#) дейтін хадисінің басқа бір нұсқасында парыздарды орындаудан кейінгі ең игі амал екені айтылған. Қолдан келер көмегі болмаса да, адамдардың мұңына ортақтасып, жылы-жылы сөзбен көңілін аулау қамкөңіл кісі үшін үлкен демеу.

Жақсылық атаулы иманнан, махаббаттан бастау алады. Мейірбандық, жанашырлық, сүйіспеншілік дегендер ізгілік шеңберіндегі игі қасиеттер. Сүйіспеншілік жоқ жерде немқұрайлылық, нала, ашу-ыза, өшпендіктің өрті тұтанып, береке мен ырыс тұрақтамайды.

Сондықтан да Пайғамбарымыз өмірде ең бастысы адамдардың бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көруі тиіс екенін айтқан. Олай болса, шынайы мүмин темір есіктің ар жағындағы төрт қабырға ішінде тығылып жатпайды. Ел аралап, қабағы салыңқы адамдардың көңілін жұбатып, шерлі көңілдерге шаттықтың шуағын шашып жүреді.

5. Мұсылманға жылы шырай таныту, жақсылық жасау

Мұсылмандарға жылы қабақ таныту, мейірбан болу Аллаһ тағаланың әмірі екенін *«Мұсылмандарға қолқанат бол»* («Хижр» сүресі, 88-аят) деген аяттан білеміз. Ал, Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бұл әмірді мұқият орындағанын: *«Уа, пайғамбар, оларға жұмсақ сыңай байқаттың. Тұрнайы, қатал болғаныңда олар міндетті түрде маңайыңнан тарап кетер еді»* («Әли Имран» сүресі, 159-аят) аяты аңғартады. Тағы бір аятта *«Аллаһ тағала жақсылық істеушілерді сүйеді»* («Әли Имран» сүресі, 134-аят) деген хабар бар.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) жақсы сөздің жарым ырыс екенін төмендегі хадистерінде білдірген:

«Жарты құрма болса да, садақа беріп тозақтың отынан сақтаныңдар. Бұған да шамасы жетпегені өзін жақсы сөз арқылы қорғасын» [123].

Әбу Хұрайран (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): *«Жақсы лебіз – садақа»* [124], – деген екен.

Әбу Зәрдан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) былай дейді: *«Діні бір бауырыңа жымып қарау да жақсылық»* [125].

Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): *«Иманнан кейін ақылдың басы – адамдарға сүйіспеншілік пен жақындық білдіру»*, – деген екен [126].

Бір-біріне қабақ шытып, бір ауыз жылы сөз қимаған мұсылмандардың ынтымағы кемиді, бірлігі азаяды. Сондықтан, бір-бірімізге жылы ұшырай қарап, жылы-жылы сөйлейік, тату тірліктің ұйытқысы береке-бірлік екенін ұмытпайық.

6. Тілімен және қолымен мұсылманға зиян тигізбеу

«Шынайы мұсылман дегеніміз – өзгеге тіл де, қол да тигізбеген адам», – деген Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) мұсылмандарды бір-біріне зиян келтірмеуге, басқа түскен тауқыметке шыдас беруге, мүмин бауырының жағымсыз қылықтарына кешіріммен қарауға үндейді. Мына аятта мүминдерге қысым көрсеткендердің үлкен күнә арқалайтыны айтылған: *«Мүмин ер адамдар мен мүмин әйелдерді жазықсыз кейткендер әрине, жұртқа жала жауып, өздеріне ауыр күнә жүктеп алушылар»* («Ахзаб» сүресі, 58-аят).

Жұрттан сый – құрмет дәметкен адам бірінші болып өзі жұртқа құрмет көрсете білуі керек. Осы тақырыпта айтылған хадистердің бір парасын мысал етіп алға тартайық. Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ елшісі (саллаллауу алейһи уә сәлләм) былай деген: *«Кімде-кім жаһаннамнан алыстап, жаннатқа жақын барғысы келсе, өлімді Аллаһ пен ақырет күніне сеніп қарсы алсын. Бұған қоса, басқалардың оған жақсы қарағанын қаласа, өзі де жұртқа солай қарасын»* [127].

Ақыретте қуанышқа кенелу иман үйіріп жан тапсырғандардың бақытына жазылған. О дүниеге иманды болып аттану үшін адамның көзі тірісінде иманды болып өмір сүруі керек. Сый көргісі келген адам алдымен сыйлауды үйренуі керек. Өзінің табанына тікен қадалғанына төзбейтін адам өзгенің де өкшесіне тікен батуына қарсы тұруы тиіс [128].

Бір дін ғалымы шәкірттерінің әлдебір нәрсеге келіспей, өзара дауласып қалғанын көргенде жыларман болып: *«Бауырларымыннан сұрайтыным – рух таяздығынан, нәпсі мен шайтанның түртпегімен, не болмаса ойланбастан айтылған артық-ауыс сөздерге мән бермеңдер. Арыма*

нұқсан келтірді деп жалған намысқа ұрынбаңдар. Ашуға ерік бермендер, жеке басымның қадірін, абыройын қаншалықты жоғары санасам, соншалықты төмен иіп, бауырларымның ынтымағы мен кіршіксіз көңілі үшін құрбан етемін», – дегені бар еді[129].

7. Ренжіскен мұсылмандарға ара ағайын болып татуластыру

Бір-бірімен ренжіскен мұсылмандарды татуластыру, ынтымаққа шақыру Аллаһтың мұминдерге берген әмірі екенін ұмытпаған жөн. Онысын Құрандағы: *«Шын мәнінде мұминдер туыс. Сондықтан, араздасқан туыстарыңның арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер»* («Хужурат» сүресі, 10-аят) деген аят арқылы білдіреді.

«...Ендеше мұмин болсаңдар, Аллаһтан қорқып тату болыңдар. Және Аллаһқа, Пайғамбарына бағыныңдар» («Әнфал» сүресі, 1-аят), *«Кімде-кім садақа беруді, не бір жақсылықты немесе адамдардың арасын жарастыруды әмір етсе, ол қайырлы»* («Ниса» сүресі, 114-аят) деген аяттар ара ағайындықтың оңды іс екенін, мұсылмандардың бірлігі мен татулығына сеп болатынын айтқан.

Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) ренжіскен екі адамды жарастырудың садақа екенін айтуы[130] да айтылған ойды қуаттай түседі. Үммі Күлсім бинти Ұқба ибн Әбу Мұғайт (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) адамдар арасын жарастыру үшін айтылған өтіріктің күнә емес екенін айтқан[131].

Осыдан-ақ, дініміздің аразды татуластырып, дұшпанды достастыруға үлкен мән бергенін көреміз. Бір-біріне өкпелі мұсылмандарды көре тұра оларды татуластырмау иман иесіне мүлде жараспайды. Өзіне тілеген нәрсені өзгеге тілемеген жан мұмин емес. Мұсылман адам адамзаттың бақыты үшін титтей болса да үлес қосу арқылы ғана нағыз иманның дәмін татпақ.

8. Мұсылманның айыбын жасыру, ізін аңдымау

Құран кәрім мұсылмандардың айыбын жария етпеу керек екенін мына аятта білдіреді: *«Шынымен де мұминдердің ішінде арсыздық жайылуын жақсы көргендерге дүние мен ақыретте күйзелтуші азап бар. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер»* («Нұр» сүресі, 19-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) да: *«Кімде-кім мұсылманның айыбын жасырса, қиямет күні Аллаһ та оның айыбын жасырады»*, – деген[132]. Бұл тақырыпта айтылған тағы бір хадис мынадай: *«Үмбетімнің жасаған күнәсін жария қылғандарынан басқасының бәрі кешіріледі. Бір кісінің түнде күнә жасап, Аллаһтың оны жасырғанын және жарияламауын талап еткеніне қарамастан, таңертең тұрып, «мен түнде мынадай іс істедім» деуі жария күнә. Түні бойы Раббысы оның күнәсін жасырған, бірақ таң ата салысымен Аллаһтың жасырғанын өзі ашкереледі»*[133].

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) жасаған күнәсі үшін жазаға тартылған әлдекімді бір сахабаның «Аллаһ сені лағынет етсін» деп сөккенін естіп, *«Олай демендер, бүйтіп шайтанға болыспаңдар»*[134] деп ренжіген болатын. Адамның айыбын бетіне басудың жаман екенін осыдан-ақ білеміз.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) тағы бірде: *«Тың тыңдаған адамның құлағына қиямет күні ерітілген қорғасын құйылады»*, – деген екен.

Адамдардың ізін аңду, кем-кетігін шұқылау жиіркенішті қылық. Әсіресе, бүгінгі жариялылық үстемдік құрған уақытта бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғам қайраткерлері мен саясаткерлердің, әртіс пен әнші секілді халыққа танымал адамдардың жүрген-тұрғанын жіпке тізіп, жеке өміріне қол сұғу кісі ақысын бұзудың ең сорақысы. Жеке мүдделері үшін адамдардың немесе ұйымдардың ізін кесу, тыңшылық қызметке жүгіну, не

болмаса жасырын тыңдау құрылғыларын орнатып қол жеткізген ақпар арқылы бопсалау да кісі ақысына нұқсан келтірудің бір түрі.

Дініміз адамдардың басқан ізін аңдып, жеке істерін жария қылуға тыйым салады. Аллаһ тағала Құранда: *«Уа, мұминдер, бір-біріңді аңдымаңдар»*, – деген («Хужурат» сүресі, 12-аят). Келесі бір аят: *«Мүмин ер адамдар мен мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер болса, олар мойындарына ауыр күнә жүктеп алды»*, – дейді («Ахзаб» сүресі, 58-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Күмәншіл болудан сақтаныңдар. Орынсыз күмән – сөздің ең жалғаны. Жел сөзге құлақ түрмеңдер. Жұрттың айыбын іздемеңдер»*, – деген[135]. Тағы бірде: *«Мұсылмандардың бойынан мін іздеп бәлеге соқтықпаңдар, олардың тәрбиесін бұзасыңдар, не болмаса бұзуға итермелейсіңдер»* деп[136], кісінің артына шам алып түсуді адамдардың мінез-құлқындағы оңбаған қылық деп түсіндірген.

Абдуллаһ ибн Мәсғудтың (р.а.) алдына жазаға тарту үшін бір адамды: «Бұл сақалынан шарап тамған пәленше деген маскүнем» деп алып келеді. Сонда ибн Мәсғуд бұларға қарап тұрып: «Біз адамдардың кем-кетігін тексеруден тыйылдық. Өздігінен көзге бадырайып көрініп тұрған кемшілік болса, оның жөні бір басқа. Оған шара қолданамыз», – деген екен[137].

Дінімізде берілетін жаза кісінің сыртқы тұрқына емес, қия басқан қадамына, қисық қимылына қарап тағайындалады. Кесімді билік айту үшін нақты айғақ қажет. Исламда жария түрде күнә істеген, не болмаса қылмысы дәлелденген адамдарға ғана жаза берілген.

Өмірде сүттен ақ, судан таза, қателіктен ада адам болмайды. Сондықтан, әлдекімнің Аллаһтан қорқып, не болмаса халықтан ұялып жасырған айыбын тінте қарап әшкерелеу – әманда мұсылмандыққа жатпайды. Керісінше, кісінің жамандығын жасырып, жақсысын асыру мүмин үшін жарасымды емес пе?

9. Мұсылманды жамандықтан сақтандыру

Мұсылман адам басқа бір мұсылманның басына күн туып жаны мен малына қауіптің қара бұлты үйірілгенде қолынан келген көмегін аямайды. Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Залым болсын, мейлі қорғаны жоқ панасыз болсын, ешбірін алаламай мұсылман бауырыңа болыс. Залымға көмектесуің оған зұлымдық жасауына жол бермеуің»*, – деген[138].

Бірде Хаула бинти Саләба (р.а.) Пайғамбарымызға келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі, шаңырақ көтергенімде өрімдей жас қыз едім. Күйеуім маған құмар еді. Оған бірнеше бала туып бердім. Енді міне, қартайған шақта мені кәрісініп, тастап кетті. Ебін тауып екеуімізді табыстырсаң игі еді», – деп арызданады. Осыған орай: «Мужәдәлә» сүресінің бастапқы аяттары түскен болатын[139]. Аллаһ тағала аят түсіріп сахабаның мұң-мұқтажын шешіп берген. Мұсылман баласы да осыны үлгі етіп бауырларына жәрдем беруі тиіс.

Бәра ибн Азиб (р.а.) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жеті нәрсені әмір етіп, жеті нәрседен іргені аулақ салуға үндегенін айтады. Мүминге жарасар жеті дағды мыналар: жаназаға қатысып, қабірдің басына дейін бару, науқастың көңілін сұрау, мұсылман кісі әлденеге шақырғанда бару, жазықсыз жәбір көргенге болысу, берген уәдесін орындау, сәлемді алу, түшкіргенде «әлхамдулиллаһ» дегенге «йәрхамукаллаһ» деу (Құдайға шүкіршілік білдіргенге жарылқау тілеу).

Хазірет Алиден (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мұсылманның мұсылман бауырындағы ақысы алтау екенін айтып, олардың біреуі алдыңғы хадисте айтылғаннан бөлек «о дүниелік мұсылманның сыртынан жақсы сөз айтып еске алу» екенін айтқан[140].

Жоғарыда тоқталған мәселелерді қорытындылай келе түйгеніміз, мүмин адам айналасында

болып жатқан оқиғаларға мұсылманға тән қырағылық танытып, әр нәрседен сабақ ала білмек. Тек қана Аллаһ пен елшісінің (саллаллау алейһи уә сәлләм) көрсеткен жолын ұстанып, мұсылмандардың мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, атаның емес адамның баласы болмақ.

10. Қолда бар мүмкіндікті мұсылмандардың игілігіне жұмсау

Аллаһ тағала Құран кәрімде: *«Олардың дүние-мүліктерінде сұрағанның да, сұрамағаның да үлесі бар»* деген («Зарият» сүресі, 19-аят). Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) мұминнің зекеттен басқа да әлеуметтік міндеттері барын айтқан. Мұсылман мүмкіндігінше тікелей, не болмаса басқалардың көмегіне жүгініп, діні бір бауырларының тұрмысын түзеуге, әл-ауқатын жақсартуға көмектесуі тиіс.

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Менің қасыма келіп керек-жарағын сұрайтындар аз емес. Бұйымтаймен келгендердің арызын маған жеткізіп тұрыңдар, сауабын аласыңдар. Аллаһ тағала да пайғамбарының қолымен жақсы көрген нәрсесін жеткізіп тұрсын»*, – деген [141]. Басқа бір хадисте *«Діндес бауырына жәрдемдескен кісіге Аллаһ та жәрдем береді»* делінген [142].

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) тағы бірде: *«Мұсылмандардың бір-бірінде төрт ақысы бар: жақсыларына болысу, күнәһарлары үшін кешірім тілеу, тура жолдан тайғандарға дұға ету, тәубеге келгендерін жақсы көру»* дейді. Хадистегі «күнә жасағандары үшін кешірім тілеу, тура жолдан тайғандарға дұға ету» деген жерге тағы да назарларыңызды аудартқымыз келіп отыр. Біз көбіне күнә мен күнәні істеген мұсылманның ара жігін ажырата бермейміз. Күнәні жек көру өзіміздің мұсылман бауырымызға тиіп кетіп жатады. Абайсызда күнә жасап қойған адамға кешіріммен қарамай, оны «жығылған үстіне жұдырық» деп мінін бетіне баса беру жөн бе екен?

Аш-жалаңаш жүрген, тұрмысы жұпыны пенде көмекке қаншалықты зәру болса, рухани азыққа шөліркеген жан да дәл сондай көмекке мұқтаж. Егер адамның иманы кәміл болса, мейлі ол тақыр кедей болсын, мейлі ол мүгедек болсын бәрібір мүсіркеуге келмейді. Көргенге халі ең аянышты жан Аллаһты танымаған адам.

Мына бір хадисте Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Кімде-кім жақсылыққа лайық болсын, болмасын, жәрдем етуде алалама. Лайық адамға дөп келсең, жақсылығың сол адамға тиесілі болады. Лайық емес адамға тап болсаң, жақсылығың өзіңе тиесілі болады»*, – деген екен.

Хазірет Хүсейіннің (р.а.) Пайғамбарымыздан (саллаллау алейһи уә сәлләм) жеткізген хадисі де жақсылық жасаудың шапағаты мол іс екенін алға тартып: *«Иманнан кейінгі ең үлкен ақылды іс халыққа сүйкімді болу және шама келгенше жұрттың бәріне жақсылық жасау»* [143], – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) тағы бірде: *«Тілдің садақасынан асқан садақа жоқ»* дейді. «Уа, Аллаһтың елшісі, тіл садақасы не үшін басқа садақалардан жоғары?» деген сахабаларына: «Тіл арқылы қантөгістің алдын ауға болады. Сол тіл мұсылманға жол ашады және соның арқасында мұсылманға төнген қауіп жойылады», – деп жауап қатқан екен.

11. Науқастың көңілін сұрау, қайтыс болған жанның жаназасына қатысу

Мұсылман діндес бауырының жаназасын шығарысуға қатысып сәті түсіп, орайы келгенде қабірінің басына баруы тиіс. Қабір басына бару өмірдің пәнилігін еске түсіреді, нәпсіні бір сәтке болса да тежейді, күнәдан алыстатып, ақыретке дайындалуға итермелейді. Бұл туралы айтылған хадистер де жеткілікті [144].

Науқас бауырының көңілін сұрау, аурудан айығуын тілеп дұға ету мұсылманның міндеті. Абдуллаһ ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) ауырып дүние

саларда Али (р.а.) халін сұрап оған кіріп шығады. Сахабалар Алиден Пайғамбарымыздың жай-күйін сұрайды. Хазірет Али: «Құдайға шүкір, ауруын жеңе білді» – деп, мұсылманға әрдайым жақсы сөйлеудің өнегесін танытқан екен[145].

Мұсылманның мұсылман алдындағы бес ақысының бірі – сырқаттың көңілін сұрау, жаназасына бару[146]. Осы айтылғандай аурудың халін сұрау, жарық дүниедегі татар талқаны таусылғанның жаназасына бару, жаназа намазы оқылып, қабірге қойылғанда басында болу, марқұм жерленгеннен кейін де зират басында біршама бөгелу секілді міндеттер жеке-жеке талқыланып, мұсылманның мойнына жүктелген.

Мына құдси хадиске көз жүгіртейік:

«Қиямет күні Аллаһ тағала пендесінен былай деп сұрайды екен:

– Уа, пендем, мен ауырғанда неге көңілімді сұрап келмедің? Сонда адам:

– Сен күллі әлемнің Жаратушысы емессің бе? Сен ауырушы ма едің? – деп таңырқайды.

– Пәлен деген құлым ауырғанда көңілін сұрап бармадың. Соған барғаныңда мені қасынан табар едің. Мұны білмейтін бе едің? Мен сенен тамақ сұрадым, неге ештеңе бермедің?

– Сен әлемнің Жаратушысы емессің бе? Сен ашығушы ма едің?

– Пәлен деген құлым сенен тіске басар азық сұрады, сараңдық таныттың. Оны ауқаттандырып алғысын алғаныңда, азығыңды менің жанымнан табар едің. Мұны білмейтін бе едің? Мен шөлдегенде неге су бермедің?

– Сен әлемнің Жаратушысы емессің бе? Сен шөлдеуші ме едің?

– Пәлен деген құлым сенен су сұрады, бермедің. Сұрағанын бергеніңде сауабын менің жанымнан табар едің. Мұны білмейтін бе едің? – дейді»[147].

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде аурудың халін білуді, ашыққанды тойдыруды, тұтқынды құтқаруды бұйырған[148]. Тағы бірде науқас бауырының көңілін сұрай барған мұсылман үйіне қайтқанша жұмақтағы жеміс бауларының арасында болатынын айтқан[149].

Хазірет Осман ибн Аффаннан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бір мәйіт көмілген соң, қабірінің басында тұрып: «*Бауырларыңның күнәлары кешірілуін сұраңдар және Аллаһтан оған сәттілік тілеңдер. Өйткені, ол дәл осы сәтте тергеліп жатыр*», – деген екен[150].

Қазіргі таңда уақыттың аздығы, жұмысбастылық, жол кептелісі мен жолдың шалғайлығын сылтауратып, әлгі айтылған міндеттерге жүрдім-бардым қараймыз. Бір өкініштісі, науқастың көңілін сұрап баруға, жаназаға қатысуға уақыт таппай, ғаламтор тінту мен кино көруге келгенде, есіл уақытты еселеп жұмсаймыз. Анығында мүминдердің алтын уақытын босқа шығын қылмай, ақыретте кәдесіне жарайтын игі амалдармен шұғылданғаны абзал.

12. Туыстық ақыларын сақтау

Мұсылман – мұсылманға бауыр. Олардың біте қайнасып, қаны бір туыстан да жақын болуы жүректеріндегі иман тереңдігіне қатысты. Бауырластық, туыстық міндеттерді сақтау дегеніміз – мүминнің өз басына тілемеген нәрсесін басқа мұсылманға тілемеуі, одан аулақ болуын көздеуі десек артық кеткендік емес.

Мына аят осы туыстық туралы сөз қозғайды: «*Егер мүминдерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар. Егер екі жақтың бірі екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Аллаһтың әміріне қайтқанға дейін соғысыңдар. Егер қайтса араларын әділдікпен жарастырыңдар, туралық танытыңдар. Шынымен Аллаһ туралық істеушілерді жақсы көреді. Шын мәнінде мүминдер өзара туыс. Сондықтан, араздасқан туыстарыңның арасын*

жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер («Хужурат» сүресі, 9-10 аяттар).

Тағы бір аят былай дейді: **«Түп-түгел Аллаһтың жібіне нық жабысыңдар, алауыздықпен бөлінбеңдер. Өздеріңе Аллаһтың берген нығметін еске алыңдар. Қанеки, сендер бір-біріңе дұшпан едіңдер, сосын Аллаһ жүректеріңмен тілектеріңді табыстырды, оның игілігімен бауырға айналдыңдар. Оты лаулап жанған бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша, Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсу үшін баян етеді»** («Әли Имран» сүресі, 103-аят).

Ислам діні келмес бұрын араб елдерінде адам өмірінің құны қара бақырға да татымайтын. Ру-тайпалар қит етсе қырық пышақ боп қырқысып, соғыстан көз ашпаушы еді. Мәселен, Мәдинаның Әус және Хазраж тайпаларының жүз жиырма жыл бойы жұлдыздары бір-біріне қарсы болып, бір-бірін аяусыз қырып келген-ді. Исламның саясында олар қанды кектерін ұмытып, табысты [\[151\]](#). Аяттағы «Аллаһтың жібіне нық жабысыңдар» деген жолдар бейнелі сөз, яғни эпитет болып табылады. Мұндағы Аллаһтың жібі – адамдық келбеттен адасқан, алжасқан тобырды сұрапыл сұмдықтан құтқару үшін оның көктен түсірген діні мен кітабы. Дін мен кітапқа нық жабысып, ондағы әмірлер мен тыйымдарға құлақ асқандар ғана есендікке кенеледі.

Әркімнің әртүрлі көзқарас білдіруі табиғи нәрсе. Алуан түрлі салиқалы пікір адам баласын дамуға жетелейді. Мұны Құран кәрім былай жеткізеді: **«Егер Раббың қаласа, адамдарды бір-ақ үмбет қылар еді. Аллаһ тағала сынақ үшін оларды еркіне қойды, сондықтан да олар үнемі қайшылықта»** («Худ» сүресі, 118-аят). Аллаһ тағала адам баласын ақылы, ой өресі, қабілеті тұрғысынан әрқилы жаратқандықтан, оларда алуан көзқарастың орнауы қалыпты нәрсе. Сондықтан ішкі пайымның, түсініктің сан түрлілігі төзімсіздікке, алауыздыққа апарып соқпауға тиіс. Дүниетаным алшақтығы адамдарды араздыққа итермелемес үшін әркімнің Аллаһтың кітабын мықты ұстанып, ол айқындаған шектен шықпауы шарт. Тек сонда ғана кейбір мәселелердегі пікір алшақтығы мүминдердің жарастығына, бір-біріне түсіністікпен қарауына бөгет болмайды.

Бауырластық туралы айтылған хадистер легі мынадай:

«Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман бауырына қиянат жасамайды және оны дұшпанға ұстап бермейді. Кім бауырының мұқтаждығын өтесе, Аллаһ та оның мұқтаждығын өтейді. Кімде-кім қиындыққа тап болған мұсылманды қайғысынан құтқарса, Аллаһ та оны қияметтің бір қайғысынан құтқарады. Кімде-кім мұсылманның айыбын, кемшілігін жасырса, қиямет күнінде Аллаһ та оның айыбы мен кемшілігін жасырады» [\[152\]](#).

«Бір-біріңді күндемеңдер, тауардың бағасын өздерің алмайтын қымбат құнға көтеріп, аларманды таластырмаңдар. Бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңнен теріс айналмаңдар, бір-біріңнің үстінен саудасын бұзбаңдар. Уа, Аллаһтың құлдары, бір-біріңе бауыр болыңдар! Кісі бауырына қиянат жасамайды, көмексіз қалдырмайды, қорлап, келекеге айналдырмайды» – дейді де пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллау алейһи уә сәлләм) үш рет кеудесін нұсқап: **«Тақуалық – мұнда. Адамның мұсылман бауырын кемсітіп қор көруі күнә ретінде өзіне жеткілікті. Мұсылманға мұсылманның қаны, малы және намысы харам»**, – деді [\[153\]](#).

«Мүминдер бір-біріне жанашырлық көрсетуде және бірін-бірі қорғауда бейне бір адам ағзасы секілді. Шаруаға бірі қалмай атсалысады, бір мүшесі ауырса, бүкіл ағзасының қызуы көтеріліп, сырқатқа шалдығады» [\[154\]](#).

«Адам баласына мейірімділік танытпаған жанға Аллаһ та мейіріммен қарамайды» [\[155\]](#).

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) әрдайым мүминдерді бауырмал болуға, сыйластыққа үндеген. Соның бірі «Өзіне ұнағанды бауыры үшін де тілемейінше, кісі кәміл иман келтірген

болмайды» деген хадисінде көрініс тапқан[156]. Яғни, мұмин адам бауырына тек жақсы нәрселерді ғана мақұл көріп, оған тілеулес болуға тиіс. Сонда ғана ол иманның ләззатын сезінеді.

Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) мұсылманның жаны қалаған нәрсесін бауырымен бөлісуге даяр тұруын[157] мұсылманның мұсылман алдындағы алты ақысының бірі деп санауы, бауырмалдықтың Исламдағы орнын көрсетеді. Шынымен де мұсылман адам бауырын өзінен артық қойып, оған өзіне қымбат нәрсесін қиып бере алады.

Мүминдер өзара мынадай болуы керек деп саусақтарын айқастырып, оларды іргетасы мықты, берік қаланған қабырғаға теңеген[158]. Келесі бір хадисінде: *«Мүминдердің бір-біріне деген жанашырлығы мен бауырмалдығы тұтас бір дене секілді. Дененің бір жері ауырса, тұла бойдың ыстығы көтеріліп, тұтас дене мазасызданады»*[159], – дейді.

«Мұсылман бауырын қорлаған адам сол әрекеті үшін күнәлі болады. Мұсылманға басқа мұсылманның қаны, малы және ары харам»[160], – деген хадис және бар.

Дініміз қоғамдық орындарда тәртіп бұзуды құптамайды және мұның алдын алуды қажет деп біледі. Қазіргі таңда жүк көлігіне артық салмақпен жүк тиеп, қара жолға зақым келтіру, телефон және электр сымдарын ұрлау, көшеде кептеліс орнату, жол ережесін бұзу сынды әрекеттер үйреншікті әдетке айналған. *«Қорамсақта оғы бар адам мешітке, не болмаса базарға соққанда, мұсылмандарға зиян келтірмес үшін жебенің ұшын қолымен жауып жүрсін»*[161], – деген Пайғамбарымыздың біздің мұнымызды құптай қоймасы анық. Дініміздің жұртшылықтың құқын барынша қадағалайтынын осыдан байқаймыз.

Сондай-ақ, жұмыс арасынан уақыт тауып асығыс намазға келген адамдар мен жол жүріп бара жатқан жолаушыларға имам болғанда намазды тым ұзақ оқымаған абзал. Өйткені, қызметтеріне кешігіп, не жолдан қалып жатса, ол кісілер ақыларын басқа емес, сізден алатын болады. Осы орайда, *«Араларыңнан кімде-кім жасамағатқа имам болып намаз оқытса, намазды созбай қысқа оқытсын. Өйткені, олардың арасында әлсіз, дімкәс және қарт адамдар болады. Ал кімде-кім жалғыз өзі намаз оқыса, қалағанынша ұзақ оқысын»*[162], – деген хадисті еске салғымыз келеді.

«Мен намазда тұрғанда асықпай, ұзақ оқығым келеді. Бірақ, бір сәбидің жылаған даусын естісем, шешесі алаңдай ма деп тезірек оқып, дереу аяқтауға тырысамын»[163], – дейді Пайғамбарымыздың өзі де.

Кісіні нақақтан-нақақ қаралау, оның мал-мүлкіне, қадір-қасиетіне, атақ-абыройына, өміріне қол сұғу секілді жағдайларда кісі ақысы бұзылатынын ұмытпаған абзал.

Туыстықтың бір міндеті ретінде мүминге қол ұшын берудің бір қырын Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) мына бір хадисінде аңғартады: *«Залым болсын, мейлі жәбір көруші болсын, діні бір бауырыңа болысқайсың»*, – деді. Тыңдап отырғандардың бірі: *«Уа, Аллаһтың елшісі, жәбір көргенге көмектесермін, ал залымға қалай жәрдем бермекпін?»* – деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Көмегіңді зұлымдық жасауына жол бермеу арқылы жасайсың»*, – деді»[164].

Діні бөлек болса да кемсіту, шамына тию, көңілін қалдыру, жерден алып жерге салып, ұрсу секілді жағымсыз қылықтар да кісі ақысын бұзуға жатады.

Мұсылманның мұсылмандағы көп ақысының бірі – топтасып Аллаһты еске түсіру. Ислами әдебиеттерде Аллаһ тағаланы жадынан шығармау үшін ғана бір-бірімен жүздесіп, сұхбаттасқан сахабалардың талай-талай әңгімесі қат-қат болып сақталған. Табиғин ғалымдары да дін, иман тақырыбында ортақ пікірге келу үшін және көңілдің кірбінінен арылу үшін көп уақыттарын діни әңгіме-дүкен құруға арнаған[165].

Осы еңбек барысында келтірілген көптеген аят-хадистерден аңдағанмыз бен ұққанымызды тұжырымдасақ, кісі ақысына қатысты нәрселер – мүминдерге мейіріммен құшақ жаю, кісі өлтірудің бүкіл адамзатты өлтірумен пара-пар екенін білу, мүмин бауырының қайғы-мұңына ортақтасу, өзімен бірге суық қару алып жүрмеу, адамдарды құрметтемес пендесіне Аллаһтың да жаны ашымайтынын білу, мұсылманға көмек қолын ұсынып, демеген жанды қияметте Аллаһ тағаланың да қиыншылықтан құтқаратынын білу, бауырын кемсітіп қорлаған мұсылманның бір басына жетіп артылар күнә арқалайтынын білу, мұсылманды күндемеу, саудасының шырқын бұзбау, мұсылманнан теріс айналмау және өзге де адамзат әдебіне қатысты мәселелер мұсылманның өзгермес өмірлік ұстанымы екен.

13. Ешкімді кемсітпеу, сөкпеу, бейпіл сөз айтпау, менменсімеу, жасандылыққа бой ұрмау

Кішіпейілдік пен мейірім кісі ақысын сақтаудың басты кепілдіктерінің бірі. Тәкаппарлық пен менмендік өзгелерді кемсітуге, менсінбеуге, кісі ақысын аяққа таптауға алып келетін адамгершіліктен алыс қасиеттер.

Тәкаппарлық дегеніміз – өзімшілдікпен басқаларға астамсып қарау. «Кішіпейіл адамдардың Хақтың құзырында да, халықтың назарында да абыройы асқақ болады. Керісінше, танауын көтеріп, кеудесіне нан пісіп, өзгелерді қор санап, көкірек кергендерге халық әрдайым суық қабақ танытқан, олардың Хақ тағаланың алдында да тартар жазасы мол. Кішіпейілдік таныту – Жаратушының разылығын да, көпшіліктің мадағын да тудыратын айрықша мінез. Әу бастан әлін біліп, қоғамға жақсы ниетпен қараған пенделер өзгенің тоң-теріс қылықтарынан қағажу көрмейді. Баршаға үстемдік ету Аллаһқа ғана жарасымды қасиет болғандықтан, дандайсып тәкаппарланғандар Аллаһтың қаһарына ұшырап отырған. Кішіпейілдік танытқандардың дәрежесі әманда биіктерге көтерілген»[\[166\]](#).

Кісі баласының астамшылығы мен тәкаппарлығы өзіне қазылған ор екенін түсіндіретін көптеген аяттар бар. Ақырет нығметі өзін өзгелерден артық санап масаттанбағандарға берілетінін, Аллаһтың тәкаппар жандарды сүймейтінін мына аяттардан байқаймыз:

«Міне, мәңгілік ақырет тұрағы. Оны жер жүзінде астамшылдық қылуды және лаң салып бүлік шығаруды қаламағандарға нәсіп етеміз. Ақырғы жетістік Аллаһқа асылық қылудан сақтанған тақуаларға тән» («Қасас» сүресі, 83-аят).

«Жер бетінде дандайсып жүрме. Өйткені, жерді сен жаратпадың, бойыңмен таулармен де теңесе алмайсың» («Исра» сүресі, 37-аят).

«Адамдарға паңданып қырын қарама және жерде кердеңдеп жүрме. Шынымен Аллаһ дандайсып, масаттанғандардың ешқайсысын жақсы көрмейді» («Лұқман» сүресі, 18-аят). Осы арада қу дүниеге әсте тоймай-ақ кеткен кеудемсоқ Қарунның сарайымен қоса жермен-жермен болғанын еске сала кетейік[\[167\]](#).

Менмендік – кісі бойындағы жаман мінездің үлкені, кісі ақысын мансұқ етудің бірден бір көрінісі. Пайғамбарымыз (саллаллаууу алейһи уә сәлләм) мүминдерді тәкаппар болудан тыйып отырған. Абдуллаһ ибн Мәсғудтан жеткен риуаятта Аллаһ елшісі (саллаллаууу алейһи уә сәлләм): «Жүрегінде титтей де тәкаппарлық ұшқыны бар адам жәннатқа кіре алмайды», – деген сәтте маңайындағы сахабалардың бірі: «Уа, Аллаһтың елшісі, кез келген адам үстіндегі киімінің жарасымды, әдемі болғанын қалайды ғой. Бұл да тәкаппарлыққа жата ма?» – деп сауал қояды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Шынымен Аллаһ тағала аса көркем, көркемдікті сүйеді. Ал, тәкаппарлық болса, ақиқатты мойындамау әрі өзгелерді менсінбеу», – деп жауап береді[\[168\]](#).

Пайғамбарымыз (саллаллаууу алейһи уә сәлләм) тозақ отының отынына айналатындардың тасжүрек,

дөрекі мінезді, дүниеқор әрі тәкаппар жандар болатынын мына хадисте білдірген: *«Сендерге жаһаннамға баратындардың кім екенін айтайын ба? Олар қайырымсыз, дөрекі, сараң әрі кердең басқан тәкаппарлар»* [169]. Демек, мұсылман жүріс-тұрысын ой елегінен өткізуге, жақсы амалдарының санын көбейтіп, жұмаққа жетуге, тозаққа бармау үшін менмендіктен арылуға бар күшін сарп еткені абзал.

Бірқатар хадистерде тәкаппарлыққа бой алдырған адамдарға қиямет күні Аллаһтың рақымшылықпен қарамайтыны, оларға қорқынышты азап дайындағаны, ұлылықтың Аллаһқа ғана тән екені баяндалған. Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Аллаһ тағала қиямет күні көйлегінің етегі жерге шұбалып паңданған адамның жүзіне зер салмайды»* [170], – дейді. Пайғамбарымыздың заманында тірі пендені көзге ілмей, астамсыған адамдар киімдерінің етегін өте ұзын етіп тіктіруші еді.

Әбу Хұрайрадан жеткен тағы бір хадисте Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген: *«Үш адаммен Қиямет күні Аллаһ тағала тілдеспейді, оларды есіне алмайды, тіпті назарын да салмайды. Осы үш топ қорқынышты азапқа душар болады. Олар зинақор қария, өтірікші патша, тәкаппар кедей»*.

«Кімде-кім тәкаппарлануды әдетке айналдырса, залымдар қатарын толықтырады. Сөйтіп, залымдарға берілген жаза оған да кесіледі», – деп Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) менмендіктің ақыры зұлымдыққа соғатынын айтқан. Кішіпейілдік танытпаған адам бұл мінезін тыймаса, күндердің күнінде өзін паң ұстайтын залымға айналатыны хадисте баяндалған: *«Шынында Аллаһ тағала сендердің кішіпейіл болуларыңды бұйырып маған уахи етті. «Бір-біріңе тәкаппарланып мақтанбаңдар, бір-біріңе қысым көрсетіп ренжітпендер»*, – деді». Ендеше, Құран арқылы оқиғасы кейінге ой салар қиссаға айналған залым Қарун, перғауын мен оның уәзірі Хаман сияқты астамшылықтың шегінен шығып, кісі ақысын батпандап жегендерге берілер жазаның кесапатынан қорқып, олардан сабақ алуға тырысуымыз қажет.

Мүминдердің бір-біріндегі ақыларын баян еткен аят пен хадистердің бір легі мынадай:

«Мүминдердің сені қолдағандарынан көмегіңді аяма» («Шуара» сүресі, 215-аят).

«Уа, иман еткендер! Сендерден кімде-кім дінінен шығатын болса, біліп қойсын, Аллаһ тағала күндердің күнінде Өзі жақсы көретін, олар да Оны жақсы көретін бір қауымды әкеледі. Олар мүминдерге өте кішіпейіл, кәпірлерден күшті де, үстем болады...» («Мәида» сүресі, 54-аят).

«Уа, адамдар, шүбәсіз сендерді бір еркек пен әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңді тану үшін сендерді ұлттарға, руларға бөлдік. Шынында Аллаһтың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз Аллаһ бәрін толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» («Хужурат» сүресі, 13-аят).

«...Сондықтан, өздеріңді өздерің ақтамаңдар. Ол кімнің тақуа екенін жақсы біледі» («Нәжм» сүресі, 32-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ үшін кішіпейіл болғанның абыройы үстем болатынын айтып, өзі де осыған үлгі болған. Әнестің (р.а.) айтуынша, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) балаларға да ерекше көңіл бөлетін, ойнап жүрген қарадомалақтардың қасынан өтіп бара жатып оларға сәлем беруді ұмытпайтын [171]. Тіпті, ол Мәдиналық біреудің малайы қолынан ұстап бірталай жерге апарғанда да қарсылық білдірместен кішіпейілдікпен жетектеген жағына барған екен [172].

Кішіпейіл болудың бір белгісі – көпшіліктен бөлінбеу, өзінді жұрттан артық санамау. Айша анамыз (р.а.) «Пайғамбарымыз үйде не істеуші еді?» – деп сұрағандарға: «Отбасының шаруасын қамдайтын. Намаз уақыты болғанда, намазға тұратын», – деп жауап қатқан [173].

Әбу Рифаға (р.а.) былай деген: «Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) құтпа айтып жатқанда қасына барып: «Уа, Аллаһтың елшісі, дінін білмейтін бір ғаріп дінін үйренуге келді», – дедім. Ол маған бұрылып қарады, сосын ісін доғарып қасыма келді. Оған дереу төсеніш әкелінді. Жайғасып отырды да, Аллаһ тағала білдірген нәрселерді маған баяндады. Маған айтатындарын айтқан соң, қайтадан құтпасын жалғастырып, сөзін аяқтады»[\[174\]](#).

Тарихтан пайғамбар атаулының бәрі азын-аулақ қой баққанын оқып, білеміз. Пайғамбарымыздың өзі де Қарарит деген жерде меккеліктердің қойын баққанын айтқан[\[175\]](#). Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) бірде: «Қойдың сирағын, не жауырынын жеуге шақырсаңдар, дереу барамын. Қойдың сирағын не жауырынын сый-сыбаға ретінде тартсаңдар, аламын», – деген екен[\[176\]](#).

Жасандылыққа бой алдыру кісіні жақсылыққа апармайтын жағымсыз әрекеттердің бастауы. Амал-ғибадатын басқаларға көз қылып істеген адам сырттай тәп-тәуір көрінгенімен, ішкі дүниесі әлем-жәлем болып рия деген кеселге оңбай ұрынады. Жасандылық пен жұрт алдында жақсы көрінуге ғана ұмтылу, Аллаһ үшін жасалар ғибадаттың дұрыс орындалуына кесірін тигізеді. Ақырында Аллаһ ақысын аяқасты етуге дейін алып келеді.

Құран кәрім де жасандылықтың екіжүзді мұнафықтарға тән белгі екенін айтқан: **«Мұнафықтар Аллаһты да алдамақшы. Анығында Аллаһ оларды алдауға ұшыратады. Олар намазға жүрекпен емес, жалқаулықпен тұрады. Аллаһты еске алу үшін емес, өзгелерге көз қылу үшін оқиды»** («Ниса» сүресі, 142-аят).

Ел-жұрт пәлен десін, түген десін деген секілді келте оймен жасалған іс-әрекеттің сауабы мүлде болмайды. Мұның ақыры пұшаймандық пен Хақ тағаланың азабына соқтырмақ. Сырт көзге бейне шейіт тәрізді, ғалым тәрізді және жұрттың мадағы үшін атымтайдай жомарт секілді танылғандардың қиямет күні өтірігі шығып, тозаққа лақтырылатынын Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) тілге тиек еткен[\[177\]](#). Құран да бұл туралы былай дейді: **«Уа, мүминдер, Аллаһқа, ақырет күніне сенбей елге көз қылу үшін дүниесін сарп еткен адамдардай садақаларыңды міндетсініп бермеңдер. Ол бейне бір үстін аздаған топырақ бүркеген тасқа ұқсайды, қатты нөсер оның топырағын шайғанда тас жалаңаштанып көрініп қалады. Бұл олардың еңбектерін еш етеді, Аллаһ өзіне қарсы болған елді ешқашан тура жолға салмайды»** («Бақара» сүресі, 264-аят).

Мұсылманға жәбір көрсету мен бас-көзсіз жала жабудың үлкен күнә екенін, мұның арты күпірге апарып соғатынын, мұсылманды тілдеп кәпір немесе пасық деп сөгудің, жазасын өтеген адамды қайта күстәналаудың жөні жоғын мына аят, хадистерден аңғарамыз:

«Мүмин ер адам мен мүмин әйелді жазықсыз кейіткендер, жала жапқандар, өзіне ашық күнә жүктеп алды» («Ахзаб» сүресі, 58-аят).

«Тағыз да біреу қателік немесе күнә іспен, оны нақақ біреуге жапса, расында ол өзіне ауыр күнә жүктеп алады» («Ниса» сүресі, 112-аят).

«Мұсылманды сөгу, намысына қол сұғу – пасықтық, ал онымен соғысу – күпірлік»[\[178\]](#).

«Ешкім басқа біреуді пасық, не болмаса кәпір демесін. Бұл айтылғандар айыпталған кісінде жоқ болса, сөз айналып өз иесін табады»[\[179\]](#). Яғни, мұсылманның бірін-бірі кәпір-пасық деп білгені, бөлгені дұрыс емес. Негізі адамды Исламнан шығару немесе оны Исламға телудің дініміз үшін аса маңызды мәселелер екенін ұмытпаған абзал.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.а.с) айыбын жуып, жазасын өтеген адамды қарғап-сілеуге тыйым салған. Күнәсінің өтеуін кейінге қалдырмай, тіршілікте құтылуды ойлап, кесілген жазасын жер басып жүріп өтеген адамды күстәналау, сөгу кісі қоштарлық қылық емес.

Ислам адамның жеке басына, қадір-қасиетіне қол сұғу болып табылатын өсек-аяң, өтірік

пен жаланы харам етіп, эзіл-қалжың болса да көпшілік алдында айтылған немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлдекімнің абыройын төгіп бопсалайтын, шамына тиетін орынсыз келемеж сөз бен қылыққа, жазу-сызуға қырын қараған.

Дініміз жүрегінде зәредей менмендігі болған жанға жұмақтың иісі де нәсіп болмайтынын, мүминдердің бір-біріне жаман лақап тақпауын, бірін-бірі келеке етпеуін, Аллаһ тағала кешірмейді деп асылық айтқан адамның бар амалы желге ұшатынын білдірген.

«Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш!» деген («Хумәзә» сүресі, 1-аят) аят мұсылмандарды келемеждегендерге, өсектегендерге үлкен азап барын меңзейді. Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) **«Мұсылман бауырын кемсіткен адамның мойынына ауыр күнә жүктеледі. Әрбір мұсылманға басқа мұсылманның қаны, малы және ары харам»**[\[180\]](#) дейтін хадисі де бұған дәлел.

Мұсылмандар іргетасы мықты, кірпіші берік қаланған қабырға секілді мығым болуға, ынтымағы жарасып, бірін-бірі алаламауға, сөкпеуге, кемсітпеуге тиіс.

Тәкаппарлық – ақиқатты мойындамау, адамдарға жоғарыдан астамсып қарау, менсінбеу тәрізді адамның суканы сүймейтін сұрқия мінездер жиынтығы[\[181\]](#). Мұндай асылық ойдың ұшқыны жүректе жатса, ол адам жаннаттан мақұрым қалады. Тегінің мықты, зәузатының қабілетті, ата-бабасын айтып мақтану, сөйтіп, өзін басқалардан артық санау да кісі ақысын бұзудың бір түрі[\[182\]](#). Бір ұлттың басқа ұлттан, бір нәсілдің басқа нәсілден ешқандай артықшылығы жоқ. Артықшылық тек тақуалықпен өлшенеді. Сондықтан, нәсілшілдік пен ұлт араздығын тудыратын, қоздыратын идеяларды тарату да кісі ақысын бұзу болып табылады[\[183\]](#).

Мүмин адам екі елі аузына төрт елі қақпақ қойып, бейпіл сөйлеп, балағат сөз айтып аузын былғамайды. **«Мүмин басқаларды даттамайды, қарғап-сілемейді, бейпіл сөз бен бейәдеп қылық көрсетпейді»**[\[184\]](#), – дейтін хадис – мұсылман әдебінің жұртты қараламау, ар-ұжданды қастерлеу, әдепсіздікке бармау, өзгені қарғап-сілемеу секілді әсем де, көрікті дағдылардан құралғанын танытады. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) өлген кісінің артынан жаман сөз айтуға тыйым салған. Бұл айтылғандардың да кісі ақысын мансұқ ету санатындағы әрекет екенін білген дұрыс[\[185\]](#).

14. Жаман ойға қатысты кісі ақысынан сақтану

Адамдардың абыройына нұқсан келтіретін, ар-намысына тиетін сөз бен қылық кісі ақысын аяқ асты ету екені белгілі. Құран кәрімнің түрлі аяттарында жала, өсек-аяң, кекесін сөз, жаман ат тағу, келемеждеу, басқалардың кемшілігін іздеу секілді жағымсыз іс-әрекеттерді сөгіп, одан аулақ болуға үндейді.

Аллаһ тағала «Хужурат» сүресінде: **«Уа, мүминдер! Бір қауым басқа бір қауымды кемсітіп, мазақтамасын. Өйткені, мазаққа ұшыраған қауым өзін мазаққа айналдырған қауымнан әлдеқайда жақсы болуы мүмкін. Сондай-ақ, әйелдер де бірін-бірі мазақтамасын. Кім білсін, мазаққа ұшыраған әйелдер оларды мазақ қылған әйелдерден әлдеқайда қайырлы болуы мүмкін. Біріңе-бірің күйе жақпаңдар. Өз-өздеріңе (яғни, мұсылмандар болып біріңе-бірің) намысқа тиетін лақап ат қоймаңдар. Иман келтіргеннен кейін насық деген жаман атқа ие болу нендей жаман. Кімде-кім тәубесіне келмесе, міне солар өз-өздеріне қиянатшыл болғандар. Біріңді-бірің зайбаттамаңдар! Қайсыбірің өлген бауырының етін жегенді қалайды? Әрине, бұдан жиіркенесіңдер. Ендеше, Аллаһтың (азабынан) қорқыңдар. Расында, Аллаһ тағала (құлдарының) тәубесін қабыл етуші, ерекше мейірімді»** («Хужурат» сүресі, 11-12 аяттар).

Күмәннің, яғни долбардың, лақап сөзді сан-саққа жүгіртудің де түр-түрі бар. Аллаһ тағала,

оның Елшісі, мүминдер, қала берді, бүкіл адамзат турасында тек қана жақсы ойда болу мұсылман үшін жарасымды. Ал адамдардың кем-кетігін тіміскілеп, үнемі сұм ойға берілу күнә. Айта кететін тағы бір жайт мұсылман адам басқалардың өзі туралы жаман пайымдауына жол бермеуі тиіс.

Мұсылманның жел сөзге құлақ аспағаны, дін-иман туралы орынсыз сөздерден аулақ болғаны жөн екенін мына аяттардан ұғамыз:

«Олар өсек-аяң естігенде теріс айналып: «Біздің ісіміз өзімізге, сендердің істерің өздеріңе. Мұндайда жылы қоштасайық. Надандарды қаламаймыз», – дейді» («Қасас» сүресі, 55-аят).

«Олар қаңқу нәрселерден аулақ болады» («Мүминун» сүресі, 3-аят).

«Өзің білмеген нәрсенің соңына түспе. Шынымен қиямет күні құлақ, көз бен жүрек одан сұралады» («Исра» сүресі, 36-аят).

«Олардың аяттарымызды әжуалауға кіріскенін естіген сәтте сөз сарынын ауыстырғанша олардың қасынан без. Егер шайтан саған сытылып шығуды ұмыттырса, есіңе түскен сәтте залымдар тобынан аулақ кет» («Әнғам» сүресі, 68-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): *«Адамға күнә ретінде естігенінің бәрін екінші біреуге жеткізгені жетіп жатыр»*, – деген [\[186\]](#). Тағы бір хадистерде біреуді сыртынан қаралап, өсек айтқанның және өсекті тыңдағанның күнәға бірге бататыны, екеуі де өсектеген адамының күнәсін арқалайтыны, оның өтеуі үшін сауаптарын бөліп беретіні айтылған.

«Діндес бауырын гайбаттап жатқанда өсекшіге қарсы шығып, бауырының абыройын қорғап қалғанды Аллаһ тағала қиямет күні тозақтан сақтайды», – дейді [\[187\]](#). Біреудің сыртынан өсек айту да, айтылған өсекті тыңдау да харам. Ал өсекті айтқызбай тыйып тастаған адамның да ақыретте алар сауабы әлгіндей болмақ. Демек, мұсылманның ар-намысына, абыройына нұқсан келтіретін сөз айтпау бір міндет болса, мұны басқаларға да айтқызбау тағы бір міндет.

Кааб ибн Мәлик (р.а.) Тәбук жорығынан қалып қояды. Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) Тәбукте сахабаларымен бірге отырып: «Кааб ибн Мәликке не болды екен?» – деп сұрағанда, Сәлима руынан шыққан біреу: «Паңдығы ұстап байқамай қалып қойған шығар», – десе керек. Муаз ибн Жәбәл оған: «Бұл сенің қай сөзің?» – деп кейіді де: «Уа, Аллаһтың елшісі, біз ол жайлы жақсылықтан басқа ештеңе білмейміз», – дейді. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бұған ештеңе демейді [\[188\]](#). Хадис сахабаның басқа бір сахаба туралы жақсы ойлағанын, Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) мұны үнсіз құптағанын бізге сабақ қылады.

Төменде келтірілген аяттар өсек-аяң айтқандарға, сөз тасығандарға ермеу қажет екенін, отыз тістен шыққан әрбір сөздің есепке алынып отырғанын ашық білдіреді:

«Бұлар дәулетті, текті деп ант-су ішкен ынжықтарға ерме, өсекшіге, жақсылыққа тыйым салушыға, шектен шығушы күнәһарға, сотқарға, сондай-ақ тексізге де» («Қалам» сүресі, 10-14 аяттар).

«Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы, жазып қоюшы дайын тұрады» («Қаф» сүресі, 18-аят).

«Сөз тасыған жәннатқа кірмейді» [\[189\]](#).

Сөз тасыған адамға өзінің қылығы елеусіз көрінгенімен, мұның азабы ауыр болатыны мына хадисте айтылады. Бірде Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып, «Бұл екеуі де қаперіне алмаған күнәлардан қабір азабын тартып жатыр. Біреуі сөз тасығаны үшін, ал екіншісі болса зәр сындырғанда сақтанбағаны үшін» деген еді [\[190\]](#).

Көпшілік мұсылман осылайша «бір-екі ауыз сөз не тәйірі», «бір-екі тамшыда тұрған не

бар?» деумен адасады, азапқа ұрынады. Негізі кішкентай күнәнің қайталана берсе таудай көлемге ие боларын ұмытпаған жөн. Айша анамызға (р.а.) жала жабылып, сол бүлік сөзді елге жайғандарға Құран: *«Сол уақытта өсекті ауыздан ауызға таратып, көздерің жетпеген нәрсені жайып, болмашы нәрсе гана деп ойласаңдар ол Аллаһтың алдында зор іс еді»*, – деп ескерткен («Нұр» сүресі, 15-аят).

Ғайбаттау былай тұрсын, кісінің артынан «бетіме телміре қарады» деген секілді көңілге тиетін қарапайым сөздердің өзі кісі ақысының тапталғаны болып есептеледі. Неге екені белгісіз, өтірікке, зинаға, ұрлыққа, намазды тәрк ету секілді күнәлардың маңына да жуымайтын, «дінге, иманға, халыққа қызмет етемін» деп жанұшыра жүгіріп жүрген саналы азаматтарымыз тіл бәлесі ғайбаттың алдында дәрменсіздік танытып қоя береді. Бұл дегеніңіз, діннің бір әмірін қабылдап, келесі бір әмірін құлаққа қыстырмау емес пе? Кітабымыз Құранда жүрегіндегі иманы әлсіз мұсылмандар туралы: *«Сендер кітаптың кей бетіне сеніп, кей бетіне қарсы келесіңдер ме? Сендерден кім бұлай істесе, әрине, олардың жазасы дүние тіршілігінде қорлық, қиямет күнінде сұмдық азап болады. Аллаһ тағала істеген істеріңнен хабарсыз емес»*, – деп айтқанын естен шығармайық. («Бақара» сүресі, 85-аят).

Басқалардың айыбын әшкерелеуге ешқандай да қақымыз жоқ. Мәселен, әл-ауқаты жақсы бауырымыздың үйін қымбат жиһазбен толтырғанын көрсек, ол туралы «пәленшекең көзіне шел бітіп өзгерді, дүниенің қызығына алданып, жиған-тергенімен шаңырағын сәндепті» деу әбестік саналады. Өйткені, жақсы тұрмыс, жайлы үй иелену дінде харам емес, ал мұны өсек сөздің желеуіне айналдырып, адамды шенеп-мінеу харам. Жұпыны киіну, шидің үстіне жату тақуалықтың бір нышаны шығар, бірақ, жұрттың барлығы солай күнелтуі керек деген түсінікке орын жоқ. Тақуалық дәмді дастархан мен қымбат матадан киінуге қарсы тұру деп ұқпауымыз керек. Өмірде бай бола тұра қызылды-жасылды дүниеге берілмей, керек кезде тәрк ете алар тақуалардың болғаны секілді, өмір бойы кедейліктен көз ашпаса да тақуалыққа әсте бой ұрмаған адамдар болған.

Қымбат шапан жамылып, бағалы көлік мінгендердің ісі ысырап саналуы да, саналмауы да мүмкін. Шынтуайтында, мәселенің бәрі ниетке кеп тіреледі. «Маған мұсылман еместер сынай қарайды, Исламның абыройы үшін сәнді, жарасымды киінуім керек» деген адам гардеробын толтырып киім жинаса, мұнысы харам емес, аздаған шашып-төгу ғана болмақ. Ысыраптың да түрлі деңгейі бар. Сондықтан, дүние жиған мүминдердің әрекетін күстәналап «ысырап етуін қарашы» деп сөгу дұрыс емес.

Имам Ғазали «Мұсылман еместі ғайбаттаудың үкімі не болмақ?» деген сауалға былай дейді: «Ғайбат сөзді мұсылман айтса үш нәрсеге себеп болғандықтан тыйым салынады: бірінші – кісіге тіл тигізгені үшін, екінші – Аллаһ жаратқан құбылыстың бойынан кемшілік іздегені үшін, үшінші – уақытты босқа өткізгені үшін».

Бұл қағидадан біз мұсылманды ғайбаттаудың харам екенін, бойынан кемшілік іздеу мәкрұх екенін ұғамыз. Сондай-ақ, Ислам мемлекетінде өмір сүретін мұсылман еместі де жәбірлеуге болмайды. Өйткені, Аллаһ оның дінін, жанын және малын өз қорғауына алған. Ибн Хиббанның кітабында баяндалған мына хадис осыған дәлел. «Иудей немесе христианға жапа шектірген адам жаһаннамдық». Бұдан басқа соғыс жағдайындағы (харби) мұсылман еместі ғайбаттау харам емес деп айтылғанын да қоса кеткен жөн [\[191\]](#).

Аллаһ тағала: *«Уа, мүминдер, садақаны міндетсініп, бұлдап немесе кісінің көңілін қалдырып сауабынан айырылып қалмаңдар»*, – деген («Бақара» сүресі, 264-аят). Сондай-ақ, тағы бірде: *«Қайыр істегендер бергендерін бұлдамаса, сөйтіп өзгелерді кейітпесе, оларға Раббыларының құзырында сыйлық бар. Және оларға қорқыныш жоқ, олар қайғырмайды»*

(«Бақара» сүресі, 262-аят), – дей отырып, жасаған жақсылығын соқырға таяқ ұстатқандай қайта-қайта айтып міндетсінгенді, бәлсінгенді жазғырған.

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) қиямет күні орнағанда дәрменсіз халдегі үш топтағы адамдарға Аллаһ тағаланың мейіріммен назар салмайтынын және ақтамайтынын айтқан. Олар: киімі жерге шұбалған тәкаппар, жақсылығын бұлдаған адам және өтірік ант-су ішіп тауарын қымбатқа сататын саудагер[192].

Кісі ақысын аяқ асты ететін жаман қасиеттердің бірі – мақтану мен дандайсу. Мұсылманның бір-біріне кішіпейілдік танытуға тиіс екенін Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) мына бір хадисте жеткізген: «Аллаһ тағала маған **«Бір-біріңе кішіпейіл болыңдар, шектен шығып, бір-біріңе қысым көрсетпеңдер, тәкаппарланып мақтанбаңдар»** деді»[193].

Өзін биік санап, өзгелерді елемеу – үлкен қателік. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бұл туралы: «*Кімде-кім астамсып, адамдар «құрыды (зиянға ұшырады)»* десе, өзінің олардан бұрын құрығаны», – деген[194]. «Заман азды, адам азды» деп түңілген, байбалам салған дұрыс емес. «Басқа бәле – тілден» екенін естен шығармайық. Сондай-ақ, адамға несібе етілген байлық, не болмаса басқадай нығмет оған өзін өзгелерден өктем ұстауға өкілеттік бермейді.

а) Ғайбат – кісі ақысынан да ауыр

Көрші немесе көңілі жақын дос адаммен әңгімелесіп, қош айтысқан соң оның былай шыға бере сыртымыздан өсек айтпайтынына сенбесек, жағдайымыздың қиын болғаны. Себебі, көкірегін күдік кемірген адам «кім біледі мен туралы не айтып жатқанын» деп көп мазасызданады, кейіді. Мұндай достық ұзаққа бармайды. Сондықтан, Құран кәрім бауырының ту сыртынан ғайбаттауды өлген туысының етін жеуге теңеп, мұның аса ауыр әрі жиіркенішті күнә екенін білдірген. Дегенмен, кей кездері адамдардың кемшіліктері мен қателіктерін ашып айтуға тура келетін жайттар да болады. Ал, күнделікті қалыпты өмірде кісінің кемшілігін, қателігін дабыра қылып бетке басу, жақсы атын жаманға шығару шынайы достық пен бауырластыққа жатпайды.

Төрт жасында Құранды жатқа білген, сан мәрте қажылыққа жаяу барған Имам Шафиғи сияқты ғалымдарға ұстаздық қылған, хижраның II ғасырындағы үлкен Ислам ғұламасы әрі сопы Суфиян ибн Уяйнаның ғайбат туралы сөздеріне құлақ түрсек, былай дейді: «Кісі ақысы ең үлкен ақы болып табылады. Разылығын алмаса, кісі ақысы шейіттерден де сұралады. Сондықтан, кісі ақысынан арылғысы келген жан ол адамның көңілін тауып, ол өмірден өткен болса, мұрагерлерінің кешірімін алып, көңілдегі түйткілді шешуге келісуі қажет. Сонда ғана кісі ақысы өтеледі.

Әйтсе де, ғайбаттаған адам кісі ақысынан оп-оңай құтылмақ емес. Қайтыс болған кісінің артында қалған туған-туыстарына барып, «Марқұмды сыртынан сөз қылып едім, ол қайтыс болған екен, есесіне саған ақша берейін, мендегі ақысын кеш» дей алмайды. Өйткені, марқұмның мұрагерінің мұндай өкілеттік жасауына ешқандай құқы жоқ.

Бұндай жағдайда ғайбаттаған адамымен бетпе-бет кездесіп, разылығын алу мүмкіндігі тек мақшар таңында туады. Сонда ол ғайбаттаған кісісімен сауабын бөліседі, сауабы жетпесе оның күнәсін арқалайды. Демек, ғайбатталған адамның разылығын алу кісі ақысын өтеудің басқа түрлерінен әлдеқайда қиын.

Неге десеңіз, адамның қадір-қасиеті, ар-намысы оның мал-мүлкінен жоғары тұрады. Малын алған адамның мұрагеріне өтеуін беріп құтылуға болады. Алайда, сыртынан сөз қылып, абыройын төккен адамыңның қадір-қасиетін ақша беріп қалпына келтіре алмайсың. Оның есесі ақыретте бетпе-бет келіп сауабыңмен бөліскенде, сауабың жетпесе, оның күнәларын арқалағанда ғана қайтады.

Мақшарда жиған-терген сауаптан оп-оңай қағылып қалмау үшін тілге ие болған жөн, айналадағылармен достығыңды бұзатын өсектен шаян мен жыланнан қашқандай қашпақ керек. Жалған дүниенің аз күнінде сіз-біз деп сыйласып өткенге не жетсін?!»[195].

Бір ауыз сөз ішіңе сыймады ма?

Табиғиннің сыйлы тұлғасы Хасан әл-Басриге біреу келіп: «Пәленше сені жамандады» дейді. Сондағы араларында болған әңгіме сарыны мынадай:

– Оны қайда көрдің? – дейді Хасан.

– Үйінде қонақта болдым, сонда естідім, – дейді сөз тасушы.

– Қонақасының дастарханы бай ма екен?

– Иә, мол дастархан жайып сыйлады, тойғанша ішіп-жедік, – дейді анау.

– Осынша тамақ ішіңе сыйғанда, бір ауыз сөз ішіңе сыймады ма? – деп ренжіген Хасан Басри: «Егер айтқаның рас болса, істейтін төрт амалым бар. Тілімді безеп шағынбаймын, жүрегіме кек сақтамаймын, дүние мен ақыретте оған дұшпан болмаймын, ақымды талап етпеймін. Бұйырса, онымен бірге жұмаққа барармын. Маған сөз тасығаныңдай мұны оған да жеткіз. Ондағы тапталған ақымды кешірдім. Сен де одан барып разылық ал»[196], – деп өсекшіні де, сөз тасушыны да жөнге салған екен.

15. Аманатты орындау, уәдеде тұру

Аманатқа қиянат ету мен сертке селқостық таныту кісі ақысын аяқ асты ету болып табылады. Хадисте айтылған: «*Мұнафықтың белгісі үшеу: өтірік айту, уәдеде тұрмау, аманатқа қиянат жасау*»[197]. Тағы бір риуаятта «*Ораза ұстап, намаз қылса, өзін мұмин деп білсе де*» деген сөз қоса айтылған[198].

«Негізінен Аллаһ тағала сендерге аманатты орындауларыңды және басшы бола қалсаңдар әділдікпен билік жүргізулеріңді әмір етеді» дейді Құран кәрім («Ниса» сүресі, 58-аят). Тағы бір аят: «**Рас, аманатты (дінді) көк пен жерге және тауларға ұсындық. Олар бұл жауапкершіліктен қорқып бас тартты. Оны адам баласына жүктеді**», – дейді («Ахзаб» сүресі, 72-аят).

Хузайфа ибнул Йеман (р.а.) мына бір оқиғаны баян етеді: «Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) бізге екі нәрсе туралы айтты. Бұлардың біреуін өз көзіммен көрдім, екіншісін күтіп жүрмін. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) әуелі мынаны айтты: «*Расында, аманат (адалдық) адам жүрегінің түбіне тамыр жайып орнықты. Сосын Құран түсті. Адамдар Құран мен сүннеттен аманатты үйренді*». Содан соң Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) аманаттың (адалдықтың) жоғалатыны туралы айтты: «*Адам ұйқыдағы уақытта жүрегінен аманат суырылып алынады, оның болмашы мөлшері ғана қалады. Сосын тағы бір ұйықтағанда жүрегінен аманат басы бүтін алынады, бұл жолы аяғында домалатқан шоқтың ізіндей ісінген дақ пайда болады*», – Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) қолына малта тастар алып аяғының үстінен домалатты да, сөзін жалғастырды, – «*Нәтижеде адамдар сауда-саттық жасағанда сенетін адам таппай сансырайды. Керек десең, «пәленшенің әулетінде аманатқа адал адам бар екен» деп таңырқай айтатын күнге жетеді. Алда-жалда біреуден адалдықтың ұшқынын байқаса, «қандай батыл, қандай биязы, қандай ақылды адам десеңші» деп, таңдай қағып, тамсанатын болады. Осылай өздері адамдықты көксегенімен, жүректерінде қыша тұқымындай да иман болмайды*».

Бір кездері сауда-саттықты кез келгеніңмен жасай беруші едім. Саудада әріптесім мұсылман болса, діні менің ақыма алалық істемейтін. Христиан немесе иудей болса да әкімі менің ақымды жеп қалған емес. Алайда, бүгінде тек бір-екеуіңмен ғана сауда жасаймын[199].

Иман мен Исламның белгілері ақырзаманда тым көмескіленетінін хадистен білеміз[200].

Сондықтан болар, қазірде жұрттың көбі діннен ғапыл, кітап пен сүннеттен хабарсыз болып отыр.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): *«Аманаты (адалдығы) жоқ адамның иманы да жоқ»*, – деген [201]. Иманы келте адамдардың жүрегі көп күнә жасағандықтан, тез қараяды. Сосын мұндайлар табысқа жетер төте жол іздеп, жұрттың ақысын жеп, халықты алдауға көшеді. Сонау Пайғамбарымыздың заманында өмір сүрген сахаба Хузайфа сеніммен қарап сауда жасайтын әріптес табудан қалай қиналса, бүгінде біз де соның кебін киіп, күйін кешіп отырғанымыз жасырын емес.

Аллаһ тағала мен адамдарға берген уәдені бұзбау қажет екенін мына аяттардан аңғарамыз: *«Уа, мұминдер, уәделеріңді орындаңдар»* («Мәида» сүресі, 1-аят), *«Сертті орындаңдар. Сөз жоқ уәде сұралады»* («Исра» сүресі, 34-аят).

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде мұнафықтың төрт белгісі барын айта келе: *«Ол берілген аманатқа қиянат жасайды, өтірік айтады, сөзінде тұрмайды, шектен шыға жаулық қылады»*, – дейді [202].

«Сертін бұзғандар қиямет күні әшкере болады. Уәдесінен тайғаны үшін бұл пәленшенің опасыздығының ишарасы деп оған байрақ тігіледі» [203] деген Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) тағы бір хадисте былай дейді: *«Қиямет күні әр опасыздың ту сыртында байрақ орнатылады және ол ту опасыздығының шамасына қарай биіктей береді. Біліп қойыңдар, билеушінің опасыздығынан өткен сорақылық жоқ»* [204].

Ел басқару үлкен жауапкершілік. Хадистерде басқару ісінің шырғалаңы мол екені, әділ билеушіге жақсылықтың үйіліп-төгілетіні айтылады. Адамдар көлеңке таппай, күйдірген күн көзінен жаны қысылатын қиямет күні Аллаһтың мейірбандық көлеңкесін саялайтын жеті топтың қатарында әділ билеуші де барын айтқан Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) Әбу Зарға (р.а.) «билік сұрама» деп мұның ауыр іс екенін меңзеген. Пайғамбарымыздың осы тақырыптағы хадистерін есіл-дерті ел билеуге ауған адамдар мен билік басындағы жуандар көкейіне түйіп, нәтиже шығарса нұр үстіне нұр болар еді.

Сайлауда халыққа аста-төк уәде бергендердің мамық орынға қонжиған соң, мейманасы тасып жауапкершілігін ұмытуы кісі ақысын аяқ асты етудің нақ өзі. Басшы қолда бар мүмкіндігін пайдаланып, қоғамның қаны сорғалап тұрған мәселелерін шешудің орнына мардымсыз қолбайлау істермен айналысуы тұтастай елдің ақысын бұзған болып саналады.

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): *«Мен қияметте мына үшеудің: менің атыммен ант еткен соң уәдесінен танған адамның, азат кісіні құл деп сатып жіберген адамның, жұмысшының еңбегін төлемеген адамның дұшпанымын»*, – деген [205].

Аманатты сақтауда асқан ұқыптылық туралы әңгіме

Әбу Хубәйб Абдуллаһ ибн Зубәйір (р.а.) былай дейді: «Жәмал соғысы басталатын күні әкем мені шақыртып алды да: «Балам, бүгін өлгендер не қиянатшыл, не жазықсыз болады. Өз басым жазықсыз мерт болып, шейіттердің қатарына қосыламын-ау деп үміттенемін. Бар уайымым төленбеген қарыздарым. Олай-бұлай болып кетсем, малымды сатып қарызымды төлегейсің. Қарыздарымды қайтарғаннан кейін сендерге бірдеңе қала ма, қалай ойлайсың?» – деді. Сосын дүниесінің үштен бірін балаларына өсиет қылып: «Қарыздарым толық төленіп біткен соң да дүние қалса, үште бірі сенің балаларыңа тиесілі», – деді. Сөйтіп, қарызын қайтаруды қайта-қайта тапсырып жатып: «Балам, егер қарызымды төлей алмай қиналсаң, Мәуламанан [206] сұра», – деді. Не дегенін түсіне алмай Мәула дегеніңіз кім? деп сұрадым. «Мәуламан – Аллаһ» деді әкем. Аллаһтың атымен ант етейін, әкемнің сол қарыздарын төлерде қиналып қалсам: «Уа, әкемнің мәуласы, оның қарызын төлеуіме жәрдем бер» деп тілеуші едім. Артынша қолыма ақша

түсетін»[\[207\]](#), – дейді.

Зубәйір ешкімнің аманатына қиянат жасамаған, алса да қарызға ыждағатты жан екен. Ертеңін ойлап, алда-жалда майдан алаңында мерт болған жағдайда да бар қарызын қайтаруды баласына өсиет қылған. Абдуллаһ ибн Зубәйір де әкесі өлген соң, мал-мүлкінен шашау шығармай, барлық қарыздарын қайтарып, аманатты ақтаған соң ғана, әке малын мұрагерлеріне бөліске салған. Абдуллаһ ибн Зубәйірдің кіндігінен тоғыз ұл, тоғыз қыз тараған екен.

Алда-жалда біреуден қарыз алатын болсақ, ешқандай арам ойсыз, құдай қаласа қайтарамын деп алуымыз қажет. Аллаһ тағаланы өзімізге уәкіл (жар) етіп істерімізді соған сеніп тапсыруымыз керек. Тек осы ықылас пен тәуекел ғана жанымыз қысылғанда Аллаһ шапағатынан пана табуымызға сеп болады.

16. Айып тағуға себеп болатын нәрселерден бойды аулақ ұстау

Мүмин адам өзін нақақтан-нақақ айыптауға, себепсіз сөгуге соқтыратын нәрселерден іргесін аулақ салады. Ислам құқығы методологиясындағы «сәдди зәраи» (харамға апаратын факторлардан сақтану) ұстанымын басшылыққа алу мүминнің міндеті. Мұндағы «сәдд» сөзі арабшада кедергі, бөгет болу, ал «зәраи» сөзі болса кісіні жамандыққа ұрындыратын қауіп мағынасына келеді.

Құран кәрім: *«Зинаға жуымаңдар. Өйткені, ол анық арсыздық және жаман жол»* («Исра» сүресі, 32-аят) дегенді ойға тоқысақ, зина жайлы ойланудың өзі харам.

Мұсылман адам күнәнің ауылынан күншілік жер айналып өтіп, күнә жасауға итермелейтін барлық күдікті амалдардан қашық тұруы тиіс. «Сендерден күмәндануға себепші болатын мекендер мен себептерден сақтаныңдар» деген хадис[\[208\]](#) осы ойымыздың дәлелі. Хазірет Омар (р.а.) да бір сөзінде: «Айыптауға, күдікке себепші болатын жерге баруды әдетке айналдырған адам өзі туралы қате ойлағандарды сөкпесін», – деген екен.

Пайғамбарымыздың (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) мешітте оңашаланғанын (иғтикәф) естіген Сафия бинти Хуяй (р.а.) анамыз онымен кездесуге келеді. Пайғамбарымызбен (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) азын-аулақ әңгімелескеннен кейін кетуге бет алады. Пайғамбарымыз (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) ОНЫ есік аузында шығарып салып тұрғанда, екеуін ансарлық екі кісі жолай байқап қалады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) оларға дауыстап: «Бұл Сафия бинти Хуяй ғой», – дейді. «Уа, Аллаһтың елшісі, сіз жайлы қайырдан басқа ештеңе ойламаймыз», – деп ана кісілер елпілдеп қалады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллауу аләйһи уә сәлләм) былай деген екен: *«Шайтан адам баласының қан тамырында жүреді. Ол сендердің жүректеріңе секем сала ма екен деп қорықтым»*[\[209\]](#).

Теология ғылымдарының докторы, профессор Фарук Бешердің осы тақырыптағы пікірі де көңілге қонымды. Профессор Құраннан түйген ойын былай деп жазады: «Бір қызығы, Аллаһ тағала Құран кәрімде базбір харамдарды айта келе, «міне, бұлар Аллаһтың қойған шектеуі, мұның шегінен шықпаңдар» десе, кісінің шәһуатын оятатын мәселелерге келгенде, «міне, бұлар Аллаһтың қойған шектеуі, бұған жоламаңдар» деп бұйырады. Біз осыдан-ақ, құмарлық сезімінің табанымызға тас батыратын сүрлеу екенін білеміз. Аллаһ елшісі (саллаллауу аләйһи уә сәлләм): *«Айыптауға негіз болатын жерлерден мың қадам әрі жүріңдер. Күмәнді нәрселерден сақтанған адам дінін, абыройын да қорғайды. Әйел мен еркек ешкім жоқ жерде оңаша қалмасын. Қалса, үшіншісі шайтан болады»*, – деген.

Сайып келгенде, мұсылман адам әрқашан кісілік келбетін сақтап қалуы, Аллаһ тағаламен ара қатынасын босаңсытатын, иманын жүдететін нәрселерден аулақ болуы, көпшіліктің өзі туралы жаңсақ ойлауына, ғайбаттауына жол бермеуі тиіс. Әйтпесе, адамдардың Аллаһқа асылық жасап, күнә арқалауына өзі себепші болады. Кісі көзіне күмән ұялататын істен аулақ жүрген

мұсылман өзі жайлы жаман пікірдің алдын алумен қатар өзгенің де өсек айтып күнә жасауына жол бермейді.

17. Жаманмен дос болған мұсылманды сақтандыру

«Бір жақсымен дос болсаң,

Азбас, тозбас мүлік етер.

Бір жаманмен дос болсаң,

Жүміле ғаламға күлкі етер» деп Шалкиіз жырау айтпақшы, мүмин ана дүниеде пұшайман қылатын жаман ортадан бойын аулақ ұстап, жақындары мен туыстарын да барынша қорғай білуі тиіс. Жаманмен дос болып, соның соңынан ергені үшін мұсылман қиямет күні бармағын шайнап: *«Неңдей өкініш маған. Әттең, мұнымен дос болмағанымда зой»* («Фурқан» сүресі, 28-аят), – деп жер соғып күйінеді екен.

Пайғамбарымыздың да (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Кім-кім де досының дінінен алшақ кетпейді. Сол себепті әркім кіммен дос болып жүргеніне қарасын», – деуі тегін емес. Адамды қалыптастыратын оның ортасы. Хас мұсылманмен дос болғанның жаман әдетке үйір болуы тым сирек болса, нәпсінің бодауында кеткендермен таң атырып, кеш батырғандардан да иманы кәміл кісі шығуы қиын.

Дос таңдау да мүмин үшін бірден-бір сынақ. Жауапкершілігі тағы бар. *«Көршісі аш кезде тоқ жатқан бізден емес»* [210] деп, мұсылманның аш қалмауын мықтап тапсырған Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) осы сөзі арқылы тек көмей мен қарынның қамын ғана емес, рухани азықпен қамтамасыз етуді де меңзеген болар.

Біз дініміз бен елімізге қызмет етер отансүйгіш мұсылман ретінде жүрегінде иманның шоқшаласы сөнуге шақ қалып тұрған адамды өзімізге тартып, оны рухани азықпен байытуымыз керек. Бұл Аллаһ пен елшісінің (саллаллау алейһи уә сәлләм) бізге жүктеген тікелей міндеті. Бұл міндеттен қашуды бір жағынан жихадтан тартыну, бір жағынан өз-өзімізге қиянат жасау деп білген жөн.

18. Түшкіріп «әлхамдулиллаһ» дегенге «ярхамукаллаһ» деу (Аллаһтан жарылқау тілеу)

Мұсылманның діндес бауырына дұға етуі – туыстық жақындықтың бір көрінісі. Мұсылманның мұсылманға жасаған дұғасының қабыл болатыны кәміл.

Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) былай деген: *«Аллаһ түшкіргенді жақсы көреді, есінегенді ұнатпайды. Кімде-кім түшкірсе, сосын Аллаһ тағалаға шүкіршілігін білдірсе, оның мадағын естіген әр мұсылманның «ярхамукаллаһ» деп айтуы уәжіп. Ал, есінегенде шайтан араласады. Шама келгенше есінемей, өздеріңе бекем болыңдар. Өйткені, адам есінегенде шайтан оған күледі»* [211].

Түшкіру – нығмет. Ол деннің саулығының, ағзаның ауруға қарсы тұруының нышаны. Берілген несібеге шүкіршілік жасағанымыз сияқты, түшкіргенде де шүкіршілік еткен жөн.

«Бірде Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) жанында қатар тұрған екі кісі бірдей түшкірген-ді. Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) біреуіне ғана: «ярхамукаллаһ» дейді. Сонда екіншісі: «Мынау түшкіргенде оған «ярхамукаллаһ» дедіңіз. Мен түшкіргенде үнсіз қалғаныңыз қалай?» – дегенде, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) оған: «Ол түшкіргенде Аллаһты еске алып «әлхамдулиллаһ» деп айтты, ал сен бұл сөзді айтқан жоқсың», – деп жауап берген екен» [212].

19. Жазықсыз зинақорлық жаласын жабу, абыройға нұқсан келтіру

Аллаһ тағала адамзат баласына ұрпағын таза ұстау мақсатында зина жасауға тыйым салған. Ислам азғындық пен арсыздыққа жол бастайтын мұндай қадам жайлы ойлаудың өзін жаман санайды. Тақырыбымыз зина жасау емес, зина жасады деп айыптау туралы болғандықтан,

әңгімемізді келтесінен қайырайық, кісіге зина жасады деп жала жабылғанда қолдан келер қайран жоқтың қасы. Абыройыңды ақтап алам дегенше, жан дүниенің азаптың шырғалаңынан шыға алмай әрі-сәрі күй кешесің. Және де басқа жағымсыз істен де бұрын зинақорлық деген жаман ат оның өзі де сұмдық, өлімнен де күшті. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтуынша, зина жасады деп жала жапқан адам тек жаққан күйесі үшін ғана емес, адамның айыбын ашуға тырысу секілді бірқатар күнәларды да қоса мойынына жүктеп алатын көрінеді.

Дініміз мұсылманға жапа шектірудің анық күнә екенін білдірген. Зина жасады деп айыптап, адамның абыройын төгу, ар-намысына тіл тигізу кісі ақысын табанға сап таптау іспетті. Аятта: *«Мүмин ер адамдар мен мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер болса, олар әрине жала жауып, ашық күнә жүктеп алды»* делінген («Ахзаб» сүресі, 58-аят). Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдерге зина жасады деп жала жабуды ең үлкен жеті күнәнің бірі санаған[213].

Адамның шыққан тегін, ата-бабасын қаралау кісі ақысына нұқсан келтірудің бір түрі. Бір пенденің екінші пендені балағаттап, ата тегіне тіл тигізуге қақысы жоқ. Әсілі, мұсылманды тексіз, некесіз туды деуден асқан жамандық болмаса керек. Харам сипатындағы бұл қылық туралы Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Кісінің ата-тегіне тіл тигізу, өлгеннің артынан дауыс салып жылау – бұл ел ішінде әдет болған надандық және кәпірлердің ісі»*, – деген[214].

20. Мұсылманның мұсылмандағы отыз ақысы

Хазірет Алиден (р.а.) риуаят етілген мына бір хадиске назар аударайық: *«Мұсылманның мұсылманда отыз ақысы бар. Бұлар жүзеге асырылмайынша, не кешірілмейінше, оған амандық (құтылу) жоқ»*. Мұсылманның отыз ақысы мыналар:

- Сәлемін алу;
- Көмектесу;
- Үнемі жақсылық жасау;
- Айыбын жасыру;
- Мұсылман бауырының қателігін кешіру;
- Жылағанда жұбату;
- Қателігіне көз жұму;
- Кешірім сұраса, кешіру;
- Реті келгенде ақылын айту;
- Қал-жағдай сұрасу;
- Жақсылығын жақсылықпен қайтарып, алғысын айту;
- Жоғалтқанын тауып алса иесіне беру;
- Тапсырмасын орындау;
- Жәбір көргенді құтқару;
- Бергеніне разы болу;
- Достығына сызат түсірмеу;
- Уәде де тұру;
- Ауырып қалса көңілін сұрау;
- Жаназасын шығару;
- Шақырғанда бару;
- Сый-сияпатын алу;
- Бауырының халалына (жарына) қарамау, өзгені де қаратпау;
- Туыстарына мейірбан болу;
- Тек жақсы сөз айту;
- Беретінін бөлек қою;

- Залымды зұлымдығынан тыюға көмектесу;
- Зорлық көргенге жақсылық жасау;
- Өсектемеу, өсектетпеу және біреулер өсектеп жатса тыңдамау;
- Түшкіргенде «ярхамукаллаһ» (Аллаһ сені жарылқасын) деу;
- Өзі үшін тілегенін оған да тілеу;

Бұлардың біреуін тәрк етсе, қиямет күні мұсылман бауыры одан осы ақысын сұрайтын болады»[\[215\]](#).

*Кісінің, менше, балам, хақын жеме,
Түбінде жарамайды жегіш неме.
Тірі күнде құтылдым қарызымнан,
Артымнан «әкем айтпай кетті» деме.*

Әріп Тәңірбергенов (1856-1924)

V БӨЛІМ САУДА ІСІНДЕГІ КІСІ АҚЫСЫ

Сауда ісіндегі жағдайлар

Біз бұл тарауда сауда қатынастарында кісі ақысын мансұқ етпеуді, дінімізде харам саналған табыс көздерін әдетке айналдырмауды және сауда ахлағына қатысты кейбір мәселелерге тоқталмақпыз.

Қоғамымызда жиі орын алатын адамзат дерті парақорлық, алдау, таразыдан жеу, қарызды дер кезінде қайтармау, біле тұра елеулі кемшілігі бар немесе жарамдылық мерзімі өткен тауарларды сату секілді әрекеттер кісі ақысын бұзу болып табылады.

Бұған қарап әлемдік сауда нарығының көптеген әдіс-тәсілдерінен кісі ақысының сәт сайын аяқ астында тапталғанын көреміз. Қалбырдағы жартылай пісірілген тамақ өнімдеріндегі химиялық консерванттар, эмульгаторлар, синтетикалық қоспалардың тигізер орасан зиянын біле тұра оңай олжаға кенелуді көздеп, оларды тағамдардың құрамына нормадан тыс қосудың және мұны өнімнің рецептурасында, не болмаса дайындалу технологиясында көрсетпеудің, қызылды-жасылды жапсырмалармен жұрттың назарын аударудың, жалған жарнама жасаудың да кісі ақысына тікелей қатысы бары рас.

Табыс табудың дінде тыйым салынған түрлері мыналар:

1. Рибо (пайыз үстемесі)

Рибо арқылы табыс табу Исламда харам іс. Дініміз жалпыға тиімсіз, әділетсіз нәрселерге осылай шектеу қойған. Хадистерде капиталдың белгілі бір топтың қолында ғана айналуына жол ашатын, халықты аяусыз қанауға апаратын өсімқорлық жеті үлкен күнәнің қатарында аталған[\[216\]](#).

Мүминдердің рибо және харам амалдар турасында өте мұқияттылық танытқаны абзал. Қоғамымызда өсімқорлықпен мал табар жандардың болатынын ескерген Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұдан ондаған ғасырлар бұрын: *«Адамдардың басына сондай күн туады, кісі малының адалдан, не болмаса харамнан болғанына мән беріп жатпайды»* деген сөзінің мәнін ұққандай боламыз[\[217\]](#). Ол тағы бірде: *«Адамдардың басына сондай күн туады, рибо (пайыз өсімі) жемеген жан қалмайды. Жемесе де тозаңы жұғады»*, – деген[\[218\]](#).

Рибомен күн көру жеке тұлғаның да, қоғамның да құлдырауының көрінісі. *«Кімде-кім*

рибамен мал жиса, соңында әлбетте жоқшылық көреді» [219], «Бір қауымда риба кең тараса, ол қауым міндетті түрде ашаршылықпен жазаланады. Парақорлық кең тараса, ол қауым үреймен жазаланады» [220], «Зинаның жария жасалып, рибаның ашық желінуі Аллаһтың азабын шақырады» [221] деген хадистер біз үшін ашық ескерту.

Аллаһ тағаланың дүниеде рибамен мал жиғандарды қиямет күні қарындары жер сызған күйде тірілтетінін Құран мен хадистерден білеміз. Олар қабірден тұрмаққа ұмтылғанымен, қарнын көтере алмай, сүйретіліп хашыр алаңына еңбектеп жетеді. Бұған ондағы жұрттың бәрі куә болады [222]. Өсімқорлық Аллаһ тағала мен елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үзілді-кесілді тыйым салған және оған қарсы күрес жариялаған амал.

2. Құмар ойнау

Аллаһ тағала құмар ойындарын, яғни ақша тігіп, бәстесіп ойнайтын ойын түрлерінің барлығын түбегейлі харам қылған. Оның ресми заңдастырылғаны да, ресми емес жасырын ойналғаны да харам. Құранда құмар ойындар шайтанның ісі екені айтылады: *«Уа, иман еткендер! Арақ-шарап, құмар ойындары, құлшылық ету үшін орнатылған пұттар және жебелермен бал ашу тек шайтанға тән лас істерден. Ендеше (екі дүниеде) мақсат-мұраттарыңа жету үшін бұлардан аулақ болыңдар. Шүбәсіз шайтан арақ-шарап һәм құмар ойындары арқылы араларыңа дұшпандық пен өшпенділік салуды, сендерді Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды (бөгеуді) гана қалайды. Енді бұлардан тыйылдыңдар зой, солай емес пе?»* («Мәида» сүресі, 90-91 аяттар).

Құмар, бәс тігу және ұтыс билеттері секілді алдамшы ұтысқа негізделген ойындар кісіні жарылқау үшін емес, алдап-арбап дүние жинау үшін ойлап табылған амалдар. Мұндай сипаттағы қоғамдық ойындар кісінің психологиясына кері әсерін тигізіп, есек дәмемен алдарқатып, кездейсоқ жетістікке тәуелді қылып қояды. Құмар ойнаған адам оған салынып, бұл індетке байланып, оңайлықпен құтыла алмайды. Құмар ойыны жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға зардабын тигізетін зобалаң екені айдан анық. Қазіргі таңда құмар ойнау тұтас қоғамдық дертке айналып, адамның қарызға батуына, отбасының ойран болуына, ақыр соңы өз-өзіне қол жұмсауына әкеп соғуда.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Кімде-кім досына құмар ойнауға ұсыныс білдірсе, оның садақа беруі міндет»*, – деген, яғни Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) құмар ойнамақ түгілі оған шақырудың өзіне қырын қараған. Құмар ойынға шақырған адамға күнәсінің өтеуі үшін садақа беруді міндеттеген.

Алдамшы байлықтың буына мастанған адам бір мезгіл есеп күнін де еске алғаны жөн. Ұтыс ойынында кездейсоқ жолы болып, қыруар ақша иемденген адам біреудің ақшасын нақақ тартып алғанмен барабар. Демек, құмар ойнап қалтасын қалыңдатқан адам жұрттың малын жеп, хараммен байығаны үшін, ал ұтылған адам отбасының дүниесін ысырап қылып, нәпақасын талан-тараж еткені үшін жауапты болады.

3. Алаяқтық

Егер кісінің жүрегінде иманы болмаса, Құдайдан қорықпаса, қу құлқынның қамы үшін өтірік айту, бөтеннің малын тартып алу, ұрлап кету секілді алаяқтықтың небір түрлеріне бара алады. Ал, Ислам ережелерімен бекітілген адал саудада мүмин мұндай қиянатқа бармайды. Дініміз сауда ісін жүргізуде тұтынушының құқықтарын сақтауды әмір еткен. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірде Мәдина базарында бидай сатқан саудагерлерді тексеріп жүреді. Бидай салынған бір қапқа қолын сұғып көргенде бидайдың ылғал екенін байқап қалады. Сосын көпеске қарап: *«Мұның не?»* деп кейіс білдіреді. Сатушы: *«Уа, Аллаһтың елшісі, жаңбыр тиіп*

ылғалданып қалған еді», – деп ақталғанда, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Бізді алдаған бізден емес», – дейді[223].

Аллаһ тағала Құранда: «*Дұрыс өлшеп, дұрыс тартыңдар*», «*Кем өлшеп сатқандарға нендей өкініш!*» – деген («Әнғам» сүресі, 152-аят; «Мутаффифин» сүресі, 1-аят). Таразыдан жеудің басқа бір аты ұрлық десек, кателескеніміз емес. Ал, ұрлықтың түбі қорлық екені әмбеге аян. Дініміз өлшеп сатылатын тауарларды таразыда артығымен бергенді қош көрген. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) сатушыларға қаратып: «*Сатылатын затты өлшегенде таразы тасын ауырлатыңдар*» деген[224].

Бүгінгі таңда тұтынушыға бір уыс дәнді артық тарту былай тұрсын, таразыда туралық сақтаудың өзі қиынның қиынына айналғандай. Базарда сауда жасайтындардың көбі таразыларын қолдан бұрмалап көрер көзге, ашықтан-ашық кісі ақысын жейді, және бұдан көпшілік те бейхабар емес.

Саудагер тауардың қасиеттері мен сапасы туралы толық мәлімет беруі тиіс. Тауардың ақауы болса мұны тұтынушыға бүкпесіз айтуы керек. Сондай-ақ, ақауы бар тауарды бүлінбеген тауардың бағасымен саудалауға болмайды. Бүгінгі күннің шындығы сол, сауда-саттық десе кісі ойына алдымен алдау мен арбау оралады. Әсіресе, телеарналардағы қызылды-жасылды жарнамалар тауарлардың тұтынушылық қасиетін асыра мақтап, көпшілікті бұған иландырудың бар амал-айласын қарастырып бағады.

Бүгінде халықтың құқықтық сауаты мен белсенділігі артты десек те, адамдардың көпшілігі құқы бұзылғанда заңға жүгіне бермейді, көнбістік танытады. Әділетсіздікке көз жұма қарау мұсылмандыққа жат. Әділетсіздік жасалғанда үнсіз қалу, ақиқатқа қиянат болмақ.

Тауар өзіндік құнынан тым қымбатқа сатылғанда аларман, төмен бағаға саудаланғанда сатушы зиян шегеді. Тауардың өткізу бағасын нарықтың талаптарына, оның өзіндік құнына және басқа да қара қылды қақ жарған әділетті факторларға қарап белгілеу қажет. Баға белгілеудің өзі жауаптылық пен әділеттілік қажет ететін жауапты іс. Онда сатушы мен сатып алушының мүддесі қатар ескерілуі тиіс. Тауарды тым қымбат бағалау қарапайым халық үшін әділетсіздік болса, өз бағасынан тым төмен бағалануы да сатушы ақысының аяққа тапталғаны[225].

Сатушының тауарды саудалағанда бағана біреу мұнша бағаға сұрады, бермегем» не болмаса, «құны осынша, бұдан төмен болса шығынға ұшыраймын» деп, алдап сатуы да, сатып алушының құқын бұзбақ.

Сауда-саттық кәсібінде осындай харам әдіс-тәсілдермен табыс табу Құранның «*Малдарыңды бұзық (харам) жолмен жемеңдер!*» («Бақара» сүресі, 188-аят) әміріне, Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) «Бізді алдаған бізден емес» деген секілді қатаң ескертулеріне түбегейлі қайшы келеді. Мұның дүние мен ақыретте зауалы ауыр. Ислам ғалымдары алдап соғумен, алаяқтық жолмен табылған малдың харам екенін, мұндай табысты, пайдаланудың адамның ғибадатына, жеке басы мен отбасына кері әсер ететінін айтқан. Егер сондай жағдайға ұрына қалса, оны тұтастай қайырымдылыққа жұмсауға кеңес берген. Және бұл садақаның өзі өсімқорлықтан келген күнәдан, мойнындағы кісі ақысынан арылуға жетпеуі мүмкін екенін айтқан.

Әбу Ханифа

Ұлық имам Әбу Ханифа Ислами ілім-білімнің заңғар ғалымы болумен қатар, игі амал жасауда да алдына жан салмаған. Өзінен кейінгілерге үлгі боларлық біртуар тұлға. Әсіресе, оның саудадағы әділдігі ел ішінде аңызға айналған.

Өзі күндіз-түні ғылыммен шұғылданғандықтан, сауда істерін жұмыскерлеріне тапсырып

қоятын.

Бірде ол көмекшісі Хафс ибн Әбдірахманды мата сатуға жібереді де, тауардың мынадай ақаулары бар, соны сатып алушыға айтуды ұмытпа және арзанға сат деп тапсырады. Хафс тауарды имам белгілеген бағаға сатқанымен, оның кемшілігін сатып алушыға ескертуді ұмытып кетеді. Мұны естіген Әбу Ханифа Хафстан: «Сатып алған адамды білуші ме едің?» деп сұрайды. Хафс алған адамды ұмытып қалғанын айтқан-ды. Ақырында имам тауардан түскен кірістің бәрін садақа қылып таратқан екен. Оның осындай тақуалығы рухани өміріне де, дәулетіне де береке әкелген.

4. Алыпсатарлық (Спекуляция)

Спекуляция немесе жалпақ тілмен айтқанда алыпсатарлық дегеніміз – харам жолмен баюды көздеген сауданың бір түрі. Өз қалтасының қалыңдауы үшін халыққа қажетті тауарды көп мөлшерде сатып алып, сол тауарға сұраныс туған кезде бағаны күрт өсіріп айналымға шығару дініміздің харам еткен ісі. Алыпсатарлық нарықтағы тепе-теңдікті бұзып, қоғамда қымбатшылық туындатады. Алпауыт алыпсатарлар жеке бас пайдалары үшін талайды жарға жығуға бар. Өз мүдделерін халықтың, қала берді мемлекеттің мүддесінен жоғары қояды, нарықты билеп-төстеп, қолдан дағдарыс жасайды, сосын нарыққа тауар немесе ақша қаптатып нарықтың өзге қатысушыларын бәсекеге төтеп бере алмайтындай дәрменсіз хәлге ұшыратады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) харамға құрылған мұндай алыпсатарлық жайлы былай дейді: *«Тауарды қымбаттасын деп тығып ұстағандар – қателікке ұрынғандар»* [226]. Шынымен де олардың әрекеттері бірегей жаңсақ есепке құрылған. Тағы бірде Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алыпсатарлардың ақыреттік күйін былай деп жеткізеді: *«Кімде-кім халыққа қажет тауарды қырық күннен артық тығып ұстаса, ол Аллаһтан қашықта, Аллаһтың рақымы (мейірбандығы) да одан қашықта болады»* [227]. *«Күнәһардан басқа ешкім ешқашан тауарды тығып ұстаумен айналыспайды»* [228] дейді тағы бір хадисте.

«Тауарды тығып ұстамай нарыққа шығарған ризығын табады, алыпсатарлық жасаған малғұн (қарғысқа қалған) болады» [229], *«Кімде-кім мұсылмандарға залал келтіріп, азық-түлікпен алыпсатарлық жасаса, Аллаһ оны дәрменсіз ауру қылады және шығынға батырады»* [230].

Нарықтағы кейбір тауарларды айналымнан шығару арқылы уақытша дағдарыс жасап, өз өнімінің бағасын өсіру немесе нарықты жаулап алу мақсатында тауарды өзіндік құнынан төмен сатып, өзгелерді шығынға батыру да спекулятивті операциялар қатарына жатады.

Көріп тұрғанымыздай, алыпсатарлық қоғамның үлкен-кішісіне, бай-кедейіне қарамай бәріне жаппай зардабын тигізеді. Бұл сауда алпауыттары арасындағы мәміле болудан қалып, бұқара халықтың құқығын бұзатын қауіпті қылмысқа айналады. Ешбір кісінің қиямет күні есеп беруден құтылмасы анық. Олай болса, Аллаһ тағала тыйым салған, Құран мен хадистерде бізге қайта-қайта ескертілген мұндай әрекеттерден алыс жүргеніміз абзал. Ақылды адам келешегін таразыға салып салмақтайды, өзін ақырет күніне дайындайды. Ақымақ адам нәпсінің айтқанымен жүріп, айдауына көніп, өзіне қиянат жасайды. Олай болса, Құдайдан жамандыққа бұйырған нәпсіміздің жетегінде кетпейтін ердің ері болуды тілейік.

5. Өсімқорлық пайызбен қарыз беру

Адамзат қоғамында ғасырлар бойы қордаланған мәселелердің бірі өсімқорлық болса керек. Мұнымен айналысып дәнiккендер өзіне кіріптар болғандарды теспей сорып, елдің қақысын қынадай қырып дәулет жинауда. Сол себепті, Аллаһ тағала қанаудың ең оңтайлы тәсілі рибаға Құран кәрімде қатаң тыйым салған. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) да бұл

мәселені жиі тілге тиек еткен.

Адамзат қоғамының мың сан тетігі өзара байланысқан күрделі механизм іспеттес. Оның тұтас істен шығуына бір тетіктің болмашы ақауы-ақ жеткілікті. Мәселен, өсімқорға әйтеуір бір себептермен күні түскен адам әдетте қарызға белшесінен батады. Одан оңай құтылуға шамасы келмегендіктен, күйгелектеніп темекі тартып, одан қалса «күйінішімді басамын» деген байғұс үмітпен қу арақтың қақпанына қалай түскенін аңдамай қалады. Содан үй ішінің тыныштығы кетеді, ұрыс-керіс, айқай-шу орын алады. Айналып келгенде, сүттей ұйып отырған бір отбасының ойран-асыры шығады. Ал, отбасы қоғамға қаланған бір кірпіш екенін ескерсек, өсімқорлықтың зардабы одан әрі күшіне мінеді. Сондықтан, Аллаһ тағала рибамен айналысқандарға ауыр жаза кескен. Оның есесіне, «қарз хасан», яғни үстемесіз, өсімсіз қарыз беруді құптаған, мұндай игілікті көмек бұл дүние мен арғы дүниеде адамды жақсылыққа жетелейтінін айтып сүйіншілеген.

6. Ұрлық

Ұрлық дінімізде үлкен күнәлар санатына жатқызылған және алдын алу үшін барынша ауыр жаза тағайындаған құқық бұзушылық. Аллаһ тағала Құран кәрімде: *«Ұрлық жасаған ер мен әйел адамның қылмыстарына Аллаһтан бір жаза ретінде қолдарын кесіңдер. Аллаһ аса үстем, хикмет иесі»*, – деген («Мәида» сүресі, 38-аят).

Ұрлық туралы ой адамда ашкөздік, дүниеқорлық мінездері арқылы пайда болады. Еңбек еткісі келмейтін еріншек адам ұрлық-қарлықпен күнелтуді ар санамайды. Әсілінде, адамның еңбегі мен иелігіндегі мүлкіне қол сұғу харам. Ешкім бөтеннің рұқсатынсыз мүлкін өздігінен иемденіп кете алмайды, кәдесіне асыра алмайды.

Аяттағы ұрының қолын кесу жазасы әуелгіде әділетсіздік, қатыгездік секілді көрінуі мүмкін. Бұл жаза – бір үйір мал ұрлағанға да, бір тал сіріңке ұрлағанға да бірдей қолданылатын кесім емес. Ұрлықтың көлеміне, тигізген зардабына сәйкес жазаның да тағайындалу тәртібі, оны ауырлататын немесе жеңілдететін көптеген факторлар ескерілетіні анық. Не ұрласа да ұрының аты ұры. Сондықтан, қоғам өмірінің қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін және меншік құқығының сақталуына кепілдік ретінде мұндай жазалау әдісін дұрыс деп білген жөн.

Ислам меншікті қорғауды маңызды деп, дүние-мүлкін қорғаштап жүріп мерт болғанның шейіттігін білдірген^[231]. Ұрлық тек бөтеннің мүлкін заңсыз иемденумен шектелмейді, қорқытумен, бопсалаумен, жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірумен, мүлікті бүлдіру немесе жоюмен де іске асуы мүмкін.

Ұрлық жасауды тек материалды игіліктерді қолды қылу деп түсінбеген жөн. Оның мүліктік емес игіліктерге де қатысы барын естен шығармайық. Халық даналығындағы «Ұрлық түбі – қорлық» дейтін мақал ұрының әшкере болып, ел ішінде жаман аты шығып, күлкіге айналуын, қор болуын сөз етпейді. Мақалдың түйіні пәни дүниедегі қорлықта емес, ақыреттегі қорлықта жатыр. Сондықтан, халқымыз ұрпағының ертеңін бүгіннен сақтандырып, ұрлықтың ақыреттегі жазасы қорлық екенін түсіндірген.

7. Парақорлық

Қазақ халқы өз танымында мынадай жеті түрлі қорлықтың қатарында: жалақорлық, мансапқорлық, жемқорлық, дүниеқорлық, зинақорлық нәпсіқорлық, парақорлықты да атауы тегін емес. Қолында биліктің тетігі бар лауазымды тұлғаны өз мүддесіне әрекет етуге көндіру мақсатында оған заңсыз сыйақы ұсынуды немесе өзгедей қызмет көрсетуді «пара беру» дейміз. Пара – табан ақы, маңдай терсіз келетін арам ақша мен дүние. Қара жолдың бойында иесіз көлденең жатқан оңай олжаға кенелуден бұрын бір ауық «бұл неғылған батпан құйрық?» деп

ойланған жөн. Оны бергеннің де, алғанның да оңбайтынын Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадисінде: «*Пара беруші де, пара алушы да тозақта*», – деп анық айтқан.

Парақорлық – қоғамда адамгершілік пен діни сана-сезімінің кемуіне кереғар дамидытын керітартпа кеселдің бірі. Бұл тек жекелеген адамдардың ісі емес, ол қоғам өміріндегі тыныштық пен қауіпсіздікті тұрақсыз, тұрлаусыз қылатын, қилы-қилы келеңсіздіктерге жол ашатын қауіпті қылмыс. Парақорлық, жемқорлық меңдеген қараңғы қоғамнан әділдік пен шындықты, ізгілік пен сүйіспеншілікті шам алып іздесең де таппайсың. Парақорлықтың кең етек жаюының себебі адамгершілік, әділдік секілді құндылықтардың ақшадан төмен бағалануында болса керек.

Жең ұшынан жалғасып, «бармақ басты, көз қыстымен» қол жеткізген игілікте, мүлікте береке болмасы анық, онда кісінің ақысы мен көз жасы бар. Қу құлқынның қамы үшін пара алған жан қызмет бабын асыра пайдаланып, әділдіктен бұра тартқан залым болмақ. Ислам діні әманда туралықты жақтайды, біреудің ала жібінен аттауды және қиянат жасауды қостамайды. Мұндай іс-әрекеттен тыяды. Сондықтан, дініміздің қағидалары арқылы парақорлық, жемқорлыққа түбегейлі тосқауыл қойылған.

Өкініштісі сол, елімізде сыбайлас жемқорлық кең етек алған үйреншікті іске айналғаны жасырын емес. Елді жайлаған жемқорлық жегі құрттан бетер қарқын алып, әділеттілік пен туралық секілді ізгі қасиеттерді жалмап барады. Өйткені, пара алып үйренген мемлекеттік қызметкер көбіне өз қызметін адал атқармайды, заңды сыйламайды, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінбейді. Мұндай қылықтар қалың көпшіліктің наразылығын тудырып, билікке деген сенімсіздікке итермелеуде. Мұның ақыр соңы бірліктің, елдіктің, тұтастықтың жігіне сына қағып, мемлекетке орасан зор ақшалай және рухани тұрғыда зардабын тигізуде. Бұл тығырықтан шығуға әрбір саналы азаматтың әділдікті жақтап, қоғам өмірінде белсенділік танытуы арқылы, яғни құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын, заң шеңберінде қорғалуын талап етуі нәтижесінде қол жеткізуге болады.

8. Сауда-саттыққа қатысты кісі ақысы түрлері

Исламда тыйым салынған сауда-саттыққа қатысты ешқандай да мәміле мен заңдар қарастырылмайды. Сауда қатынастарында тараптардың нендей тауарды қалай және қандай шарттармен сатқаны және сатып алғаны мәлім болуы тиіс. Және де адам баласына зияны бар заттарды саудалауға да жол берілмеген.

а) Сауданың шырқын бұзып сауда жасау

Хадисте «*Ешкім иісі мұсылман бауырының саудасын бұзбасын*»[\[232\]](#) делінген. Сатушы мен сатып алушы мәміле жасауға емеурін танытып өзара келісіп жатқанда өзге сатушы араға килігіп, «мен бұдан әлдеқайда арзанға беремін» деуі сауданың шырқын бұзу болып табылады. Тек потенциалды сатып алушы райынан қайтса, не болмаса рұқсатын берсе ғана өз затын саудалай алады.

Ислам құқықтанушыларының көбі сауда қатынастарында мұның мұсылман, мұсылман еместігіне қарамастан, баршаға ортақ талап екенін білдірген. Шынымен де Ислам ұстанған дініне бола адамдарды алаламайды, күнделікті тұрмыста, заң алдында адамдардың бәрі бірдей саналады.

ә) Нарыққа тауар өткізушіні жолдан тосып алу

Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қалаға келе жатқан керуенді жолдан тосып алып тауарды саудалауға тыйым салған[\[233\]](#). Бұлай жолдан тосудың екі түрі болады:

Саудагер жолай барлық тауарды көтере сатып алады да, жергілікті нарықта мұндай тауардың жоғын пайдаланып, қалаған бағасына өткізеді.

Саудагер нарық бағамынан хабарсыз тауар жеткізушіні жолдан тосып алып, тауарды өткізу

бағасынан арзанға сатып алады.

б) Қалалықтың ауыл адамына делдалдық жасауы (комиссионер болуы)

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм): «Қалалық адам ауыл адамының атынан сауда жасамасын. Халықты өз қалпында қалдырыңдар. Аллаһ халықтың бір тобына екінші жартысы арқылы ризығын береді», – деген [234]. Мұны қалай түсінеміз дегенге келсек, мәселен, ауылды жерде көкөніс, жеміс-жидек, ет-сүт арзан болады. Ауыл адамы мұны қала базарына шығарып саудалай алады. Бірақ, мұны ауыл адамының атынан тісқаққан қалалық саудагер істейтін болса, ол қалалықтардың мұқтаждығын білгендіктен, қымбатқа сатар еді. Мұндай комиссия шартына тыйым салудағы мақсат қалалықтарды зиянға ұшыратудың алдын алу болған.

в) Алдаумен (тапсырыспен) бағаны көтеру

Пайғамбарымыз (саллаллауу алейһи уә сәлләм) көпшіліктің тауарды алуға еш құлқы жоқтығына қарамастан, басқаларды арандатып, бағаны көтеруге немесе түсіруге тыйым салған. Бағаны қолдан көтеру тауарды өндірушінің, жеткізушінің тапсыруы бойынша, тауарды асыра мақтау не болмаса бағада бәсекелесіп, сатып алушыны арандату жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Олай болса, тауар сапасын көтере мақтап, бағаны арттыруға тырысқан саудагер айла жасаған болады. Оның бұл ісі дінде харам саналады.

Осы арада харамға жол ашатын сауда-саттықты да айта кеткен жөн. Ислам құқық кітаптарында харамға жол ашатын саудаға мысал ретінде шарап өндірушіге жүзім сату ісі келтірілген. Аллаһ тағала Құран кәрімде «**Жақсылыққа, тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспеңдер**» деген («Мәида» сүресі, 2-аят). Ендеше, саналы мұсылман жамандыққа, күнәға болыспауды өзіне міндет деп білгені жөн.

9. Кісі ақысына қатысты басқа да табыс көздері

Дінге қайшы табыс табу жолдарына әуелі Аллаһтың әмірі үшін және мұндай кіріс көзі басқалардың ақысын мансұқ еткендіктен тыйым салынған. Харам санатындағы табыс көздеріне келетін болсақ, олар мыналар:

Есірткі, арақ-шарап, темекі саудасынан түскен табыс

Ислам адамды ақыл-естен тандырып, өз іс-әрекетіне есеп беруден қалдыратын алкогольді ішімдіктер, есірткі, басқа да есеңгірететін заттардың саудасына тыйым салған. Бұл заттарды тауар айналымынан шығарған. Сөйтіп, көпшілік арасында маскүнемдіктің, нашақорлықтың кең жайылуының алдын алған.

Бұл жолдағы саудагерлер қоғам үшін аса қауіпті қылмыскерлер. Олар үшін адам өмірі түк емес. Аз күндік бас пайдасына бола адамдарды шыңырауға құлатып қарап отырады. Әдетте, есірткінің дәмін татып, оған бой алдырған адамдар ақыл-ой, сана-сезім, ар-ождан, намыс-ұят секілді адами қасиеттерден жұрдай болады, сосын жан түршігерлік қылмыстарға бой ұрып, ауруынан айығуға күш-қайрат таба алмайды. Бұл тұтастай ұрпақтың, елдің ақысының бұзылғаны.

а) Лотерея, бәс тігу ойындарынан түскен табыс

Құранның «Мәида» сүресінде құмар ойындарына тыйым салынған. Пайғамбарымыз құмар ойнамақ түгіл оған жол береді деген іс-әрекеттің бәріне қырын қараған. «*Кімде-кім досына «кел, құмар ойнайық» деп ұсыныс білдірсе, садақа берсін» деген.*

Казино соғу, лотерея ойнату, букмекерлік кеңсе ашу, тотализатор ұстау секілді хараммен баюға дінімізде жол жоқ. Дінге қайшы жолмен мал жиған адам оны жаппай жақсылыққа жұмсаса да, күнәден құтыла алмаса керек. Ол қайтсе де басқаны алдап соққанының, көпекөрінеу кісі тонағанының обалын мойнына жүктейді.

ә) Жезөкшеліктен, жезөкшелікке апаратын жолдан түскен табыс

Жезөкшелік адамның тәнін саудалап, ақша табудың амалы ғана емес, ол адам өмірі үшін де, қоғам үшін де аса қауіпті құбылыс. Қоғамдағы отбасы, дін, мемлекет институттарының қызметін жоққа шығарады, қалыптасқан адамгершілік, адалдық, ар-намыс, сенім, сүйіспеншілік секілді моральдық, этикалық құндылықтарды аяққа таптайды. Құран кәрім жезөкшелікке былай деп тыйым салған: **«Зинаға жоламаңдар (оған бейімдейтін әртүрлі әрекеттерден аулақ болыңдар)! Өйткені, ол анық арсыздық және жаман жол»** («Исра» сүресі, 32-аят).

Жезөкшелікпен айналысқандар, жезөкшелікпен айналысуға тартқандар, жезөкшелер үйін ашқан «жеңгетайлар» қоғамның рухани азғындауына, арсыздық пен ұятсыздықтың етек жаюына, бұрын-соңды кезікпеген ауру-сырқаудың белең алуына себепші. Оның зауалы, жазасы туралы айтудың өзі артық әңгіме секілді.

б) Бал ашу, сәуегейлік жасаудан түскен табыс

Бал ашу, сәуегейлік жасау адамды алдап соғуға құрылған көп әдістің бірі. Ешкім ғайыпты болжап біле алмақ емес, адамды алда не тосып тұрғаны бір Аллаһқа аян. Қу құлқынның құлына айналған балгер, көріпкел, сәуегейлер аздаған ақша үшін адамды тура жолдан тайдырады. Бір қауіптісі, олар көбіне Исламның атын жамылып жұмыс жүргізеді. Оларға дініміздің түбегейлі қарсы екенін елдің бәрі біле бермейді.

в) Зекеті берілмеген байлық

Нисап мөлшеріне жеткен мал-мүліктен зекет бөлек алынбаса, оны меншік иесінің қажетіне жаратуы харам. Зекеттің өзгелердің несібесі екені Құран аяттарында анық білдірілген.

г) Мұрадан басқалардың ақысын жеп алған үлес

Мұраға қалған мүліктен өз үлесінен алған соң да тыныш таппай, өзгенің несібесіне де көз сүзіп, басқалардың да үлесін зорлықпен иемдену дініміз құптамайтын қылық.

ғ) Кіріптарлық жағдайында жасалған мәміледен түскен табыс

Кіріптарлық жағдайында, әлдекімнің құқығына көпе-көрінеу нұқсан келтіретін мәміле жарамсыз болып саналады. Мәміле жасасқанда адамның еркінен тыс және оған тым тиімсіз шарттар ұсынуға болмайды.

д) Бопсалау нәтижесінде жасалған мәміледен түскен табыс

Өзіне ұнаған нәрсені иесі келіспесе де, қорқытып-үркітіп сатып алу кісі ақысының тапталғанына айғақ. Мәселен, қаланың бас жоспарында, аумақты дамытудың перспективасында жасыл желек белдеуі ретінде немесе жол құрылысы қарастырылған деген сылтаумен үй-жайларды, жер телімдерін арзанға сатып алуды осыған жатқызуға болады. Бұл нарық бағасынан арзанға бағалау және меншік иелерінің ықтиярынсыз болғандықтан, олардың құқығын бұзушылықтың көрінісі. Дініміз бойынша мұндай мәмілелер жарамсыз саналады.

е) Сауда-саттық барысында ант-су ішу

Сауда-саттық барысында ант-су ішуге тыйым салынған. **«Уа, көпестер (саудагерлер)! Жалған ант-су (қасам) ішу, бос сөз және сауданың шалғайында шайтан мен күнә жүреді. Сауда-саттықтарыңды садақамен араластырыңдар!»**[\[235\]](#) деген хадис осыған дәлел.

«Сауда-саттықта ант-су ішуден сақтаныңдар. Серт беру әуелгіде тауарларыңды өтімді және қажетті (ұтымды) қылғанымен, артыниша бүлдіреді, берекесін кетіреді»[\[236\]](#) деген хадистен ұққанымыз тауарды өткізу, сөзін нанымды қылу үшін ант беруге болмайтындығын ұғамыз. Ант беру екі түрлі:

Тауарда жоқ нәрсені бар деп, ақауын жасырып, сондай-ақ, өзіндік құны қымбатқа түсті деп өтірік ант-су ішу. Жалған серт саудада ғана емес былайғы тұрмыста да күнә.

Өтірік болмаса да тауарды өткізу үшін, сауданы жүргізу үшін берілген ант. Рас болса да,

сауда барысында серт беру дұрыс емес.

Ант беру сырт көзге тауарды өткізуге септігін тигізген болса да, түскен табыста қайыр, береке болмайды.

10. Бәсекелестік талаптарын сақтамау

Бәсекелестік – тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілердің өз өнімдері үшін неғұрлым ауқымды нарықты жеңіп алу мақсатында тайталасқа түсуі, барынша жоғары пайда алу жолындағы күрес. Бәсекелестіктің екі түрі бар:

а) Таза (әділ) бәсекелестік

Ұқсас тауар өндірушілер мен ұқсас қызмет түрлерін ұсынушылардың нарықтағы бәсекелестігі, бақталастығы тұтынушылар үшін тиімді. Таза бәсекелестер күшіне мінгенде, нарықтың қатысушылары пайданы неғұрлым көбейту, сағу көлемін ұлғайту үшін тауар мен қызмет сапасын жақсартуға, бағаны төмендетуге мүдделі болады.

ә) Жөнсіз бәсекелестік

Тауар өндірушінің, қызмет көрсетушінің нарықтағы өз үлесін ұлғайту мақсатында шығарған өнімінің қасиеттері және сапасы туралы жалған мәліметтер беруі, жарнамалық ақпараттарды әдейі бұрмалап көрсетуі, бәсекелестерінің тауарына қатысты олардың жақсы аты мен беделін кемсітетін жалған мәліметтер таратуы – жөнсіз бәсекелестік шеңберіндегі харам тәсіл. Бұл нарықтың өзге қатысушыларын қиянат жасау жолымен тықсырту болғандықтан, харам саналады. Мұндай бейбастақтыққа тыйым салынбаса, нарықты әділетсіздікпен жаулап алуға, соңы монополиялауға әкеп соқтырады.

Бәсекелестің фирмалық атауын, таңбалануын, тауар белгісін, сондай-ақ жарнама материалдарын, фирмалық орамды көшірмелеу арқылы тұтынушыларды шатастыру да жөнсіз бәсекелестікке мысал. Расында, тауарды маркаға (эталонға) айналдыруға, нарыққа шығаруға, жарнамалауға қыруар қаржы шығын қылған өндіруші немесе өткізушінің еңбегін көлденең жолдан пайдаланып кету, тұтынушыларды алдау дұрыс емес.

Бәсекелестер арасында бағаны өздері реттеп, нарықты бөліп алу, жаңадан қосылған кәсіпкерлерді нарықтан шығарып жіберу немесе олардың қызметін мүлдем тоқтатуға мәжбүрлеу туралы мәмілеге келушілік те Исламның мораль қағидаларына, кәсіпкерлік этикасына қайшы. Мұндай қияңқы қылықты мұсылман адам былай тұрсын, басқа дін өкілдеріне де жасауға болмайды. Сондай-ақ, нарықта монополиялық жағдайды иемденген алпауыт бизнес өкілдері бағаны қалауынша шарықтатып жіберуі бұрыс іс. «Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» деп, дегеніне салып, өзім білемдікке бару, таңдау еркі жоқ тұтынушылардың құқығын аяқасты еткендік болады. Тауардың, қызметтің сапасын, тұтынушылық қасиетін шындыққа сай жарнамалаған жөн. Алайда, тауар сапасы туралы жалған мәліметтерге, алдауға құралған жарнамалық ақпараттарға тыйым салынады.

Заң шеңберінде жасалған кәсіпкерлік қызмет дінмен құпталған амал. Кәсіпкерлікпен айналысқан кісі халықтың пайдасын көксесе, мемлекеттің мүддесін ойласа, тап бір ғибадат жасағандай сауапқа кенеледі.

Байқағанымыздай, дініміз сауда-экономикалық қатынастарда да, қоғамдық қатынастарда да «басқаға нұқсан келтірмеу» қағидасын берік ұстанады. Мүминге тапсырылған өмірлік маңызды іс басқа адамның мүддесіне қайшы келетін, құқығын бұзатын іс-қимыл жасамау, бұған әрдайым ыждағаттылық таныту. Бірақ, әлеумет көбінесе мұны елеусіз қалдыруда. Олардың елемей, естен шығарғандары Аллаһтың назарынан таса қалмайды. Оның әділетті құзырында күнәнің маңыздысы, маңызды емесі, кісі ақысының үлкен-кішісі жоқ. Олай болса, кісі ақысына барынша сақ болайық, ағайын!

б) Спекулятивті іс-шараларға бару

Жоғарыда тоқталғанымыздай, тауар бағасын әдейі аспандататын спекулятивті амалдарды дініміз мүлдем құптамайды. Әбу Хұрайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қалалықтың ауыл адамына комиссиянер болуына, тауарды алуға ойы жоқ бола тұра, сатып алушымен бәсекелесіп бағаны көтеруге, басқаның саудасына килігіп өз тауарын өткізуге тыйым салған[237].

«Ешкім мұсылман бауырының сауда-саттығына килігіп, алыс-беріс жасамауға тиіс, оның саудаласқанының үстінен саудаласпайды»[238].

«Тауарын сатып алмайтын болсаңдар, сатып алушыны арандату үшін бағаны көтермеңдер»[239] дейтін хадистер бұл мәселелерде кісі ақысының мейлінше сақталуын басты мұрат тұтады.

Қазіргі таңда экономика саласында бүкіләлемдік нарыққа едәуір ықпалын тигізетін оқиғалар легінен құлағдармыз. Нарық өз шеңберінде миллиондаған ақшаны қызу айналдырғанымен, бәрібір саясатқа тәуелді. Жаратылыстану ғылымдарының хаос жүйесі теориясында «көбелек эффекті» деген ұғым бар. Бұл жүйеге болмашы әсер етудің салдарынан орасан қиындықтар туындауы мүмкін. Ендеше, бір ауыз сөзімен, оқыс қылығы нарықты шоршытуға жететін лауазым иелері бұған сақ болуы тиіс. Өйткені, іргесі шайқалған нарықтағы тұрақсыздық реттеліп, бағаның бағамы бір ізге түсіп ырықталғанша, спекулятивті бизнес жасаушылардың дәурені жүреді. Олар төтенше жағдайда өздерінен басқа ешкімге пайда әкелмейтін қадамдарға барып, нарықтың қорғансыз қатысушыларына орасан зор шығын келтіреді. Бұл жағдайда, бұзылған құқық оңай қалпына келе қоймайды. Себебі, кімге, қандай шығын келтірілгенін болжап білу мүмкін емес.

в) Несиені уақытылы қайтармау

Алған қарызды уақытысында қайтармау құқықтық жауапкершілікке жетелейді. Ал, одан бас тартудың дініміздегі үкімі – кісі ақысын белден басу. Бұл әсте жақсылыққа апармайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Байдың борышты төлеуді кешіктіруі – қиянат»* деген. Қарыз алғанда немесе бергенде мәміленің маңызды шарттарының бірі уағдаласқан мерзімде қайтару. Құран кәрім несиені жазбаша рәсімдеуді, куә немесе кепіл секілді қарыздың берілгенін дәлелдейтін, орындалуын қамтамасыз ететін әдістерді қолдануды талап еткен[240].

Күнделікті тұрмыста көмекке, несиеге ақша қарастырғанда, кәсіпкерлік қызмет барысында іскерлік айналымның әдет-ғұрпына сүйеніп, тауар саудалағанда қолхат алмау, жасалған мәмілені айғақтамау секілді жағдайлар жиі кездеседі. Өйткені, көпшілік мәмілені жазбаша рәсімдеуді, берілген тауар, ақша үшін қолхат алуды бейне серіктесіне сенімсіздік көрсету секілді қабылдайды. Бұл жаңсақ түсінік. Құран бізден қарызды міндетті түрде хатқа түсіруді, айғақтауды талап етеді.

Іскерлік байланыспен уағдаласқандар тауарға немесе ақшаға қатысты істе куәлар алдында сөз байласпаған, мәмілені хатқа түсірмеген болса, шарт талаптары тиісінше орындалмаған деп саналып, оларға өз дегенін дәлелдеу оңайға соқпайды. Бұл жағдайда келісімге келе алмаған екі тараптың өзара алауыздығын былай қойғанда, оларға болысып жік-жікке бөлінген әріптестер, ағайын-туған, жолдас-жоралардың арасына да сызат түседі. Егер әлдебір іс бастар алдындағы екі жақ Аллаһ тағаланың әмірін қалт жібермей қарыз ақша, сауда-саттық мәмілесін жазбаша рәсімдесе, екі жақ та оған қол қойса, анау-мынау келіспеушілік туындай қоймас еді. Құранның әмірін сенімсіздік білдіру ретінде қабылдау, оны орындауға талпынған бауырын ағаттықпен даттау да кісі ақысын бұзғандық болады.

Қарызының бар екенін біле тұра, төлегенін айтып жалтару, ант-су ішу де үлкен күнә. Мұның

обалы мен зауалы осы қадамға барған адамның мойнына артылады. Қасақана мұндай кесірлікке барғанның жазасы айыбын жуып-шаюмен өтелмейді. Имам Шафиғидің пікірінше, мұндай қадамға барған адам шынайы тәубе етіп, Аллаһтан көп кешірім тілеуі тиіс.

г) Комиссионерлік (делдалдық)

Сауда-саттық саласындағы институттардың бірі – комиссионерлік. Белгілі бір көлемдегі сома үшін комитенттің (тапсырма берушінің) пайдасына және соның есебінен іс жүргізіп, бірақ өз атынан мәміле жасаушылық бүгінгі қоғамымызда тараған кәсіпке айналды. Қазіргі кезде мұндай делдалдың көмегімен үй-жай, автокөлік саудалау немесе жалға алу секілді әрекеттер кеңінен өріс жайған.

Өндіруші мен тұтынушының арасында делдалдық жасау барысында комиссионер іскерлік этикасын сақтауға, сатып алушыны немесе сатушыны алдап соғып, тауар бағасын тым аспандатып көлденеңнен оңай олжа табуға ұмтылмауы тиіс. Мұндай заңсыздыққа жол берілгенде тауар өндірушінің табысы азайып шығынға батса, тұтынушы тауарды қымбатқа сатып алып зиян шегеді, есесіне комиссионер кісі еңбегін қанап күн көреді. Ислам мұндайға түбегейлі қарсы.

*Дүнияны қалай шын дерсің,
Атамыз – Адам пайғамбар.
Сонан бергі адамның
Өлмей жүрген бірі жоқ.
Заманым қалды өсекке,
Шамаласам ары жоқ.
Замананың адамы
Артын ойлап асылы
Көңілі жоқ өлерге.
Пақырдың хақын зор жесе,
Таңда махшар күнінде
Шаригаттың жолы – төлерге.
Шама қылсаң жарандар
Жақындап тұр бұл шақ та
Сахауат шам сөнерге.*

Әбубәкір Кердері (1861-1905)

VI БӨЛІМ ҚОСЫМША ЖАҒДАЙЛАР

1. Кез келген құқық бұзушылық

Құқық бұзушылық – тұлғаның жеке басына немесе мүлкіне зиян келтіру. Адам өмірі мен денсаулығына қол сұғушылық үлкен күнә, қылмыс санатына жатқызылып, оған ауыр жаза тағайындалған. Меншікке қатысты қылмыстарға бөтен адамның дүниесін ұрлау, тонау немесе қарақшылық оқиғалары жатады. Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру де бұның бір мысалы.

Әсілі бөгде адамның мүлкіне қол сұғушылық дінде күнә, мораль тұрғысынан өрескел ерсі қылық, заң тұрғысынан алғанда қылмыс. Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті бұзуға кінәлі адамның дүние мен ақыретте жауапкершілігі ауыр. Бөтеннің мүлкіне зиян келтіруге, атап

айтқанда, жас балалардың, үй жануарларының мүлікті жойғаны немесе бүлдіргені үшін балалардың заңды өкілі – ата-анасы, хайуанның иесі толық материалдық жауапкершілік алады. Материалдық шығынның орнын толтыру барысында тап сондай мүлікті сатып алып беру немесе ақшалай құнын беруге шешім шығарылған.

2. Ысырапкершілік ету және кісі ақысы

Аллаһ тағала адамзаттың еншісіне жер бетіндегі бар байлықты сыйлаған. Адам баласы берілген нығметтерді мақсатты әрі ұқсатып пайдалануда ұқыпты болғаны жөн. Мал-мүлікті ысырап ету Аллаһ тағаланың нығметін аяқ асты ету, қадірін білмеу, яғни жақсылықты бағаламау болып саналады. Құран кәрім: *«Күдіксіз Аллаһ ысырап етушілерді ұнатпайды»* деген («Әнғам» сүресі, 141-аят). Жалпылай алғанда, Ислам адам баласын ішіп-жеуден, дүние қызығын көруден тыймайды, бірақ, күнделікті тұрмыста орынсыз бекер мал шашуды құп көрмейді.

Ысырап деп әдетте мал-мүлікті, өзге де игіліктерді есепсіз қолданып, тиімсіз жұмсауды айтамыз. Адамның алтын уақытын босқа өткізгені ысырап, тойып жеген соң тамақтан тыйылмауы да ысырап. Адамның уақытты тиімсіз өткізуі өзіне ғана зиянын тигізсе, басқалардың уақытын шығын қылуы олардың ақысын бұзғандыққа жатады.

Түгесілмейтін дүние жоқ, техникалық өркениеттің қарқынды дамуы жер бетіндегі барлық нәрселердің шегі барына, табиғат байлықтарының қалпына келтірілуі мүмкін емес екеніне көзімізді жеткізді. Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) ысырап мәселесін сөз еткенде ағып жатқан қара судың өзін де қажетті ғана мөлшерде қолдануды бұйырғаны ойландырмай қоймайды. Расында, өз елші суды өзен жағасында дәрет алған жағдайда да мөлшерден көп қолдануды мәкруһ деп түсіндірген. Олай болса, Пайғамбарымыздың көркем мінез-құлқынан үлгі алған саналы мұсылман қолда барды ұқсатуға, қомағайланып ішіп-жеуден тыйылуға, ысырап етпеуге машықтануы тиіс.

Дүниенің бір бұрышында аста төк ішіп-жеуден, яғни ысырапшылдықтан туындайтын семіздікпен күресуге қыруар қаржы жұмсайтын ел барын, екінші бұрышында арып-ашып, кедейліктің шегінде өмір сүретін қараша халықтың да барын жадымыздан шығармағанымыз абзал.

3. Мұсылманның жан-жануарларға қатысты міндеттері

Мүминнің тек адамдарға ғана емес, жан-жануар, жәндік атаулыға қатысты міндеттері де бар. Мұсылман адамдардың құқығын ғана аяққа таптамауға дағдыланып қоймай, табиғатқа, жан-жануарларға қамқорлық таныту да мейірімділіктің бір парасы. Бұған жарқын мысалды Расулаллаһтың (саллаллау алейһи уә сәлләм) өмірінен таба аламыз. Мәселен, шөл далада кезіккен құстың ұясын бұзбас үшін әскерді басқа жақпен жүргізген Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) тағы бірде көзінен жас сорғалаған түйенің иесіне «Аллаһтан қорық, бұған шамадан түс жүк артпа» деп ескерткен. Керек десеңіз, ағаш жапырақтарын ешкілер жесін деп аяусыз қаққыштаған қойшыны көрген Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Мұның да жаны бар, абайласаңшы» деп жасаған ескертуінің өзі адамзат пен табиғат арасындағы ұлы үйлесімнен хабар бермей ме? Пайғамбарымыздың (саллаллау алейһи уә сәлләм) жанды-жансыз табиғатқа мейірмен қарағанындай, мүмин де әрбір тіршілік иесіне жанашырлық таныта білуі тиіс.

Дінімізде мысықты қамап ұстап аштан қатырған әйелдің қылығы оны тозаққа жетелегенін, хайуандарды тірідей нысана қылып, қарақшыға тіккендерге, малдың маңдайына таңба басқандарға қарғыс айтылатынын ескертіп, тілсіз хайуандарға жақсы қарауды міндеттейді. Қорғансыз хайуандарға аяусыз қарағандардың жазасыз қалмайтынын мына хадистен білеміз: «Бір әйел мысықты аштан өлгенше қамап ұстағаны үшін азапқа душар болды және сол себепті

тозаққа кірді. Ол мысыққа ештеңе ішкізіп-жегізбеді, тіпті жердегі жәндіктерді жеуіне мұрша бермеді»[241].

Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) бірде құс атқан құрайыштық жасөспірімдерді кездестіреді. Олар дөп тимеген әрбір оқ үшін құстың иесіне ақша төлеп жатады. Абдуллаһ ибн Омарды (р.а.) көрген жастар бытырай қаша жөнеледі. Ибн Омар (р.а.) оларға: «Мұны істеуге кімнің дәті барды? Аллаһ оны қарғысқа ұшыратсын! Расында Аллаһ елшісі (саллаллау алейһи уә сәлләм) хайуанды тірідей нысанаға тігіп оқ атқандарды лағынеттеген болатын», – деді[242].

Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) бірде тұмсығында ен-таңбасы бар қашырдың қасынан өтіп бара жатып: «Мына хайуанның тұмсығына күйдіріп таңба басқанға Аллаһтың лағынеті жаусын» дегені анық бар[243].

Абдуллаһ ибн Мәсғудтан (р.а.) жеткен риуаятта былай делінген: «Аллаһ елшісінің (саллаллау алейһи уә сәлләм) басшылығымен жүргізілген бір жорықта едік. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) дәрет сындыру үшін әудем жерге кетті. Осы арада біз құс ұясына тап болдық та, әлі қанаттанбаған екі балапанды қызық көріп қолымызға алдық. Байғұс анасы балапандарын айнала ұшып шыр-пыр болып жатқанда Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) үстімізден түсті де: «Мына безек қаққан құстың балапандарын қайсың алдың? Ұясына қайта қойыңдар», – деп бұйырды. Тағы бірде құмырсқаның илеуін бұзып отқа жаққанымызды көргенде: «Құмырсқаларды кім өртеді?» деп сұрады да, «Расында Жаратқаннан басқаның отпен азап бергені жөнсіз әрі дұрыс емес» деген-ді[244].

Қолмен істегенді мойнымен көтерудің қажеттігін ешқандай құқық саласы жоққа шығармайды. Бірақ, құқық бұзушылық әрекетке, қылмысқа тағайындалатын жаза әділеттікті қалпына келтіруге жеткілікті шамада және айыпты адамды қылмысқа қайта беттеуден тыятындай сабақты дәрежеде болуы тиіс. Ислам әрбір күнәға, қылмысқа тиісінше ең әділ жаза белгілеп, қылмыстың алдын алу шараларын қамдаған. Қылмыс үшін берілген жазаның әділ болуын қалаған дініміз жазықсыз хайуандарды отпен, тоқпен азаптауды құптамайды. Керек десеңіз, Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм) малды өтпейтін пышақпен бауыздап қинамауды әрі пышақты оның көзінше қайрамауды тапсырған. Малды сою азық үшін амалсыздан жасалған іс екенін, хайуанға аяушылық таныту керектігін осыдан аңғарамыз.

Дініміз адамдарға ғана емес, хайуандарға да қарғыс айтуды, қарғап-сілеуді мақұлдамайды. Байқағанымыздай, Ислам тек адам баласының ғана емес, жан-жануарлардың да ақысын аяқасты еткізбей, қамқорлығына алған. Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «*Таң намазына шақырған әтешті сөкпеңдер, тілдемеңдер*» деп, намазға себепкер әрбір нәрсені қымбатқа бағалайтынын білдірген[245].

Осы тақырып бойынша көз жүгірткен аяттардан, хадистерден түйген ойымыз төмендегідей:

1. Хайуандарға аяушылық таныту, оларға жанашыр болу мұминнің айқын ұстанымы болуға тиіс. Өйткені, хадисте былай делінген: «*Көктегілер (Аллаһ тағала мен оның періштелері) сендерге мейірімді болсын десеңдер, жер жүзіндегілерге мейірімді болыңдар*»[246].

2. Мұмин ешбір тіршілік иесін озбырлықпен жәбірлемеуге, малдың басынан, тұмсығынан қағып, соққыға жықпауы тиіс.

3. Мініс көліктеріне шамадан тыс жүк артпағаны, ешқандай жан-жануар, жәндікті тірідей отқа өртемегені, дене мүшелерін кескілемегені, күйдіріп таңба баспағаны жөн.

4. Малды аш қатырмай, уақытылы жем-суын беруге, қора-қопсысын таза ұстауға, ауырғанда ем-домын жасауға міндетті.

5. Хайуандарға қару кезеп қорқытпағаны, құстардың ұясын бұзбағаны, қораз, ит және басқа да жануарларды таластырмағаны абзал.

6. Кез келген зияны жоқ жәндіктің көзін жоюға, өлтіруге, табанмен жаныштауға тыйым салынған. Бірқатар улы жәндіктер мен қауіпті жануарларды, соның ішінде жыланды, шаянды, тышқанды, араны, сонаны, құтырған итті және басқа жәндіктерді тек зияны тиген жағдайда өлтіруге рұқсат етілген.

7. Мүмин ешқандай хайуанды қарғап, сілемейді, лағынеттемейді.

8. Мүмин барша адам баласына, жан-жануарлар мен жәндіктерге жанашырлық танытады, оларға қамқор болады. Басқалардың қатыгездікке баруына қарсы тұрады, жазықсыз жануарларды қорғайды.

4. Амнистия (кешірім), рақымшылық жасау және кісі ақысы

Дүниежүзілік сараптаулар нәтижесіне сүйенсек, Қазақстан жүз адамға шаққанда сотталғандар саны жағынан әлемде он жетінші орында тұрған көрінеді. Бұл дерек елімізде қылмыс санының тым көптігін білдіреді. Сондықтан болар, елімізде оқтын-оқтын сотталғандарға рақымшылық жасау туралы, амнистия туралы заңдар шығарылады. Амнистия әдетте жеңіл және ауырлығы орташа қылмысы үшін сотталғандарды жазадан босату және соттылығын алып тастау, не болмаса жазаны жеңілдету секілді заң шараларын қамтиды. Исламның мемлекеттік тұрғыда амнистия жасауға құқық беруімен рақымшылық көрсетуге деген ұстанымы заманауи мәселе ретінде зерттеуді, анықтауды талап ететін мәселе.

Кісі ақысы желінген жағдайда орындалуы керек амалдар

Кісі ақысы желінген жағдайда оның жазалары да қарастырылған. Атап айтқанда, оның қатарына мыналар кіреді:

1. Ақысы желінген адамнан шын ықыласпен кешірім сұрап, ризашылығын алу;

2. Жасаған күнәсі үшін Аллаһтан кешірім сұрап, тәубеге келу;

3. Кісі ақысына келгенде адамдар мүмин-кәпір болып бөлінбейді. Үкім де, жаза да бәріне бірдей ортақ.

4. Егер бір кездері ақысын жеген адамыңыз қайтыс болып кетсе, оның туыстарына сол зат мөлшеріндей садақа беру керек. Жақындарын да таба алмасаңыз, кез келген адамдарға жаңағы заттың мөлшерінен анағұрлым көп садақа тарату;

5. Егер арадағы нәрсе дүниелік зат болса, алынған затты иесіне қаз-қалпында қайтару;

6. Ақысы желінген кісі мен ақының мөлшері жайлы төменде айтылған. Кісі ақысы жайлы сұрақтарға мұсылман ғалымдары былай жауап берген екен:

Кісі ақысына байланысты жасалуы тиіс амалдарды бес топқа бөліп қарастырамыз:

1) Дүниелік заттарға байланысты кісі ақысы;

2) Кісінің өзіне байланысты кісі ақысы;

3) Ар-намысына байланысты кісі ақысы;

4) Жақын туыстар арасындағы және некеге байланысты кісі ақысы;

5) Дінмен байланысты кісі ақысы.

1. Дүниелік заттарға байланысты кісі ақысы

Ұрлық, тартып алу, қулық немесе алдау арқылы мал табу, біреудің дүниесіне зиян келтіру, және де біздің заманымызда кеңінен етек жайған пара алу сияқты әділетсіздік арқылы табылған дүние кісі ақысына жатады.

Аллаһтың әмірлеріне құлақ аспай, осындай күнә жасаған пенде дереу тәубе етіп, біреудің көз жасымен қайғысының үстінен тапқан дүниесін иесіне қайтарып, иесінен кешірім сұрауы керек. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) біреудің ақысын жеу арқылы табылған дүние және де

тілімен адамдардың намысына тию арқылы біреудің ақысын жеу туралы былай дейді: «Егер біреу бауырының намысына немесе дүниесіне рұқсатсыз тиіссе, алтын мен күміс болмайтын қиямет-қайым келмей тұрып, оның ризашылығын алсын. Олай жасамаған жағдайда, жасаған сауаптары керегінше ақысы желінген адамның амал дәптеріне жазылады. Сауабы аздық еткен жағдайда ақысы желінген адамның күнәлары ақысын жеген адамның амал дәптеріне жазылады».

Біреудің ала жібін аттау арқылы табылған малда береке болмақ түгілі, арам саналады. Соған байланысты Пайғамбарымыз (саллаллау алейһи уә сәлләм): «Кімде-кім өзінің меншігінде емес затты иеленбек болса, ол адам бізден емес. Ол тозақтағы орнына дайындалсын» деп, кісі ақысының қаншалықты маңызды екенін айтып өткен. Біреу арам жолмен тапқан малын заң жүзінде өз атына жаздырса да, шарифат бойынша малдың адал болып саналмайтыны сөзсіз. Шарифат ол адамнан дүниені иесіне қайтарып, кешірімін дер кезінде сұрауды талап етеді. Енді малды иесіне қайтаруға қатысты кейбір жағдайларға тоқталайық.

а. Ақысы желінген кісі белгісіз болса

Ақысы желінген кісі белгісіз болып немесе артында бірде-бір ұрпақ қалмаған жағдайларға кезігіп жатамыз. Бұл жағдай екі түрлі реттеледі.

1) Жеке меншік мал. Иесі белгісіз харам мал сол иесінің атынан кедей-кепшіктерге садақа етіледі. Бұл кезде қолындағы кісі малын садақа еткен адам ешқандай да сауаптан дәмеппейді.

2) Ортақ мал. Малдың белгілі бір иесі болмаса, күнәсінен тазарып кешірім алу үшін бұл харам малды барша мұсылмандардың игілігіне жұмсалатын жеріне берілгені дұрыс.

Кейде қолдануға харам затты түпкі иесіне немесе мұрагерлеріне апарып беру айтарлықтай қауіп төндіруі де мүмкін. Ақысы кетіп, көп жыл жоқшылық тартқандар ізгі ниетпен тәубе еткен әлгі кісіге ондайда тарпа бас салып, қанауға-тонауға мысал етуге болады. Мұндай жағдайда ол заттың егесін жоққа санап, тыныш жүре берген дұрыс. Ал егер бұлай болмай жатса, зат иесінің де, өзінің де кешірілуін сұрап көбірек дұға еткен дұрыс. Және де қолданылған дүние мөлшері шамалас затты сауапты іспен айналысатын мекемелерге бағыштау да Аллаһтың кешіріміне себеп болуы мүмкін. Бұл да мұсылмандарға ұсынылатын шешім.

ә. Ақысы желінген адам белгілі болса

1) Белгілі арам дүние: Ақысы желінген адам мен желінген дүние мөлшері белгілі болған жағдайда алынған зат кері қайтарылып, ақысы желінген адамның кешірімін алу керек. Алынған дүниенің қаз-қалпында қайтарылуы өте маңызды.

2) Кісі ақысын жеу арқылы алынған дүние таусылып, не жоғалып қалған жағдай: Иемденген арам дүние жоғалып, немесе таусылып қалған кезде істеген қателігінің дұрыс еместігіне көзі жетіп, иесіне бәрін қайтарғысы келген жағдайда көңіл бөлуі керек шарттар;

а) Мөлшері белгілі жағдай: Егер алынған дүниенің мөлшері белгілі болса, сол мөлшерде қайтарылады.

ә) Мөлшері белгісіз жағдай: Мөлшері белгісіз болған жағдайда шамамен сол мөлшерде қайтарылып, артынан міндетті түрде ақысы желінген адамның ризашылығы алынады.

2. Дүниелік емес кісі ақылары

Денеге байланысты кісі ақысы. Адам өлтіру немесе бір денесіне жарақат салып, ауыртып қою осыған жатады. Алдымен Аллаһқа тәубе етіліп, содан кейін жәбірленушіге немесе мұрагерлерінің шешіміне қарай ақы төленеді. Жәбірленуші немесе мұрагерлері қылмыскерді қоя берсе де, ақша талап етіп барып кешірсе де, сотқа шағымданып жазалануын талап етсе де өзі біледі. Бірақ, бұл жерде жанға-жан, қанға-қан деген үрдіске рұқсат етілмейді.

Ар-намысына нұқсан келтіру. Яғни ғайбаттау, жала жабу, мазақ ету, балағаттау, тіл тигізу,

қорлау әрекеттері. Мұндай кезде Аллаһқа тәубе етіп, әлгі адамнан барып кешірім сұрау керек.

Туыстарға және некеге байланысты ақылар. Өзгелердің әйелдері, бала-шағалары мен басқа да туыстарына жасалған қиянаттар. Бұл жағдайда Аллаһтан кешірім сұрап тәубе ету керек.

Діни тұрғыдан кісі ақылары. Адамдардың діни білім алуына немесе ғибадат етуіне кедергі келтіру. Мұсылмандарға кәпір немесе пасық деу. Бұл кезде Аллаһқа тәубе етіп, сол адамдардан барып кешірім сұраған жан. Хадистерде осы діни ақылар туралы мыналар айтылған. Егер біреу басқаға кәпір, пасық, өтірікші деген сияқты жүйкесі сыр беретін сөздер айтса, егер бұл сипаттар аталған адамда бар болса, айтылған сөз барып иесін табады, ал егер бұл қасиеттер жоқ болса, онда, әлгі сөз айтқан адамның өзіне қайтады. Айтылған сөз ауаға сіңіп жоғалмайды. Кісі әр сөзінен жауап беретінін ұмытпауы керек.

Бірнеше жыл бойы арам мен адалды ажыратып жатпай, кісінің көз жасына қалып мал тауып келген адамдар бір-ақ күннің ішінде бүгіннен бастап тәубе еттім деп, құрғақ тәубемен өздерінің ұждандарын да, мойындарындағы ақыны да тазарта алмайды. Айтпағымыз, күнәдан кейін тәубенің болатыны сияқты, кісі ақысын жегеннен кейін де баяғыда алынған болса да, мойынындағы жүктен құтылған дұрыс. Ал, баяғыда ақысын жеген адамның разылығын қалай алады?

Зат иесінен барып кешірімін алу ақыны жеген адам тарапынан қайтарылып немесе зат иесінің дүниеде де, ақыретте де ештеңе талап етпей кешіруі Аллаһтың кешіріміне себеп болатыны белгілі. Өйткені, жақсылық жамандықты жояды («Һуд» сүресі, 115-аят). Зат иесінен жақсылап кешірім сұраған адам мойнындағы ақыдан құтылды деген сөз. Әйтпесе, кешірім сұрау нәтижесінде Аллаһ кешіруге мәжбүр болады деген ой қате. Осы кешірім сұрау нәтижесінде мейірімі шексіз Аллаһ тағала қаласа, өзара кешірім алысқан кісі ақыларын кешіретін деген үміт бар. Ал кешірім сұраспаған кісі ақылары турасында Ұлы Аллаһ ақы жеген адам мен ақы иесінің арасында сауап-күнә алмасуы жасайтынын (ақысын жегені үшін сауабын алып ақы иесіне беріп, сауабы жетпесе ақы иесінің күнәларын мұның мойнына ілуі) хадистерде білдірген. Бұл тұтастай Аллаһтың еркінде. Күнә жасап тәубе еткеннен, ақысын иесіне қайырып беріп кешірім сұрағаннан бұрын сол күнәға бармаған дұрыс. Кісі ақысын жегенде жақсылап тәубе етіп, ақысын иесіне қайырып кешірім сұрау мұсылмандардың өзара татулықтарының іргесі сөгілмеуіне сеп болады. Ашу мен кектің сақталуы жеке адам мен қоғамның тыныштығына нұқсан келтірмей қоймайды. Мұсылмандар арасындағы татулыққа сызат түсіреді. Шама келгенше кешірімді болған дұрыс. Өйткені, кешірімді Аллаһ тағала да кешіргендерді жақсы көреді. Бір жағынан адамның кісідегі ақысын кешіретін-кешірмесі де өзінің құқы.

Жаназа намазы оқылғанда имамның немесе сол жердегі үлкендердің бірінің жұрттан қайтыс болып жатқан адамда кеткен ақылары болса, кешірілуін сұрау ол адамның ұсақ-түйек әділетсіздіктеріне ғана қатысты. Бұл қайтыс болған адамның мойнынан жеген барлық ақылары түсіп қалды деген сөз емес.

Кісі ақысына кешірім сұрау туралы мына тоқтамға келе аламыз. Адамдардың біреулерден жаны шығардай болып кешірім сұрадың ширкке мүлде қатысы жоқ. Бұл бар болғаны иман мен ақиқаттың талабы. Бірақ, ақы иесінің ақысын қайтармастан құрғақ кешірім сұрай салу дұрыс емес. Аллаһқа тәубе ету керек. Және де аталмыш кісі кешірмесе, Аллаһ та кешірмейді деп қайғыға салынып, жаға жырту да орынсыз іс. Себебі, ақыреттегі жай-күйіміз бір Аллаһқа ғана аян.

Қорытынды

Бір атанға жүк боларлық осы бір тақырыпты қаузамас бұрын аздап жүрексінгенімізді де жасырмаймыз. Қолға алған тақырыпты жан-жақты талдап, шамамыз жеткенше түсіндіре білуге тырыстық. Кітапты жазу барысында алдыменен «Ислам дінімізде жалпы болмыстың құқы бар ма?», «Бар болса адам құқы қаншалықты?», «Адам баласы әлсіз жаратылыс ретінде өзін-өзі қалай ұстауы керек?», «Аллаһтың әрдайым қамқорлығына мұқтаж адам баласына өзгелердің арын аяққа таптау жараса ма?» деген сұрақтарға жауап іздедік. Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар (саллаллауу алейһи уә сәлләм) хадистерін ақтара отырып мұның жауабын таптық та. Барынша аят-хадиспен көкейдегі сауалдарға жауап беруге тырыстық. Аят-хадистің мәнін аша түсу үшін бірқатар діни қиссаларды да кірістірдік. Сонау жыраулар заманындағы қазақ қоғамына көз жүгіртіп, ата-бабамыздың адам арын қаншалықты қадірлегенін көріп, ұрпаққа сабақ қылу мақсатында жыр-дастандарынан үзінді де келтірдік. Кісі ақысы сырттай қарағанда кішкене ғана тақырып болғанымен, адамның ақыреті үшін үлкен маңызы барын ескеріп, тақырыпты барынша талдай түстік. Арғы дүниеде Аллаһ тағала ақысы кеткен кісі мен ақы жеген адамның ісіне араласпай өздерін оңаша қалдырады дегенді ескеріп, сөз негізін бұл дүниеде кісі ақысына барынша сақ болу керек дегенге келтірдік. Осы істің барысында елге, Исламның өркендеуіне титтей де үлесі тиер-ау деген үмітіміз де болды.

Біле білген адамға кісі ақысы өте ауқымды мәселе. Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) дәл осы мәселе Аллаһ тағалаға көп жалбарынғанын білеміз. Қоштасу құтпасында Арафатта дәл осы кісі ақысының кешірілуі үшін дұға еткен. Кісі ақысы адамды ақыретте тығырыққа тірейтін бірден-бір күнә. Шама келгенше, Аллаһтың құзырына кісі ақысын арқаламай барған жөн. Ислам ғұламасы Ибн Араби былай дейді: «Кісі ақысына келгенде барлық мұсылмандар тең. Басшы елді бай-кедей деп бөлмей, бәріне тең қарау керек, өйткені Ислам бір дене болса, мұсылмандар сол дененің мүшелері. Адам мүшелерден құралатыны секілді Ислам да мұсылмандардан құралады». Өздеріңіз де көргендей, кісі ақысы өте үлкен жауапкершіліктен құралады. Ондай болмаған жағдайда дүниеде әділет салтанат құрмаған болар еді.

Кітаптың негізгі мазмұны «Кісі ақысын жеуден бойымызды аулақ ұстап, ешкімнің ала жібін аттамай өмір сүру бір жағынан ғибадат болып есептеледі. Ешкімнің құқығын бұзбай, басқаның да бұлай жасауына шамамыз келгенше жол бермей, әділеттілік үшін өз үлесімізді қосу баршамызға ортақ міндет. Ұлы жаратушы Иеміз кісі ақысына қол сұғуды, басқаларға қиянат жасауды харам қылды» дегенге саяды. Бұл тақырыпқа қатысты аят-хадисті топтастырып, алдымен соларды саралып шығуды да ұмыт қалдырмадық. Неғұрлым тереңірек бойлап, жалпылама сөзден барынша сақ болуға тырыстық. Бүгінге дейін қазақ тілінде мұндай еңбек жарыққа шықпағандықтан, жауапкершіліктің үлкен екенін ескеріп, шама келгенше мол мағлұмат беруге тырыстық. Кітапты жазу барысында «бүгінгі мұсылманның бет-бейнесі қандай болуы керек?» деген сауал төңірегінде зерттеулер жасап, шын тақуа адамның кісі ақысын аяқ асты етпейтінін оқырманға жеткізуді мақсат еттік. Кісі ақысының оңай күнә емес екенін айта отырып, бұл күнәні істеп қойған жағдайда ең алдыменен не істеу керек екенін де көрсетуді ұмыт қалдырмадық. Ақырында кітапты Пайғамбарымыздың (саллаллауу алейһи уә сәлләм) қоштасу қажылығында ерекше тоқталып кісі ақысына мән бергенін айтып, «мұсылманның барлық нәрсесі: қаны, малы, арының басқа мұсылманға харам» деген хадисті негізге алып қорытынды жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құран кәрім. Мағына және түсінігі. Халифа Алтай.
2. А. Насых Улуан, Тәрбиәтүл-әулад, Бейрут 1981, 3-басылым.

3. Абдуллаһ Парлаян, Ачыкламалы там Риазус-салихин Тержумеси, Кония
4. Абдулкадир Удеһ, Ислам жеза хукуку ве бешери хукук, Ихиа йайынлары, Стамбул, 1976
5. Ажлуни, Әбул-Фида Исмайл ибн Мухаммед, Кешфул-Хафа ве Мүзилул-Илбас амаштеһера минел-Әхадиси әла Әлсинетин-нәс, Дәрул-күтүбил-илмия, Бейрут, 1988
6. Абдулкерим Зейдан, Әл-Вужиз фи Усулил-Фикһ, Мектебетул-Кудус, Бағдат, 1985
7. Ахмед ибн Ханбәл, Әбу Абдуллах әш-Шайбани, әл-Мүснәд, Зейл: Шуайб Арнавут, Муессесету Куртуба, Каир.
8. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Жазушы, 1986ж.
9. Ахмет Шахин, Заман газеті, 08.12.2004, 14.02.2007, 30.08.2006
10. Али әл-Муттақи, Кензуул-Уммал, Мүессесетур-Рисале, Бейрут, 1985
11. Алуси, Рухул-Меани, Дару Ихият-Түрасил-араби, Бейрут
12. Ахмет Керем Север. Кул хаккы. Ышык йайынлары. 2009.
13. Әбу Дәуит, Сүлеймен ибн Әшаш әс-Сижистани әл-Әзди, әс-Сүнән, Тахкик: Мұхаммед Мухиддин Абдулхамид, Талик: Кемал Юсуф Хут, Дәрул-Фикр, Бейрут
14. Әбубәкір Сифил, Самарканд дергиси, 2004 март
15. Бәйһақи, Әбу Бәкір Ахмед ибн Хусейн ибн Муса, ес-Сүнәнүл-Кубра, Тахкик: Мұхаммед Абдулкадир Ата, Мектебету Дарил-Баз, Мекке, 1994
16. Бұхари, Әбу Абдуллах Мұхаммед ибн Исмайл әл-Жуфи, әл-Жамиус-Сахих, Стамбул, 1401
17. Дарими, Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Абдиррахман, әс-Сүнән, Дәрул-Кутабул-Арабия, Бейрут, 1986
18. Ғазали, Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед, Ихиау Улумиддин, (әл-Иракынын әл- Заман газетеси, 06.07.2007.
19. Ж. Баласағұн. Құтадғу білік. Алматы. Жазушы, 1986ж.
20. Зәйлаи, Нәсбур-Рәйа, әл-Мәктәбәтүл-Исламия, 1973
21. Зар заман. Алматы, Жалын, 1993ж.
22. Муғни ан Намлил-Есфар фил-Есфар зейли иле бирликте) дару Ихияул-Арабиуе, Бейрут Лүбнан
23. Он ғасыр жырлайды. Алматы, 2006. – 408 б.
24. Ибн Абидин, Хашиету Рәддил-Мұхтар, Дамаск, 2000
25. Ибн Кәсир, Ислам тарихы, Шағры йайынлары, Стамбул, 1994
26. Ибн Мажә, Сүнән, Шәрикетут – Тибаатил – Арабиуе, Рияд, 1983
27. Ибн Сағьд, Табақат, Мәктәбәту Ханжы, Кахире, 2001
28. Имамуддин, С. М. Шевирен: док. Мендерес Гуркан, Ержиес университеті Илахият факультеті, Социал билимлер дергиси
29. Нәсайи, Сүнән, Мектебут-тербиетил – араби, Рияд, 1988
30. Елмалылы М. Хамди Языр, Хак Дини куран дили, Есер Китабеви, Стамбул
31. Ерзурумлу Исмайл Хаккы, Марифетнаме, 4. Баскы
32. Ибн Қайим әл-Жәузиие, Ахкаму Әһлиз-зимме, Рамада лин-Нәшр, Дәммам, 1997
33. М. Фетхуллаһ Гүлең, Кырык тести, 28.03.2005. 17.06.2002, 07.03.2005.; Әлчу вейа йолдаки ышыклар, Нил йайынлары, Стамбул, 2008
34. Мәлик ибн Әнәс Муатта, Муәссәсәтур-Рисалә. Бейрут, 1992
35. Мұхаммед ибн Абдисселама, әл-Хукук фил-Ислам, Дару Мәшәрик, Талибие, 2008
36. Мүнәуи, Зейнуддин Мұхаммед Абдуллауф, Фейзул-Қадир Шәрхул Жамиус-Сағир, дәрул-Кутубил-Илмий, 1994, Бейрут Лүбнән
37. Мүнзир, әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб, Бейрут, 1968, 3-басылым.
38. Мүслим, Әбул-Хусейн ибн Хажжаж әл-Кушайри ән-Нейсабури, Сахиу Мүслим, Мукаддима, Таһкик: Мұхаммед Фуад Абдулбаки, Дару Ихият-Түрасил-Араби, Бейрут
39. Суат Йылдырым, Кураны хаким ве ачыкламалы Меали, Ышык йайынлары, 2005
40. Тирмизи, Әбу Иса Мұхаммед ибн Иса, әл-Жамиул-Кәбир, (Сүнән), Тахкик, тахрич ве талик: Бешшар Аввад Маруф, Дәрул-Ғабрил-Ислами, Биринжи Баскы, Бейрут, 1996
41. Уәһба Зухайли, әл-Фикһул-Ислами уә Әдиллетуһи, Дәрул-Фикр, Димашк, 1985
42. Ұ. Асыллов. Ж. Нұсқабайұлы. Әдептану «Мектеп» баспасы. 1998. Б. 175-176.
43. Хайреддин Караман, Исламын ышығында гүнүн меселелери, 1. жилт, Из Йайнжылык, Стамбул, 2003
44. Қ. Бағашар. Ислам және өнеге. Көкжиек баспасы. 2011.

[1] Мүслим. Бирр 32.

[2] Мүслим. Сәлем 4.

[3] Мүслим. Бирр 60; Тирмизи. Қиямет 2; Ахмед ибн Ханбәл. Әл-Мүснәд 2/303, 334, 372.

[4] Мүслим. Бирр 60.

[5] Ибн Сағьд. Табақат 2/255; Ибн Кәсир. Ислам тарихы. 5/399; Ибнүл Әсир. Тарих әл-Кәмил фит Тарих (Аударған М. Бешир Эрярсой). – Стамбул: Бахар баспасы. 1985. 2/292.

[6] Дарими. Жиһад 21; Тирмизи. Фәдаилул-жиһад 11.

- [7] Бұхари. Хаж 4; Мұслим. Хаж 438.
- [8] Бұхари. Хаж 132, Худуд 9.
- [9] Мұслим. Бирр 32; Әбу Дәуіт. Әдеп 35.
- [10] Бұхари. Фигән 7; Мұслим. Бирр 126.
- [11] Мұслим. Бирр 125; Тирмизи. Фигән 4.
- [12] Бұхари 6/2591.
- [13] Бұхари. Жизия 5, Диет 30.
- [14] Яхья ибн Адам. Китабул-Хараж, 48 б.
- [15] «Хужурат» сүресі, 9-аят.
- [16] «Нұр» сүресі, 27-28 аяттар.
- [17] Бұхари. Әдеп 60; Мұслим. Бирр 72, Зухд 52.
- [18] Мүснәд 4/421.
- [19] Мұхаммед ибн Абдиссалам. Әл-Хуқуқ фил-Ислам 91.
- [20] «Әли Имран» сүресі, 99-аят, «Ағраф» сүресі, 86-аят, «Нахл» сүресі, 88-аят, «Мүнафиқун» сүресі, 2-аят, т.б.
- [21] Үгіттеу, жария ету. Автор.
- [22] «Юныс» сүресі, 108-аят, «Исра» сүресі, 108-аят.
- [23] Имамуддин С.М. (Ауд: доцент М. Гюркан). Әлеуметтік ғылымдар институтының журналы № - 15. 2003. – 239. 247 б.
- [24] Абдулкерим Зәйдан. Әл-Уажиз фи Усулил Фикх. -62-65 б.; Әл-Мәусуатул Фикхийе 18/13.
- [25] Мұхаммед ибн Абдиссалам. әл-Хуқуқ фил-Ислам. Талибия: Дару Мәшарик. 2008. -7-17 б.
- [26] Мұхаммед ибн Абдиссалам. Әл-Хуқуқ фил-Ислам. -18-30 б.
- [27] Әрзурумлу Ибраһим Хаққы. Мағрифатнама 2/162. 4-басылым.
- [28] Ибраһим Экен. Қуллук 26-27. – Стамбул.
- [29] А. Насых Улван. Тәрбиятул Әулад 1/150. – Бейрут. 1981. 3-басылым.
- [30] Бұхари. Мәуакыт 5, Жиһад 1, Әдеп 1, Тәухид 48; Мұслим. Иман 137-139; Тирмизи. Салат 14, Бирр 2; Нәсаи. Мәуакыт 51.
- [31] Мұслим. Итқ 25; Әбу Дәуіт. Әдеп 120; Тирмизи. Бирр 8; Ибн Мажә. Әдеп 1.
- [32] Тирмизи. Бирр 3.
- [33] Бұхари. Әдеп 2; Мұслим. Бирр 1; Ибн Мажә. Уәсая 4; Әбу Дәуіт. Әдеп 120.
- [34] Мұслим. Бирр 9-10.
- [35] Бұхари. Жиһад 138, Әдеп 3; Мұслим. Бирр 6.
- [36] Мүнзири. әт-Тәрғиб уәт-Тәрхиб 3/72. – Бейрут. 1968. 3- басылым.
- [37] Мұслим. Хиба 13.
- [38] Бұхари. Әдеп 18; Мұслим. Фәдаил 164.
- [39] Хәннад. әз-Зухд 2/501/509.
- [40] Хәннад. әз-Зухд 2/501/509.
- [41] Бұхари. Әдеп 28; Мұслим. Бирр 140-141.
- [42] Мұслим. Бирр 142, 143.
- [43] Бұхари. Әдеп 29; Мұслим. Иман 73.
- [44] Мұслим. Иман 73.
- [45] Бұхари. Хиба 1, Әдеп 30; Зекет 90.
- [46] Бұхари. Мәзалим 20, Әшриба 24; Мұслим. Мүсакат 136.
- [47] Бұхари. Неке 80, Әдеп 31, 85, Рикақ 23; Мұслим. Иман 74-75
- [48] Бұхари. Шуфға 3, Хиба 16, Әдеп 32.
- [49] Тирмизи. Бирр 28.
- [50] Хәннад. әз-Зухд 2/507.
- [51] Хәннад. әз-Зухд 2/503.
- [52] Мәруази. Бирр уәсила 1/122.
- [53] Ғазали. Ихия. Китабу Адабил Үлфәт. 3-бөлім.
- [54] Хәннад. әз-Зухд 2/503.
- [55] Ұ. Асыллов. Ж. Нұсқабайұлы. Әдептану «Мектеп» баспасы. 1998. Б. 175-176.
- [56] Табарани. Мүжәмул-Әусат 8/13.
- [57] Бұхари. Әдеп 85; Мұслим. Иман 74-75.
- [58] Хәннад. әз-Зухд 2/512.
- [59] Хәннад. әз-Зухд 2/514.
- [60] Тирмизи. Жәнаиз 74.
- [61] Бұхари. Әдеп 13, Тәухид 35.
- [62] Мұслим. Бирр уә сыла 22; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/300, 412.
- [63] «Әли Имран» сүресі, 92-аят.
- [64] Мүнзири. әт-Тәрғиб уә Тәрхиб 2/140.
- [65] Мұслим. Бирр уә сыла 17; Әбу Яла. Мүснәд 7/423.
- [66] Тирмизи. Зекет 26; Нәсаи. Зекет 82.

- [67] Бұхари. Ахкам 1; Тирмизи. Жиһад 27; Өбу Дәуіт. Әмара 1.
- [68] Бұхари. Бүю 106, Ижара 10.
- [69] Ибн Мажә. Рахина 4.
- [70] Басқа бір нұсқада жизия салығын. Автор.
- [71] Мүслим. Бирр 117-119; Өбу Дәуіт. Имара 32.
- [72] Бұхари. Иман 22, Итқ 15; Мүслим. Әйман 40; Өбу Дәуіт. Әдеп 124; Тирмизи. Бирр 29; Ибн Мажә. Әдеп 10.
- [73] Бұхари. Итқ 18, Өтғима 55; Мүслим. Әйман 42; Ибн Мажә. Өтғима 19.
- [74] Бұхари. Хауалат 1-2, Истикраз 12; Мүслим. Мұсақат 33; Өбу Дәуіт. Бүю 10; Ибн Мажә. Садақат 8; Тирмизи. Бүю 68; Нәсаи. Бүю 100.
- [75] Абдуллаһ Парлыян. Риязус-Салихин тәржімесі 472.
- [76] Негізсіз капитал өсімі. Автор.
- [77] Бұхари. Зекет 50, Бүю 15; Тирмизи. Зекет 38.
- [78] Ибн Мажә. Рахина 4.
- [79] Бұхари. Ижара 12.
- [80] Бұхари. Иман 22, Итқ 15; Мүслим. Әйман 40; Өбу Дәуіт. Әдеп 124; Тирмизи. Бирр 29; Ибн Мажә. Әдеп 10.
- [81] Бұхари. Жұма 11, Истикраз 20, Итқ 17, 19, Уәсая 9, Неке 81, 90, Ахкам 1; Мүслим. Имара 20; Тирмизи. Жиһад 27; Өбу Дәуіт. Имара 1.
- [82] Ибн Ашур. әт-Тахрир уәт-Тәнуир 1/595.
- [83] Бұхари. Әдеп 78; Мүслим. Фәдаилу-с сахаба 81.
- [84] Өбу Дәуіт. Әдеп 62.
- [85] Бұхари. Саләт 70; Нәсаи. әл-Мүжтәба. – Каир. 1930; Ибн Хажар. әл-Мәталиб 4/129, 11/250.
- [86] Ибн Мажә. Неке 50; Өбу Дәуіт. Жиһад 68.
- [87] Бұхари. Бәдғул-халқ 7, Неке 85; Мүслим. Неке 122.
- [88] Ж. Баласағұн. Құтадғу білік. Алматы. Жазушы, 1986ж
- [89] Ұ. Асыллов, Ж. Нұсқабайұлы. Әдептану. Мектеп баспасы, 2003. Б. 82.
- [90] Ислам және өнеге. Қ. Бағашар. Көкжиек баспасы. 2011. Б. 64.
- [91] Бұхари. Уәсая 23, Тыб 38, Худуд 44; Мүслим. Иман 145.
- [92] Ахмед ибн Ханбәл. Мүснәд 5/250, 265.
- [93] Мүслим. Луката 18; Өбу Дәуіт. Зекет 32.
- [94] Бұхари. Истизан 45; Мүслим. Сәлем 36; Өбу Дәуіт. Әдеп 24; Ибн Мажә. Әдеп 50.
- [95] Тирмизи. Бирр 64; Ибн Мажә. Жәнаиз 2.
- [96] М. Ф. Гүлен. Кәпірлер мен мұсылман еместерге қалай қарау керек сұрағына жауап.
- [97] Ибн Қайим әл-Жәзуия. Ахкәм-у Өһлиз-Зиммә 1/591-601.
- [98] Елмалылы Хамди Языр. Хак динн Куран дили 4363; Абдулазиз ибн Баз. Фәтауа Мұһиммә 1/30.
- [99] Бұхари. Мәзалим 22, Истизан 2; Мүслим. Либас 114.
- [100] Мүслим. Тахарат 100.
- [101] Бұхари. Азан 160, Өтғима 49; Мүслим. Мәсажид 68.
- [102] Мүслим. Тахарат 68; Өбу Дәуіт. Тахарат 14.
- [103] 1998 жылғы № 43 қарардың 5/5 бөлігі.
- [104] Имам Ғазали. Кимья-йы Саадет (Аударған А.Ф. Меян). 7-басылымы. – Стамбул. 1974. Мұндағы тақырып атаулары Имам Ғазали бірыңғайлаған жүйеге қарап құрастырылған.
- [105] Тирмизи. Сүнән 5/59, Шихаб, Мүснәд 1/56.
- [106] Бұхари. Иман 20; Истизан 9, 19; Мүслим. Иман 63.
- [107] Мүслим. Иман 93.
- [108] Туфәйіл қарынды кісі болғандықтан оны солай атайтын. Автор.
- [109] Мәлик. Муатта. Сәлем 6.
- [110] Ибн Ашур. әт-Тахрир уәт-Тәнуир 1/3076.
- [111] Бұхари. Әдеп 18; Мүслим. Фәзаил 56.
- [112] Бұхари. Азан 36, Зекет 16, Рикақ 24; Мүслим. Зекет 91.
- [113] Мүслим. Бирр 37.
- [114] Мүслим. Иман 93-94; Тирмизи. Өтғима 45.
- [115] Муатта. Шар 16.
- [116] Өбу Дәуіт. Әдеп 113; Тирмизи. Зухд 54.
- [117] Бұхари. Әдеп 57, 58, 62; Мүслим. Бирр 23, 24, 28, 30-32.
- [118] Бұхари. Әдеп 62, Истизан 9; Мүслим. Бирр 23, 25, 26.
- [119] Мүслим. Бирр 36, Өбу Дәуіт. Әдеп 47.
- [120] Өбу Дәуіт. Әдеп 47.
- [121] Өбу Дәуіт. Әдеп 47.
- [122] Ажлуни. Кәшфул-Хафа 2/253.
- [123] Бұхари. Әдеп 34, Зекет 10, Рикақ 49, 51, Тәухид 36; Мүслим. Зекет 66-70.

- [124] Бұхари. Өдеп 34, Жиһад 128; Мүслим. Зекет 56.
- [125] Мүслим. Бирр 144; Тирмизи. Өтғима 30, Бирр 45.
- [126] Ажлуни. Кәшфул Хафа 2/229.
- [127] Бұхари. Иман 4; Мүслим. Иман 64, 65; Өбу Дәуіт. Жиһад 2; Тирмизи. Қиямет 52; Нәсаи. Иман 8.
- [128] Абдуллаһ Парлыян. Риязус Салихин тәржімесі 457.
- [129] М.Ф. Гүлен. Кырык тести. 2005.
- [130] Бұхари. Сулх 11, Жиһад 72, 128; Мүслим. Зекет 56,
- [131] Бұхари. Сулх 2; Мүслим. Бирр 101.
- [132] Бұхари. Мәзалим 3; Мүслим. Бирр 58; Өбу Дәуіт. Өдеп 38.
- [133] Бұхари. Өдеп 60; Мүслим. Зухд 52.
- [134] Бұхари. Худуд 4-5; Өбу Дәуіт. Худуд 35.
- [135] Мүслим. Бирр 30.
- [136] Өбу Дәуіт. Өдеп 37.
- [137] Өбу Дәуіт. Өдеп 37.
- [138] Тирмизи. Сүнән 4/523; Бәйхаки. Сүнән 6/94.
- [139] Ибн Мажә. Талақ 25, Мұқаддима 13; Нәсаи. Талақ 33; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 6/46.
- [140] Жәссас. Ахкамул-Құран 5/165.
- [141] Мүслим. Бұхари.
- [142] Мүслим. Сахих 4/2074; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/252.
- [143] Табарани. Мүжәмул-Әусат 5/120, 6/156; Өбу Нуғайым. Хилие 3/203; Құдаи. Мүснәдул-Шихаб 1/147
- [144] Бұхари. Жәнаиз 2; Мүслим. Сәлем 4-6; Тирмизи. Өдеп 1; Ибн Мажә. Жәнаиз 1; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/332, 372, 412, 540.
- [145] Бұхари. Мәғази 83, Истизан 29.
- [146] Бұхари. Жәнаиз 2; Мүслим. Сәлем 4.
- [147] Мүслим. Бирр 43.
- [148] Бұхари. Жиһад 171, Өтғима 1, Неке 71.
- [149] Мүслим. Бирр 40-42.
- [150] Өбу Дәуіт. Жәнаиз 69.
- [151] Суат Йылдырым. Құран хәкімнің түсіндірмелі тәржімасы. «Әли Имран»/103 тәржімасы және түсіндірме.
- [152] Бұхари. Мәзалим 3; Мүслим. Бирр 58.
- [153] Мүслим. Бирр 32; Бұхари. Өдеп 57.
- [154] Бұхари. Өдеп 27; Мүслим. Бирр 66.
- [155] Бұхари. Өдеп 18, Тәухид 2; Мүслим. Фәзаил 66; Тирмизи. Бирр 16, Зухд 48.
- [156] Бұхари. Иман 7; Мүслим. Иман 71-72.
- [157] Тирмизи. 5/80; Ибн Мажә. 1/461; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд. 1/88, 2/321.
- [158] Бұхари. Саләт 88, Өдеп 36, Мәзалим 5; Мүслим. Бирр 65; Тирмизи. Бирр 18; Нәсаи. Зекет 67.
- [159] Бұхари. Өдеп 27; Мүслим. Бирр 66; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд. 4/270.
- [160] Мүслим. Бирр 32; Өбу Дәуіт. Өдеп (Бабу мән радда муслимән).
- [161] Бұхари. Саләт 66, Фиген 7; Мүслим. Бирр 120-121; Өбу Дәуіт. Жиһад 65; Нәсаи. Мешит 26; Ибн Мажә. Өдеп 51.
- [162] Бұхари. Ілім 28, Азан 62; Мүслим. Саләт 183-186.
- [163] Бұхари. Азан 61, 163.
- [164] Бұхари. Мәзалим 4, Икрах 6; Тирмизи. Фигән 68.
- [165] Мұхаммед ибн Абдиссалам. әл-Хукук фил-Ислам. -80 б.
- [166] М.Ф. Гүлен. Өлчу уәя йолдаки ышықлар. 117 б. – Стамбул: Нил баспасы. 2008.
- [167] «Қасас» сүресі, 76-81 аяттар
- [168] Мүслим. Иман 47.
- [169] Бұхари. Әйман 9, Өдеп 61, Жәннат 47; Тирмизи. Жәһаннам 13.
- [170] Бұхари. Либас 1, 2, 5; Мүслим. Либас 42-48.
- [171] Бұхари. Истизан 15; Мүслим. Сәлем 15; Өбу Дәуіт. Өдеп 136.
- [172] Бұхари. Өдеп 61.
- [173] Бұхари. Азан 44, Нәфақат 8, Өдеп 40.
- [174] Мүслим. Жұма 60.
- [175] Бұхари. Ижара 2, Әнбия 29, Өтима 50; Ибн Мажә. Тижарат 5.
- [176] Бұхари. Хибе 2, Неке 73; Мүслим. 104.
- [177] Мүслим. Имара 152.
- [178] Бұхари. Иман 36, Өдеп 44, Фиген 8; Мүслим. Иман 116.
- [179] Бұхари. Өдеп 44
- [180] Мүслим. Бирр 32; Өбу Дәуіт. Өдеп (Бабу мән радда муслимән).
- [181] Мүслим. Иман 47.
- [182] Ахмед ибн Ханбәл. Әл-Мүснәд 2/361.

- [183] Мұхаммед ибн Абдиссалам. Әл-Хуқуқ фил Ислам. -77, 109 б.
- [184] Тирмизи. Бирр 48.
- [185] Мұхаммед ибн Абдиссалам. Әл-Хуқуқ фил Ислам. Талибия: Дару Мәшарик. 2008. -107 б.
- [186] Мүслим. Сахих 1/10; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/539.
- [187] Тирмизи. Бирр 20
- [188] Бұхари. Мәғәзи 79; Мүслим. Тәубе 53.
- [189] Бұхари. Әдеп 49, 50; Мүслим. Иман 168, 169, 170.
- [190] Бұхари. Уду 55, 56. Жәнаиз 82. Әдеп 49.
- [191] Алуси. Рухул Мәғани 26/160.
- [192] Бұхари. Уәсая 8, Неке 45, Фәраиз 2, Әдеп 57, 58; Мүслим. Бирр 28.
- [193] Мүслим. Жәннат 64.
- [194] Мүслим. Бирр 139.
- [195] Ахмет Шахин. Заман газеті. 14 ақпан 2007 жыл.
- [196] Риязус-салихин.
- [197] Бұхари. Иман 24; Мүслим. Иман 107-108.
- [198] Мүслим. Иман 109.
- [199] Бұхари. Рикақ 35, Фиген 16; Мүслим. 230.
- [200] Абдуллаһ Парлыян. Риязус-Салихин тәржімесі. -83 б.
- [201] Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 3/135
- [202] Бұхари. Иман 24, Мәзалим 17, Жизия 17; Мүслим. Иман 106.
- [203] Бұхари. Жизия 22, Әдеп 99, Хиял 99; Мүслим. Жиһад 11, 17.
- [204] Мүслим. Жиһад 15-16.
- [205] Бұхари. Бүю 106, Ижара 10.
- [206] «Мәула» сөзі арабшада кісіні құлдықтан босатушы, қожайын, ие деген мағынаға да келеді. Автор
- [207] Бұхари. Фарзул-хумус 13.
- [208] Мұнауи. Фәйзул Қадир 3/386
- [209] Бұхари. Иғтиқәф 11, Бәдғұл-халқ 11, Ахкәм 21; Мүслим. Сәлем 23-25.
- [210] Хайсами. Мәжмәуиз-Зәуид 8/167.
- [211] Бұхари. Әдеп 125, 128; Бәдғұл халқ 11.
- [212] Бұхари. Әдеп 127; Мүслим. Зухд 53
- [213] Бұхари. Тыб 48; Мүслим. Иман 38.
- [214] Бұхари. Мәнакибул-әнсар 23; Мүслим. Иман 121, Жәнаиз 29.
- [215] Зәйлаи. Насбур-рая 2/175; Мүнәуи. Фәйзул-Қадир 3/390.
- [216] Бұхари. Уәсая 23, Худуд 44, Тыб 48; Мүслим. Иман 144; Әбу Дәуіт. Уәсая 10.
- [217] Бұхари. Тижарат 58; Нәсаи. Зекет 64.
- [218] Әбу Дәуіт. Бүю 3; Нәсаи. Бүю 2; Ибн Мажә. Тижарат 58; Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/494.
- [219] Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 1/395, 424.
- [220] Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 4/205.
- [221] Мұнауи. Фәйзул-Қадир 1/44.
- [222] Әбу-с Сууд. Иршаду-л Ақли-с Сәлим 1/202; Ибн Жәзуи. Заду-л Мәсир 1/330.
- [223] Мүслим. Иман 164; Тирмизи. Бүю 74; Әбу Дәуіт. Бүю 52; Ибн Мажә. Тижарат 36
- [224] Әбу Дәуіт. Бүю 7; Тирмизи. Бүю 64; Ибн Мажә. Тижарат 34; Нәсаи. Бүю 54; Дарими. Бүю 47.
- [225] Ибн Ғабидин. Раддул-Мұхтар 4/159.
- [226] Мүслим. Мұсақат 129; Әбу Дәуіт. Бүю 49; Тирмизи. Бүю 40.
- [227] Ахмед ибн Ханбәл. әл-Мүснәд 2/33.
- [228] Әбу Дәуіт. Бүю 47; Ибн Мажә. Тижарат 6.
- [229] Ибн Мажә. Тижарат 6.
- [230] Ибн Мажә. Тижарат 6.
- [231] Нәсаи. Тахрим 21.
- [232] Мүслим. Неке 49, Бүю 7, 8, 11.
- [233] Бұхари. Бүю 72, Ижара 11, 19.
- [234] Мүслим. Бүю 21.
- [235] Әбу Дәуіт. Бүю 1; Нәсаи. Әйман 22, 23, Бүю 4; Тирмизи. Бүю 4; Ибн Мажә. Тижарат 3.
- [236] Бұхари. Бүю 26; Мүслим. Мұсақат 131; Нәсаи. Бүю 5; Әбу Дәуіт. Бүю 6; Ибн Мажә. Тижарат 30.
- [237] Бұхари. Бүю 58, 70, 71, Шурут 8, 11; Мүслим. Неке 38, 39, 51, 52.
- [238] Бұхари. Бүю 58, 64, 71, Шурут 8, Неке 45; Мүслим. Неке 17, Бүю 45, 48; Тирмизи. Неке 38, Бүю 57.
- [239] Бұхари. Бүю 58, 64, 71, Шурут 8, Неке 45; Мүслим. Неке 17, Бүю 45, 48; Тирмизи. Неке 38, Бүю 57.
- [240] «Бақара» сүресі, 282-283 аяттар.
- [241] Бұхари. Әнбия 54; Мүслим. Сәлем 151,152, Бирр 133, 134.
- [242] Бұхари. Зәбайн 25; Мүслим. Сайд 58,60; Тирмизи. Сайд 9; Нәсаи. Дахая 41; Ибн Мажә. Зәбайн 10.

[243] Мүслим. Либас 107; Әбу Дәуіт. Либас 52.

[244] Әбу Дәуіт. Жиһад 112, Әдеп 164.

[245] Әбу Дәуіт. Әдеп 115.

[246] Тирмизи. Бирр уә сыла 16; Бәйхаки. әс-Сунәну күбра 9/41.

АЛА ЖІПТІ АТТАМА

(кісі ақысы жайында)

Диннің қоғамдағы бір қызметі – құндылықтарды жеткізуі. Дін тек қана Аллаһқа ғибадат ету мен мына дүниеде сауап жинау ғана емес. Диннің осы дүниелік пайдалары елдің кемел жарастығының сақталуы мен қоғамда әділеттің орнауы. Адамдар арасын жарастыру, байлардың көшейлерге қарайласуы, ата-анаға қарсы шықпау, басыңға бағыну дегендер соның көрінісі. Кісі ақысына қатысты Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің бір шоғырының өзі байыбына бара білген кісі үшін заң ғылымы мен мораль, пәлеана мен әлеуметтанудың том-том кітабына негіз боларлық құндылықтар.

Баласын «сәкімнің ала жібін аттама» деп тәрбиелеген адам қазақ қай уақытта болмасын кісі ақысына үлкен мән берген. Қабан жыраудан бастап Құтумаға дейін, Бұқар жыраудан бастап кешегі Мәшһүр Жүсіп, Әбубәкір Кердеріұлы, Дулат Бабағайұлы мен Шортанбай Қанайұлына дейінгі қазақтың маңдайына біткен даналардың сөзінен имандылық пен адамгершіліктің нұры саудай ағып тұрғанын байқайсыз. Бұл да кітаптың тақырып аясын аша түскендей.

